Өйткені, 1972 жылға дейін өндіріс болған жоқ. Басшының алдында тұрған негізгі міндет өндірістік қызметті ашуға мүмкіндік беретін, трансформаторлық қосалқы станция мен 8 корпусы іске қосу еді. Бастапқыда жаңадан ұйымдастырылған барлық қызметтер тобы мынадай болды: ОКС кадр бөлімі, бухгалтерия, өндірісті дайындау тобы. Ағымдағы жылдың басынан бастап Министрдің бұйрығымен зауыт үшін кадрлар дайындайтын болашақ техникалық училищенің №8 корпусының базасында негізгі қызмет ашылды. 1972 жылдың қаңтарында техникалық училищеге арналған №8 корпус салынып, тапсырылды. Жаңа мекеменің инженер-техникалық қызметкерлері мен жұмысшыларды қалыптастыру және оқыту мақсатында осы корпустың №5 техникалық училищесі 1972 жылғы 1 қаңтардан бастап КСРО Кеме жасау өнеркәсібі министрінің бұйрығы бойынша негізгі өндірістік қызмет ашылды. Одан жыл сайын 250 жас маман шығарылып тұрды [13, 68-70 п.]. Осылай ғимаратта жаңа зауыт кадрларын қалыптастыру және оқыту үшін негізгі өндірістік қызмет басталды.

1972 жылы «Омега» зауыты кеме аппаратурасының электр әлсіз дәлдікті аспаптар өндірісіне көмек көрсету және іс-тәжірбиені жалғастыру үшін, бас директор Кабачинский Львов Николаевич басқаратын ескі Кулаков атындағы Ленинград зауыты – кеме аспаптарын жасайтын мекеме бекітілді. 1972 жылдың қазанында «өте жақсы» бағамен қабылданған аспаптардың алғашқы партиясы жиналып, Ленинградқа жөнелтілді. Жаңа корпустар салынды және іске қосылды. Өндірістік алаңдардың өсуі өз цехтары үшін негізгі өнімдерді шығарудың біршама көбеюіне, стандартты емес жабдықтың дайындалуының, жарақтардың көбеюіне мүмкіндік берді, сондай-ақ баспа монтаждау платасын және күрделірек радиоэлектрониканы, бірінғайланған аспаптардың шкафтарын өндіруге кірісуге мүмкіндік жасады. Кулаков атындағы уақытқа әлсіздәлдікті аппаратура дайындау технологиясы және тәсілдерінің ерекшеліктерімен танысу үшін инженерлік-техникалық мамандар мен негізгі кәсіптердің жұмысшылары топ-тобымен іссапарға жіберіліп отырды. Зауытта құйма өндірісі болмауына байланысты алюминий құймасының дайындамасын Кулаков атындағы зауыт жеткізіп тұрды [11.].

Көп кешікпей Орал қаласында жоғары дәлдікті аппаратураның технологиясының ерекшеліктерімен және оларды дайындау тәсілдермен танысу үшін инженерлер мен жұмысшылардың топтары жасақталып, Ленинградқа жіберілді. Орал зауытында жұмысшыларды әртүрлі технологиялық үдерістерді игеруге әзірлеумен қатар кеме жабдығының алғашқы партиясы жинақтап, Куликов атындағы зауытқа сараптамаға жөнелті. 1972 жылдың 24 қазаны күні оралдық әріптестерге жабдықтың аспаптарын алғашқы рет шығару сәтімен құттықтаған ленинградтықтардан жедел хат келіп жетті. Онда жас зауыт ұжымының қысқа мерзімде әртүрлі технологиялық үдерістерді меңгерген мамандар дайындап, олардың көмегімен жаңа аспаптардың алғашқы партиясы әзірленгені ерекше атап көрсетілді [15.]. Сол кезден бастап омегалықтар 24 қазанды зауыттың тууының ресми күні деп санап келеді.

Ал 1973 жыл – бұл кеңес халқының КОКП XXIV съезі шешімдерін жанқиярлық еңбекпен өмірге енгізу жылы, ол шындығында жұмыс бесжылдығындағы ерең еңбектің үлгілерін көрсеткен жыл сияқты, жұмысшы табының, колхоз шаруашылығының, халық зиялы қауымының ерен еңбектің жетістіктерін көрсеткен жыл. Сондай-ақ зауыт КОКП XXIV съезінде қабылданған «Бейбітшілік бағдарламасын» өмірге ендірген жыл сияқты тоғызыншы бесжылдықтың жылнамасына кірді. Бұл кезде өнеркәсіп қызметкерлері жоғарғы көрсеткіштерге қол жеткізді, он айлық жоспарларды барлық министрліктер мен одақтық республикалар орындап шықты. 6 миллиард сомға қосымша жоспардан тыс өнім шығарылды. Өнеркәсіптік өндіріс өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда жылдың 5,8%-дың орнына 7,4%-ға дейін өсті. Осы уақытта 100-ден астам комсомол жұмыс істеді. Комсомол ұйымында 3 бастауыш цехтың ұйым және 5 комсомол тобы болды. Зауыт комсомол ұйымының хатшысы болып жас коммунист Бочков Юрий Николаевич сайланды. Комсомол комитетіне ең үздік жас жұмысшылар,

инженерлер, техниктер кірді. Комсомол комитетіне комсомолдар мен жастарды 9-шы бесшылдықтың жоспарларын орындау бойынша екпінді еңбек ұйымдастыру міндеті қойылды [13, 88-90 п.].

1973 жылдың 10 айы ішінде зауыт тапсырыс беруші Кулаков атындағы зауытқа дайындап, 4000 телефон және 471 дана субплат тиіп жіберді. Тапсырылған өнімдер жөнінде наразылық болған жоқ яғни өнімдер техникалық құжаттама мен шарттарға сәйкес дайындалды. Тапсырыс берушінің өнімдердің сапасы бойынша сын-пікірі жағымды. Зауыт ұжымы 1973 жылдың басынан бастап техникалық бақылау бөлімі арқылы ақаусыз жүйе бойынша жұмыс істеуге көшуге әзірленді, сондықтан тапсырыс беруші үшін барлық қызметтердің жұмысын ұйымдастыруды жақсарту бойынша іс-шаралар кешенін, өндірістің жалпы техникалық мәдениетін сақтай отырып орындады. Жүйелі түрде өткізілген жұмыстардың нәтижесінде зауыт бойынша ақаулы өнім 1973 жылы 1972 жылмен салыстырғанда, әжептәуір төмендеді: 1972 жылы - 0,5% жалпы шығарым болса, 1973 жылы - 0,05% өзгерді [13, 92-95 п.].

1972-1973 жылдары жаңа техниканы өндіру жөнінде бірқатар шаралар жүзеге асырылды. Олардың ішінде мынадай маңызды шаралар болды: радиоэлементтердің шығатын жерлерін құрастыру үшін қондырғы өндіру, полихлорвинил түтіктерді кесу және таңбалау үшін автомат енгізу, планкаларға сандарды тығыздау үшін автомат енгізу. Сондай-ақ учаскелерге өнімділігі жоғары жабдықты енгізу бойынша бірқатар іс-шаралар да аяқталды. Бұндай шараларға мыналар жатады: бояу және кептіру үшін әрлеу учаскесін үдемелі жабдықты енгізе отырып ұйымдастыру, ағаш ұстасы учаскесін ұйымдастыру, телефон аппаратурасын құрастыру және монтаждау учаскесін ұйымдастыру.

Барлық шараларды енгізудің нәтижесінде 1973 жылы экономикалық тиімділік еңбек шығындарын 22 адамға қысқартқан кезде 25,71 мың сомды құрады. Рационализаторлардың саны өсіп, 1972 жылы 50 рационализаторлық ұсыныс берілді. Соның 20 ұсынысы енгізіліп, экономикалық тиімділік 3176 сомды құрады. Ал 1973 жылдың 3 тоқсанында 70 рационализаторлық ұсыныс беріліп, соның 29-ы енгізілді, ал экономикалық тиімділік 5500 сомды құрады. КОКП XXIV съезінің шешімдерін өмірге енгізе отырып біздің зауыттың ұжымы және бас мердігер партия ұйымының басшылығымен күрделі қаржыны игеру бойынша біршама жұмыс атқарды [13, 97-99 п.].

1973 жыл зауыт үшін шешуші жыл болып табылды, өйткені осы жылы жалпы ауданы 22,5 мың шаршы метр №2 корпус, екі сорғы стансасы бар, ұзақтығы 6153 метр канализациялық коллектор, жылу трассасының, су құбыры мен канализацияның алаң ішілік желілері, №11 корпус пайдалануға беріледі.

Есепті кезеңде зауытқа 618 адам жұмысқа қабылданып, 167 адам жұмыстан босатылды, соның ішінде: өз тілегі бойынша шыққаны 117 адам. Сондай-ақ есепті мерзімді зауыт басшылығы 39 адамды лауазымы бойынша жоғарылатты, соның ішінде: инженерлер, аға инженерлер лауазымдарына – 10 адам. Жұмысшылардың ішінен арнайы білімдері бар 14 адам инженерлік-техникалық лауазымдарға тағайындалды. Зауыттың қызметкерлері ішінен 3 адам еңбеккерлердің қалалық кеңес депутаттығына ұсынылып, сайланды, олар: Темиргалиев С.К., Толстук А.П., Валиева Н.А., марксизм-ленинизмнің негізін салушылар есепті кезеңде 114 адам жұмысшы кәсіптерін алып жатыр, 118 жұмысшы өз кәсібін жоғарлатты, ал 17 ИТК. Біліктілікті арттыру институтында біліктілігін арттырды. Соның ішінде 5 адам техникумды, 4 адам жоғарғы оқу орнын бітірді. Кешкі мектептерде 33 адам, техникумдарды 30 адам, жоғарғы оқу орындарында 22 адам оқып жатыр. Зауыт атынан АКИ-да 1 адам оқиды, ал 1 адам СПИ-дің күндізгі дайындау бөлімшесіне оқуға жіберілді. КОКП-ның барлық мүшелері және оған үміткелер Марксизм-ленинизм негіздері мектептерінде оқытылды. Көктемде Марксизм-ленинизм университетін 6 адам бітірді. Қазір 14 адам оқытылып жатыр. КОКП мүшелері мен оған үміткер 20 адамды қамтитын Марксизм-ленинизм мектебі бар, ал 153 адамды бар 7 топ экономикалық оқумен айналысты [13, 101-104 п.].

Осы жылы 1973 жылы «Омега» зауыты КСРО Кеме өнеркәсібі министрлігінің «Гранит» Ленинград ғылыми-өндірістік бірлестігінің құрамына кірді, сол уақытта жаңа өнім болып саналатын, баспа монтаждау платасын игеріп, арнайы өнімді көптеп шығаратын зауыт болып енді [16, 74-п.].

Зауыттың көптеген жылдар бойы қорғаныс өнеркәсібі үшін арнайы бұйымдар шығару кезінде жинақталған үлкен іс-тәжірбиесі кәсіпорын азаматтық өнім шығаруға алғаш қадам басқан күннен бастап оларды пайдалануға сенімді етіп шығаруға, оған кепілді және сервисті қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Кәсіпорын оңалту рәсімінен өтті. Ондаған миллион теңге болған жалақы бойынша борыштар өтелді, борыштар республикалық және жергілікті бюджетке төленді. Алайда, оңталудан кейінгі кезең «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының жетілмегендігінен шарттары жүзеге асыру қиындықтарына байланысты айналым қаржыларының тапшылығымен ұштасты. Соған қарамастан, зауыттықтар дамуға құлаш сермеді. Әлеуметтік саламен айналысты: медициналық пункт ашылды, буфеттің жұмысы қалпына келтірілді. Денсаулықтың қайтып оралуының белгісі-ашыққаныңды сезу. Зауыт жас мамандар тапшылығын бастан кешірді: инженер-технологтарға, конструкторларға, білікті жұмысшыларға «Омега»- тағдырдың соқырларға төтеп біліп, аз көлемдерде болса да өнім шығаруда жалғастырған аздығын Қазақстан Қорғаныс кәсіпорындарының бірі.

«Омега» зауыты өзінің заманауи тарихын Тәуелсіз Қазақстанмен бірге жазады және өңдейтін және қорғаныс өнеркәсібінің дамуына, сондай-ақ мемлекеттің күшейтілген индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын орындауға мүмкіндік бере отырып ел экономикасына өз үлесін қосып келеді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Гурьева Г. Летит столетье гад Уралом. – Уральск. - 2015. - 196 с.
2. ЦНИИ Гранит в событиях и датах 75 лет Санк-Петербург. - 1996. - 210 с.
3. Байпаков К, Ерофеева И, Иночкин В, Крибокова С, Сдыков М. Уральск: древний и современный очерки истории. - Уральск. - 520 с.
4. Рысбеков Т.З. Этюды истории родного края. - Уральск. - 2007.- 230 с.
5. Рысбеков Т.З. Тариғи тұлғалар: уақыт және өмір жолдары. - Алматы. - 2014. - 630 б.
6. Тикешова Н.Е. Зарождение и развитие завода «Зенит»: история, опыт, уроки (1941-2011гг). – диссертация на соискание ученой степени магистра истории. – Уральск - 2015.
7. Рябинина А. Гороздо труднее выдержать штиль // Приуралье.-2006.-19 сентября.
8. Рябинина А. Как завод «Омега» остался на плаву в океане рыночных реформ // Приуралье. - 2006. – 19 сентября.
9. Шүйіншәлиева М . Тұсаулы Омега // Орал өңірі. - 2002. - 26 қараша.
10. «Омега» зауыты мұрағаты. Историческая справка по приборостроительному заводу «Омега». Аңықтама №1.
11. Омега зауыты мұрағаты. История развития завода. Справочник №2.
12. Камышев П. Эффективность прогрессивных форм завода «Омега» // Приуралье. – 1981. – 3 февраля.
13. Батыс Қазақстан Орталық Мемлекеттік мұрағаты. - 368 қор. – 1 - тізім. – 3 - іс.
14. Кизилев Е. Штрих к истории завода «Омега» // Пульс города. - 2005. - 8 декабря.

15. Горбатова Т. Крепнет трудовой навал: соцсоревнование на приборостроительном заводе «Омега» // Приуралье. – 1982. - 24 февраля.

16. Варфоломеев С. Ключ к успеху завод «Омега» // Приуралье. - 1981. - 4 марта.

УДК39(574)

## ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ИСЛАМ ДІНІНІҢ КӨРІНІСТЕРІ

ЖИНАЛИЕВ Ғ.Т.

*М. Өтемісов атындағы БҚУ магистранты, Орал*

Қазақтың ағартушы – ұстаздарының барлығы да мұсылмандық білімді халық арасында үздіксіз, жүйелі, нәтижелі жүргізіп отыру жолында енбек етті. Ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин «Мұсылманшылық тұтқасы» («Шариат – ул – Ислам») деген арнаулы кітап жазып, халықтың қасиетті дінімізден қол үзбей имандылық мінез – құлық жағдайында өмір сүруге шақырады[1].

Бұл туралы айтқанда, түркітанушы, абайтанушы, ғалым М.Мырзахметов: «Абайдың балалық шағында Семейде оқыған Ахмет Риза медресесі жабық оқу орнына жуық. Тәртібі де қатал әрі дәрістің барысында сопылық сарын күшті болатын –ды. Орта Азия, Кавказ, Еділ бойы, Қазақстан жеріндегі медреселерде Ислам дінінің негіздері басым оқытылғанмен, ол оқу орындарында сопылық поэзияның классиктерін де молынан үйретілетін. Ал, Қожа Ахмет Иассауи, Сопы Аллаяр, Сүлеймен Бақырғани т.б. сопылық сарындағы шығармалары түрік тілінде басымдық оқылатын. Ахмет Риза медресесі ден осы қалыпты сақтайтын»[2], - деп жазады.

Осы медреседен тәлім алған ұлы Абай сопылық сарындағы өлең жолдарын жазғаны ғажап емес, Абай атамыздан тәлім алған Шәкәрім Құдайбердіұлы да сопылық поэзияға құмар болып, осы бағыттағы шығармалар жазғаны мәлім.

Қазақ даласына кеңінен тараған ағартушылық – сопылық ағым өкілдеріне қатысты: «Ғайып Ерең қырық шілтен», «Баба Түкті Шашты Әзіз», «Сайрамда бар сансыз бап, Түркістанда түмен бап, баптың бабын сұрасаң, бәріне ұстаз Арстан баб», - деп айтылуда табиғи байланыс бар. Арыстан бап шығармаларын түркі тілінде жазу дәстүрін бастаған ұлы ойшыл – ақын, Қожа Ахмет Иассауиды тәрбиелеген ұстазы. Ал, Қожа Ахмет Иассауи, Сүлеймен Бақырғани, Сопы Аллаяр, Ахмет Иүгінеки т.б. – бәрі де Аллаһтың ақ жолына шақырушылар қазіргі тілмен айтқанда, оқу – ағарту жұмыстарын белсенді жүргізген ойшыл – ақындар[1].

Бұл ойшылдардың шығармалары жаңа әдістегі жәдидшілдік бағытындағы медреселерде де кеңінен оқытылды. 1906 жылы ашылған Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесі қазақ балаларының оқитын орындарының біріне айналды. Бұл медреседен қазақтың алдыңғы қатарлы зиялылары: Ж.Тілепбергенов, М.Жұмабаев, Б.Майлин, Т.Жомартбаев, Б.Серкебаев, барлығы 50-ден астам азаматтар білім алған. «Ғалия» медресесінде оқыған қазақ зиялылары жиі – жиі бас қосып, мұқтаж шәкірттерге көмек көрсету, ағарту мәселелері жөнінде ақылдасып отырған[3].

Батыс Қазақстан өңірінде дүниеге келген Бөкей, Жәңгір ханның ұрпағы Шәңгерей Бөкейұлы да, Хан Ордасындағы медресені аяқтап, Астрахань қаласындағы реальді училищесінде, әрі қарай Орынбордағы кадет корпусында оқып, Самар губерниясында сот болып істеп, қоғамдағы биліктің қиянатын көріп, бұндай жамандықтың куәсі болғысы келмей, еліне қайтады.

Еліне келіп, ағаштан үйлер тұрғызып, мектеп, мешіт – медресе салғызып, балаларды оқытады. Қазақ тарихында көркем – кестелі өлеңдермен бірге көптеген

мақалалар жазады. Ғұмар Қараш Шәнгерей Бөкеев мектебінде мұғалім болып қызмет етеді.

Шәнгерей ақын:

Жалғаншы жарық дүние,  
Бізден де бір күн қаларсың.  
Піл сауырлы қара жер,  
Қойныңды ашып қол жайып,  
Құшағыңа аларсың![4]

Деген, терең ой, философиялық – сопылық сарындағы олең жолдарын жазып кеткен болатын.

Шәнгерей Бөкейұлының мектебінде мұғалім болып қызмет атқарған Ғұмар Қараш ақын да, ауыл молдасынан білім алып, кейін Жалпақталдағы Ғ.Ғаликейұлы ұстаған медреседе оқиды, Теленшісайда жәдидше бала оқытады. Сол шамада Шәнгерей Бөкейұлының шақыруымен Көлборсыға мұғалім болып келеді. Кейбір деректерде Ғұмар Қараш Уфа қаласындағы жоғары діни білім беретін медреседе оқып, одан кейін Ыстамбұлда оқып, білім алған деп айтылуда[4].

Ақын өлең – толғауларында, көсемсөздері мен мақалаларында заман, өмір, дін – шариғат, табиғат, махаббат, тағы басқа мәселелер туралы толғанады, патша үкіметінің отарлаушылық саясатын, жергілікті әкімдердің екіжүзділігін сынап, халыққа адал қызмет етуге үндейді. Өз тілі мен мәдениетін сақтай отырып, ғылым, білімге ұмтылуды, мәдениетті елдерден үлгі алуды насихаттап халқын алға ұмтылуға шақырған[5].

Қазақ даласының көрнекті ақындарының бірі – Әбубәкір Кердері де ауыл молдасынан білім алып, Орынбор, Троицкіде оқып, медресе бітірген, әдеби де, діни де сауаты мол ақын. Өз заманының оқыған – тоқығаны мол ұлағатты азамат ретінде Батыс Қазақстан қалалары маңындағы қазақ ауылдарында ұстаздық етіп, бала оқытып, молдалық құрған. Сол замандағы сопылық бағытын жақтап:

Сопылық жолы ауыр жол,  
Ұстай білсең тәуір жол.  
Сопылықты ұстасаң,  
Оқыған көп ғалым бол[6].

Деп айтып кеткен Әбубәкір Кердері ағамыз, сопылықтың қыр – сырын терең білген азамат ретінде танылып, философиялық терең ой қозғап, сопылықтың жолы қазіргі біздің тануымыздағы сопылық бағыт емесі анық.

Діни әдебиеттің көрнекті тұлғаларының бірі – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қазақтың бетке ұстар ұлы ақыны – әкесі Көпей «Балаға мал жолдас болмас, ғылым жолдас», - деп, ұлын Баянауыл медресесіне оқытып, одан әрі Бұһарадағы «Көкілташ» медресесіне оқытады.

«Көкілташ» - тарихи жәдігер ретінде маңайына шырай берген ғимараттардың бірі. Қазақ даласының небір дүлдүлдері мен әулие – әмбиелеріне білім берген ғылым ошағы. Бұл медреседен Бұқар Жырау бабамыз білім алғандығы, басқа да көп саңлақ ділмарларымыздың бас сұққаны ел жадында өшпестей сақталған. Бұған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының: «Көкілташқа сытқамыт қылған адам не бай болып, не әулие болып, не молда болып шығады, құр алақан шықпайды», - деген сөзі дәлел[7].

Орта Азия мен Қазақстан аумағындағы оқу – орындарының басым көпшілігі дерлік Ислам дінінің Ханафи мазһабінің сопылық бағытындағы мектеп – медреселер болғаны тарихтан белгілі. Осымен оқудың бірінші сатысы, қазіргі тілмен айтқанда, бастауыш мектеп – ауылдық жерде, ауыл молдасынан хат танудан басталатын. Яғни, әр ауылда бала оқытатын, діни жоралғы, әдеп – ғұрыптарды атқаратын ауыл молдасы болған. Ауыл молдасынан хат таныған балалар ішінен ең зерегі, ең жақсы оқыған балалары іріктеліп, арнайы волость, уезд т.б. ірілеу ауыл – қалаларда орналасқан орта оқу орындар медреселерге жіберілетін. Медресе бітіргендер түрлі мекемелерде сот,

писарь т.б. қызметтер атқара алатын. Ал медреселерді зерек болып бітіргендер әрі қарай Орынбор, Уфа, Ташкент, Самаркан, Бухара т.б. ірі қалалардағы жоғары сатыдағы медреселерге аттанатын. Сол оқу орындарын бітіргеннен кейін көбі, қазақ ұлыстарының әртүрлі аймақтарында оқу – ағарту жұмыстарын белсеңді түрде жүргізе білді.

Профессор Т.Тебегеннің айтуы бойынша: «Ірі медреселік оқуды бітіргеннен кейін бұндай оқымыстылар халық арасында «ахун» («ахунд») атымен танымал болған. «Ахунд» парсының «оқыған, білімді, құрметті, ақылғой адам», - деген мағына беретін сөзі. Түрік халықтарының халық әдебиеті мұраларын зерттеген ғалымдар: Л.Будагов, В.Радлов, А.Самойлович, К.Юдахин, Н.Смирнова, Е.Исмайлов осы сөздің қазақтағы «ақын» атауының қалыптасуына қатыстылығын айтады... ..Ал, оның қазақтағы «ақын» сөзімен қабысатын тағы бір себебі – сол оқымыстылардың

дені өлең жазатын қабілетті, дарыны бар кісілер болғандықтарынан екендігі белгілі[1].

Сонымен, 19 ғасырдың аяқ шеңінде 20 ғасырдың басында қазақ ақындарының басым көпшілігі Бухара, Самарқан, Ташкент, Түркістан, Казан, Уфа т.б. ірі қалаларда арнайы оқып, діни білім алған адамдар қатарынан болғаны мәлім болып отыр. Сол медреселерде сопылық поэзияның өкілдері болып табылатын: Физули, Шамси, Науаи, Хожа Хафиз, Хожа Аллаяр, Қожа Ахмет Иассауи т.б. ақын ойшылдардың туындылары молынан оқытылатын болғандықтан, сол ақындарға еліктеп, дарынды шәкірттер өздерінің өлең жолдарын жазғандығы заңды құбылыс.

#### **Пайдаланылған әдебиет**

1. Тебеген Т. к.ф.н. «Ахундар – Алаштың ағартушылары». Ислам әлемі журналы, №2. 1997 ж.

2. Тебегенова Э. к.и.н. «Мұхтар Әуезов және Ислам мәдениеті» мақаласы. Ислам әлемі журналы № 2., 1998 ж.

3. Әпенев Б. ф.ғ.к. «Қазақ еліндегі ислам білім беру институтының эволюциясы». Халықаралық ғылыми – танымдық тарихи журнал №12. Қазақстан тарихы Веб порталы.

4. Елікбаев С.Т. ф.ғ.к. Павлодар мемлекеттік педагогика институты оқытушыларының жалпы редакторлығымен «Оқушы анықтамасы» қазақ әдебиеті 5 – 11 сыныптар. «Арман – ПВ» баспасы, 2005 ж. -320 б.

5. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, 3-ші том.

6. Қыдырәлі Д. т.ғ.к. «Сопылық және оның қайнар көздері» мақаласы «Қазақ әдебиеті» газеті. № 5 (2905). 04.02.2005 ж.

7. Мұқым Қ. «Көкілташ медресесін салдырған қазақ кім?» мақаласы. abai.kz. Ақпараттық – танымдық порталы.

## ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ НЕКЕ САЛТЫНЫҢ ИСЛАМ ДІНІМЕН АРА – ҚАТЫНАСЫ

ЖИНАЛИЕВ Ғ.Т.

*М. Өтемісов атындағы БҚУ магистранты, Орал*

Бұрыннан келе жатқан қазақтың дәстүрлі той өткізу салты ислам дінімен тығыз байланысты. Оның бірден – бір себебі, екі жас қосылып жаңа отау құрған бойда, міндетті түрде неке қиылатыны хақ. Белгілі исламтанушы Халифа Алтай: «Мәдени үделесу түріндегі неке, бір тарапынан алғанда да ғибадат болып табылады», - деп айтып кеткен болатын. Себебі Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Некелену менің сүннетім. Кімде – кім сүннетімді орындамаса менен емес. Мен сендердің басқа үмметтерден көп болуларыңды қалаймын және көбеюлеріңнен қуанамын», - деп [1] үйлену яғни некеге тұру ислам дінінің міндетті шарты деп үзілді – кесілді нақты айтып тұр.

Көрші Орта Азия елдерінен келген респонденттердің айтуы бойынша: ол елдерде мешітке имамды сайлайды екен. Имамдыққа үміткер, діни білімін растайтын құжаттарымен қатар, өзінің жұмыс жоспары мен бағдарламасын ұсынады. Екі адам тең дауыс жинаған жағдайда, арасынан үйленгенін яғни ақыл тоқтатқанын тағайындайды.

Ал, шариғи үкімдер әрқашан да Пайғамбарымыздың сөздеріне жүгінетіні мәлім. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) болса, бір хадисінде: «Бұзақыларың бойдақтарың», - десе, тағы да бір хадисінде: «Күнәдан пәк болып, Алла Тағалаға қауышуды қалаған үйленсін», - деп көрсетеді [1].

Қазіргі күнде «діндарлардың» талқыға көп салып жүрген той рәсімдердің бірі – «отқа май тамызу». Бұл рәсім ауылдық жерлерде қазіргі күндерде де кездесіп тұрады, одан бұрын да респонденттердің мәліметтері бойынша: «Кеңес одағы кезінде, әсіресе ауылдық жерлерде жаңа түскен келін отқа май тамызатын», - деп айтуда. Зерттеу кезінде бірнеше рет бұл салт орындалғандығының күәгері болдық (Ж.Г. 2000-шы жылдар). «Отқа май тамызу» ертеден келе жатқан ғұрып, зороастризм заманынан (тіпті одан бұрын) қалыптасқан дәстүр болуы мүмкін. Бірақ қазақ даласына келген ислам діні оған қарсы ешқандай үкім шығарған емес. Отқа май тамызған келін, отқа табыну емес, шаңыраққа құрмет ретінде: «Отым өшпесін» немесе «Жанып тұрған шырағым сөнбесін», - деген ниетпен орындаған дәстүр.

Басқа сөзбен айтқанда, келін келіп: «шаңырақтың отын жандандырды», - деген мағынамен осы ырымды орындаған. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Мен жаман ырымға сенбеймін, бірақ жақсы ырым маған ұнайды», - деп айтқан[2]. Ал, жоғарыда келтірілген салттың мазмұнына қарағанда, бұл жақсы ырым екені көрініп тұр. Осы салт орындалғанда, жаңа түскен келін: қолын отқа жылытып, бисмилляһ, деп бетін алақанымен сипайды», - осы жердегі көрініс, бақсылық сарындағы дәстүр исламданғаны. Осы жерде айта кететін жәйт, респондент әжей: үйленбеген соңғы інісінің жаназасында: «әкеміздің шаңырағының оты сөнді», - деп күрсініп айтқаны, жоғарыдағы келін орындаған дәстүрдің – «шаңырақтың отын жандандыруға келдім», - деген әрекет екенін қазіргі күндегі ханафи мазһабының дінтанушы ғалымдарымыз түсіндіруде.

Осы, той өткізу салтында, қазақта көнеден келе жатқан дәстүрлеріміздің бірі: «Келіннің иіліп сәлем беру» рәсімі бар. Бұл дәстүр де, соңғы күндері көп талқыға түсіп жүр. Яғни, келіннің иіліп сәлем етуі – харам, деген пікір пайда болды. Алайда, осы көнеден келе жатқан ғұрыпқа шариғи тұрғысынан ешқандай қарсылық болған емес. Ал белгілі дінтанушы Қайрат Жолдыбай өзінің кітабында, Мысыр елінің бұрынғы мүфтиі Атия Сақырдың «Сахнада өнер адамына тыңдаушылардың қошеметіне алғыс ретінде

иілуіне бола ма?» деген сұраққа 1997 жылы мамыр айында берген пәтуасынан үзінді келтіреді: «...Кейде үкімдер ниетке қарай бағаланады. Сондықтан халыққа деген алғысын білдіріп, кішіпейілділік ниетімен иіліп сәлем берудің еш оқасы жоқ...» Мысыр елінің бұрынғы мүфтиі Атия Сақырдың жоғарыда келтірген пәтуасын негізге ала отырып, келіндердің үлкендерге инабаттылық әрі құрмет көрсету мақсатында иіліп сәлем берулерінің еш ағаттығы жоқ деген үкімді анықтауға болады [3].

Ал, дінтанушы Айнур Абдрасилқызы: «...национальные традиции и ценности это то, что сформировало общество в рамках своего духовного – религиозного познания, то что прошло испытания веками и сохранило свою ценность и жизнеспособность. Поэтому ни одно из дошедших до сегодняшнего дня традиционных ценностей казахского народа не противоречит исламскому шариату», - деп айтуда [4].

Яғни, Қ.А.Яссауи бабамыздан бастап мұсылман дініне ден қойған қазақ халқында ислам дініне қайшы келетін салт – дәстүрлер жойылып, немесе, шариғат негіздеріне бейімделіп, жаңа, шариғи міндеттермен толықтай түскені байқалады.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Г.В.Кан: «Ахмеду Ясави и его последователям удалось соединить религиозную идеологию ислама с массовым сознанием тюркских народов с их тенгрианско – шаманистскими представлениями. Проповедуемые ими идеи справедливости, нравственного очищения и совершенствование человека нашли отклик в душе тюркского народа», - деп, [5] сол заманғы түрік халқының әдеп – ғұрыштары ислам дінімен біте қайнасып, бері келе толықтай исламданып, кеткенін айтуда. Сол заманнан бастап бүгінгі күндерге дейін, ешбір ханафи мазһабындағы ислам ғұламасы, бұл дұрыс емес, деген сөз айтпаған.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Халифа Алтай. «Хұтпалар. Діни уағыз, насихаттар». (ҚМДБ сараптау комиссиясы мақұлдаған). Алматы. «Халифа Алтай Халықаралық Ислам қайырымдылық қоры». 2001 ж. – 192 б.
2. Мухиад-дин ан-Набаби. «Мың бір хадис». Аудармашы: Сахабат С. Шымкент. «Жібек жолы» баспасы. 2000 ж.
3. Жолдыбай Қ. «Дін мен діл». (ҚМДБ сараптау комиссиясы мақұлдаған). Алматы. Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры. 2010 ж. -288 б.
4. Абдирасилқызы А., Адильбаев А., Исахан М. «Двадцать вопросов и ответов на актуальные темы в сфере религии». г. Нур-Султан, ул. Орынбор, 8. Здание Дома Министерств. 15 подъезд.
5. Кан Г.В. д.и.н. «История Казахстана» учебное пособие. Алматы. «Аркаим». 2002 г. -222с.

**УДК 94(574.1)**

### **ОРАЛ ҚАЛАСЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ДАМУЫ.**

**Хайруллина Г.С., Сдыков М.Н.**

*М. Өтемісов атындағы БҚУ магистранты, Орал*

*Тарих ғылымдарының докторы,*

*М.Өтемісов атындағы БҚУ профессоры, Орал*

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар ол тәуелсіз Қазақстан.Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса,

қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып-көркеюі жолында жан терінді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзін екенінді ұмытпа!

Көптеген елдерді араладым. Табиғаты ғажайып талай өлкенің сұлулығына көз құмарымды суардым. Бірақ, бәрі де өзім туып-өскен қазағымның жеріне, Алатаудың бір бөктеріне жасбастай жығылған үш қоңыр төбеге жетпеді. Балалығымның, сағынышымның алтын қазығы сонда екен»... деген сөздері бар. Менің туып өскен жерім Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы. Сол Орал қаласының пайда болуы мен дамуы туралы кішкене сыр шертсек.

Қазіргі Орал қаласы- Батыс Қазақстан облысының әкімшілік орталығы. Бұл ежелгі ғасырлар қойнауынан бастау алған белгілі тарихы бар, мәдениеті бай, Қазақстандағы көне әрі көркем қалалардың бірі. Бұрыннан үлкен өзеннің жағалауына орналасып, халық әр түрлі кезеңдерде Яик, Орал және Жайық деп атаған қала, мұнан былай тек өлкенің ғана емес, барша Қазақстанның дамуына ықпал жасаған көптеген саяси және тарихи оқиғалардың эпицентрінде болды.

Орал қаласының пайда болу тарихы әр кезде де көптеген зерттеушілерді, этнографтардың, этнологтардың, тарихшылардың, археологтардың, осы өңір тұрғындарының назарын аударды. Оның ресми туған жылы болып 1613 жыл болып есептеледі. Михаил патшаның Орал казактарын қол астына алуы туралы жарлығын қабылдаған 1613 жыл олардың Ресейге қызмет етуінің бастамасы болды

Сонымен бірге тарихи дәлел ретінде қаланың өртенгеннен кейінгі орналасуы көрсетілетін энциклопедиялық материалдарда оның пайда болуының басқа да уақытын кездестіруге болады. Ол 1598 жыл. Бірақ осыған ұқсас мағлұматтар тарихи дәлел болып саналмайды және дәстүрлі аталып өтілетін қала мерейтойлары орталықтың пайда болуының тек қана бір болжамдарына сүйеніп жүр. Орал қаласының пайда болу тарихына байланысты ғылыми проблема әлі күнге күн тәртібінен түскен жоқ.

Орал қаласының айналасымен облыста профессор Г.А.Кушаевтың басшылығымен зерттеулер жүргізілді. Проф. Г.А. Кушаев қаланың шығу тарихын XIII-XIV ғасырларға жатқызу қажеттілігі туралы біренеше рет баянадама жасады. Г.А. Кушаев өзінің мақалаларында Орал қаласы бұрынғы Саксин қаласымен ұқсас келеді.[1]

Біренеше мың жыл бұрын Орал қаласының орнына скиф, ғұн, авар, печенег және қыпшақ тайпаларының мекен тұрақтары болған. Қала маңында ерте заман ескерткіші бұрынғы тайпалардың көсемдері мен жауынгерлері жерленген шағын қалалар мен қорғандар қазір де кездеседі.

Орал қаласы аумағында әлі күнге дейін «Курень» (моңғолша қос, елді мекен), «Баскачина росташь» (Басқақ көпірі), «Ханская роца» (Хан тоғайы), т.б. топанимдердің сақталуы бұл жерде қарақшы, қашқын топ (кейін «Жайық қазақтары» аталған) бекініс салынғанға дейін орта ғасырлық шаһар болғандығын Г. А. Кушаев, тарихшы Т.Рысбеков т.б. дәлелдейді. Орыстар Жайық бойында XV ғасырдың аяғымен XVI ғасырдың басына келе бастады. Олар 1580 жылы Жайық бойымен жоғары көтеріліп, Ноғай хандығының астанасы Сарайшықты талап тонады да, Жайық Шаған алқабына біржолата орналасты. XVII ғасырдың 1 ширегінде Ноғай хандығымен шекарада шағын әскери бекініс тірек ретінде Жайық қалашығы салынды. Ол 1613 жылы қазіргі Орал қаласының орнына көшірілді.

XVIII ғасырдың бас кезінде Жайық қалашығында 3 мыңға жуық түтін болды. Олар негізінен Стрица (Жайықтың бұрынғы арнасы) және Шаған өзендерінің бойына орналасты. Қаланың негізгі тұрғындары – казактар, орыстар болған. Олар әлеуметтік жіктелу нәтежиесінде кедейлер және байлар болып бөлінді. Жайық казак-орыстарының Е.И.Пугачев көтерілісіне қатысуы Орал тарихындағы көрнекті әрі ауыр кезең болды. Шаруалар соғысын басып, Пугачевты жазалағаннан кейін, Жайық қалашығы II Екатеринаның 1775 жыл 15 қаңтардағы жарлығымен «Орал қаласы», ал оның тұрғындары Орал казактары болып өзгертілді. [3]

Орал қаласының неғұрлым ежелгі бөлігі Михайло-Архангельск ғибадатханасының оңтүстігінде орналасты. Мұнда казактар қауымы әскери жиналыс өткізіп тұрды. Ғибадатхана 1741-1751 жылдары салынған. Қалада құрылыстарының тығыз орналысуы бірнеше күшті өрттерге себеп болып, қаланың түгін қалдырмады. Бірақ әрбір болған өрттен кейін қаланықайтып бұрынғыша салды. Бұның себебін оралдықтар былай түсіндірді, қаланың ауданы неғұрлым тығыз болса соғұрлым қорғанысы да жақсы болады деген екен. Қаланың шаруашылық және әкімшілік мәнінің өзгеруіне байланысты, оның сыртқы бейнесімен көлемі де өзгерді. [3]

Орал қаласында бірнеше рет үлкен өрттер болды (1739,1751,1807,1821,1879) Солардың ішіндегі ең ауқымды өрт 1879 жылы болды. Осы өрт кезінде қалада 1812 үй-жай, 170 сауда дүңгершектері өртеніп, шығын мөлшері 1,5 млн рубльді құраған. Осы өрттер Орал қаласының тарихына жаңа өзгерістер әкелді. 1807 жылдың 16 шілдесінде тарихи Комитет министрінің арқасында қала толық қанды өзгерді. Толығырақ айтқанда жаңа қала салынды. Губернатор Валконский Комитеттен келген бұйрықты орындауға кірісті. Тамыз айында Орал қаласына өзі келіп қаланы қайта жандандыруды ұйымдастырды, Н.Ф. Савичевтің айтуы бойынша үйлердің ауданын сызуды да өзібелгілеген болатын. 1821 жылғы өрттен соң Орал казак орыс әскерлерінің атаманы Д Бородин қаланы архитектуралық жағынан жоспарлы түрде салу үшін италиялық сәулетші Дельмединаны шақырды. Кейін қалада Сырым Датұлы бастаған халық көтерілісі және Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлының бастауымен болған қазақ шаруаларының ұлт-азаматтық қозғалыстары Орал қаласының Орал қаласының және Жайық өңірінің тарихында ұмтылмас із қалдырды.[4]

1869 жылы Орал облысы құрылып, қала облыс орталығына айналды.Орал қаласы Батыс Қазақстандағы шаруашылық пен кәсіпорын орталығына айналды. Ұн тарту, май шайқау, былғары өндіру, Орал өзенінен балық өңдеу дами түсті. Орал қаласында Россия империясының қаржы жүйесінің бір бөлігі-Қазақстан несие жүйесі мемлекеттік банк және комерциялық банк филиалдары құрылды. Қалада 1876 жылы Мемлекеттік банктің бөлімшесі ашылды. 1877 жылы Батыс Қазақстандағы астық саудасының аса маңызды орталықтарының бірі саналды.1830 жылы Орал мен Орынбор арасында параход жүре бастайды. 1894 жылы Орал Сарытау аралығында тар табанды темір жол тартылды. Мұның барлығы облыстағы капиталистік қатынастарың одан әрі дамуына, сауда саласының дамуына әсерін тигізді.

Облыс территориясында ірі-ірі жәрмеңкелер пайда болады.Орал облысында Ойыл, Темір, орда жәрмеңкелерінің аты шығады.

XX ғасыр басындағы орла сауда орталықтарының бірі болып, қаладағы дүкендердің товар айналымы 1913 жылы 18,5 млн сомға,1915 жылы 31,7 млн сомға жетті.Орал банк бөлімшесінің жылдық айналымы 54 млн сом болды. Қалада диірмендер салынды, паравоз депосы, элеватор, ет дайындау цехы ,кірпіш заводтары пайда болады. 1900 жылы қаладағы ұсақ 93 кәсіпорындар жұмыс істеді. 1914 жылы Орал қаласы өлкедегі ең ірі қала болып саналады. Оның 47,5 мың тұрғыны болды. Қала тұрғындарын дворяндар, офицерлер, көпестер, мешан шаруалар, жұмысшылар құрады.

1900 жылдың қарсаңында қалада марксизм идеялары насихаттал бастады. 1919 жылдың 1 сәуірінде Оралда жұмысшы, шаруа және солдат депутаттары Кеңестертерінің 1-сайлауы болып өтті.1920 жылы Орал губерниясы қалаға айналды. Қала Қазан революциясына дейін ірі сауда орталықтарының бірі болды.

Орал қаласында XIX ғасырдың 60-жылдарында өңдеу өнеркәсібінің алғашқы кәсіпорындары салынды. Кеңес өкіметі жылдарында Оралдың экономикасы жедел қарқынмен өркендеп, республикадағы ірі өнеркәсіп орталықтарының біріне айналды. 1925 жылы Жайық өзенімен Орал-Атырау арасында тұрақты кеме қатынасы және 1923 жылы Орал-Елек теміржолының ашылуы қаланың экономикалық- географиялық жағдайын жақсартты [4 ].

Кейін Орал қаласы Батыс Қазақстан облысының орталығы болып 1932 жылы сайланды. Одан кейінгі 1950-1990 жылдары Орал қаласында ірі машина жасау және металл өңдеу, құрылыс материалдарын өңдеу, жеңіл және тамақ өндірістері, медициналық препараты зауыты т.б. екі жүзден астам объект салынды. Көлік жүйелері күрделеніп, одан әрі дами түсті. Әлеуметтік инфрақұрылымда мәдени-ағарту, денсаулық сақтау, т.б. мекемелер халыққа қызмет көрсетті. Әлеуметтік инфрақұрылымның басқа да салаларында ондаған ірі мекемелер іске қосылды.[5]

XXI ғасырдың басында Орал қаласы-Қазақстандағы ірі мәдени экономикалық орталықтардың бірі болып саналды. Қаладағы ірі кәсіпорындар: «Зенит зауыты», «Омега», «Металлист» , «Орал механикалық зауыты», «Орал арматуралық зауыт» , «Орал полипласт зауыты» т.б.Бұлардан басқа облыстық дәрежедегі нан комбинаты, жылу жарық,газ беретін кәсіпорындар жұмыс істейді. [6]

Сөйтіп қалыптасу тарихы сонау ерте кезден басталған Орал қаласы осы батыс өңірінде болған ұлы тарихи оқиғалар мен тарихи дүрбеленнің барлығын да азды –көпті бастан кешіріп, тарих толқынында дағдарыс пен қиындықты, жетістік пен өрлеуді көріп, дамып, жетіліп, ірі экономикалық-әкімшілік және мәдени орталыққа айналды.

1833 жылыОрал қаласына орыс ақыны А.С. Пушкин келеді.Пушкин Пугачев архиві бойынша жұмыстанады.

1895 жылы Орал қаласына 9м жасар татардың ұлы ақыны Ғабдолла Тоқай келеді.Тоқай өзінің өлеңдерін жазып, қаладағы баспаханада қызмет істейді..Кейіннен бұл баспахана Ғ.Тоқай атындағы баспахана деп аталынады. Орал қаласында әр түрлі жылдары белгілі орыс ақын-жазушылары А.С.Пушкин, В.А.Жуковский, В.И.Даль, Л.Н.Толстой болған.

Орал өңірі бармағынан бал тамған күйші Дина Нұрпейісованың, халықтан шыққан тума талант, құдіретті композтор Құрманғазы Сағырбаевтың, майталман күйші, композитор Сейтектің ,дүлей күйдің авторы, сазгер Даулеткерейдің семсер жырдың шебері атанған ақын Махамбеттің, сахнаның қас шебері атанған, театр шебері Қадиша Бөкееваның, сұлу сазды, асқақ әндерінің иесі, атақты Мұхиттың, қазақ әндерінің орындаушыларының ішінде өзіндік стилін қалыптастырған құдіретті әнші Ғарифолла Құрманғамлиевтің елі.

Орал ірі ғылыми және мәдени орталықтар қаласы. Бірінші ғылыми зерттеулер мұнда көрнекті ғылымдар П.Паллас, Эверсман, Фальк, Карелин және басқалар қызмет істеген сонау 18 ғасырдан басталады. Олар басында табиғат пен өлке байлығын зерттеуге тиісті болды. XIX ғасырда А.Левшин, А Ханыков, Х.Бабаджанов, И.Железнов, Н Савичев, И Бородин, А.Карпов және т.б. күш жігерінің арқасында Орал өңірі халқының тарихы жоғары мәдениет әлемінде кеңінен белгілі болды.Кіші жүз қазақтары мен Оралдық казактардың өзіндік тұрмысы мен мәдениеті кімді болса да бей жай қалдырмады.

Ғылыми ағарту саласының дамуындағы тамаша дәстүр жалғастығы деп Оралда ашылған Қазақстандағы бірінші қыздар гимназиясы мен реалды училищені айтуға болады. 1872жылы бірінші медресе ашылды. Кеңес заманында 1932 жылы мемлекеттің барлық ғылыми кадрлары мен зиялыларының ұстаханасына айналған Қазақстан тарихындағы екінші жоғарғы оқу орны А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институты ашылды.

Қазақстан мәдениетінің дамуында Оралдың қосқан үлесі ерекше жоғары. XIX-XX ғасыр басында қалада бірінші театр (1858ж.), баспахана (1862ж.), кітапхана (1824ж.), және киноматографс (1908ж.) ашылып, халыққа қызмет көрсете бастады. Қаланың мәдени өмірі осы жерге табан тіреген ірі ақын-жазушылар есімімен байланысты. Бұлар тек қазақ-орыс әдебиетінің есімімен байланысты емес, әлем әдебиеті мен мәдениетінің даңқын шығарушы А.Пушкин, С.Сейфулин, Ғ Тоқай және Ж Молдағалиев, М Шолохов пен Қ Мырза Әли еді.

Орал қаласы Қазақстандағы XVIII, XIX және XX ғасырдың басынадағы мол тарихымен және архитектуралық ескерткіштерімен маңызды жалғыз қала болып саналады. Орал қаласының ескі тарихи аумағы қаланың 1/12 барлық ауданының бөлігін құрайды.

Қазіргі таңда Орал батыс қала болып саналады, орта азиялық ауданмен Қазақстанның батысында орналасқан. БҚО солтүстік –батысында Ресей Федерациясының Орынбор, Самара, Саратов, Волгоград және Астрахань облыстарымен шектесе, ал оңтүстік-шығысында Атырау мен Ақтөбе қалалары шектеседі. Осы аталған облыстар Қазақстан мен Ресейдің экономикалық тұрғыда дамыған өңірлері болып табылады. Орал евро-азиаттық көлік торабының ыңғайлы жерінде тұр.

Қаланың дамуындағы оң өзгерістер, халық санының өсуіне де әсер етті. Соңғы 12 жылда тұрғындардың саны үштен бірге көбейіп, 360 мыңға жуықтады. 2030 жылға қарай қала халқының саны жарты миллионға жетеді деген болжам бар. [1]

Орал қаласының тарихы бай, өткені өнегелі, келешегі жарқын. Серпінді дамуға қаланың әлеуіті зор.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. –Астана, 2017. «Форма Плюс» баспасы, Қарағанды, 2017.
2. З.И. Герасимов «Уральск» Исторический очерк (1613-1917 гг.) Алма-Ата, 1969
3. Исторорико-краеведческие материалы «На яике-городок, на Урале –город». Г Уральск 1988 г.
4. Прошлое Казахстана в источниках и материалах / Проф. С.Д. Асфендияровтың ред., – 2-ші басылым, – Алматы: Қазақстан, 1998. 2 жинақ..
5. Т.З. Рысбеков «Өскен өлке тарихы»
6. «Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы» XIII Авторлық ұжым. М.Н.Сдыков.

**УДК94(574.1)**

### **БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МҰНАЙ КЕН ОРЫНДАРЫ**

**ЖЕКСЕНОВ А.**

*М. Өтемісов атындағы БҚУ магистранты, Орал*

ҚР Конституциясына сәйкес Қазақстан халқының меншігінде, әлемдегі ең бай жер қойнауы бар. Мұнай, газ, сирек кездесетін қымбат рудалар мен минералдар, орман, құстар, балық т.б. - бүкіл қоғамға және әрбір адамға жұмыс істеу тиіс. Қазіргі Қазақстан экономикасының негізі және еліміздің экспорттық түсірілімдерінің бастысы мұнай мен газ болып табылады. Соңғы жылдары Қазақстанның мұнай өндірісіне бес миллиард доллардан астам ақша аударылды, бұл республикамызға түскен тікелей инвестицияның үлкен бөлігін құрайды [1, 229 б.].

Қазақстанда дамыған өндірістік, әскери-өнеркәсіптік және әлеуметтік дамудың көрсеткіштері жаман болмады. Өндіріс факторларының құрлымында қор факторларының үлесі едәуір асып түсті. Өнеркәсіптік әлеуетті сақтап, дамытуға бағытталған тиісті құрылымдық саясат Қазақстанның тек шикізаттың әлемдік және өңірлік нарықтардан ғана емес, сонымен біре бәсекеге қабілетті бірқатар жоғары технологиялық өнімнің қатары бойынша да өз «орнын» табуға мүмкіндік берді.

Өйткені, оның жоғары аграрлық-өнеркәсіптік әлеуеті, бүкіл халықтың жалпы оқу білімдік деңгейі, бай ресурстар қоры бар еді. Ал 1992 жылдан Қазақстанда нарықтық қайта өзгерістер жүргізіле бастады, олар өнеркәсіптің жай-күйін түбірімен өзгертуге тиіс болды. Жекешелендіру белестерін, кезеңдерін, нәтижелерін түрліше бағалауға болады. Бірақ бір нәрсені мойындау керек, жекешелендіру отандық өнеркәсіптің аса маңызды кәсіпорындарының меншік нысанын түгелдей өзгертті [1, 235 б.].

Экономикалық қайта өзгерістер сөзсіз қажет болды, оларсыз ұлттық экономиканы жасау мүмкін емес еді. Алайда экономиканың салдары әр қилы болды. Олардың арасында өндірістің құлдырауын, кәсіпорындардың тоқтап қалуын, оған қоса әлеуметтік шығындар өте көп болды. Тек 1996 жылдан бастап ғана Қазақстан бұл дағдарыстан шыға бастады. Республика 1992 жылы Халықаралық валюта қорының, Халықаралық даму және жаңғырту банкінің, Қазақстанда нарықтық қайта өзгерістерді қолдаған басқа да халықаралық қаржылық мекемелердің құрамына кірді. Қайта құрулар кезеңінде мұнай-газ секторында бірқатар компаниялар да құрылды [1, 237б.].

ҚР мұнай мен газда геологиялық барлау жұмыстарының 1992-1995 жылдарға және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған кешенді бағдарламасы Қаз КСР-інің Геология және жер қойнауын қорғау жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1991 жылғы 3 шілдедегі №5 директивалық хатын орындау үшін әзірленді. Бағдарламаның негізінде Қаз ГБЗҒЗИ-ның, «Гурьевмұнайгазгеология», «Оралмұнайгазгеология», «Ақтөбемұнайгазгеология», «Қазгеофизика», «Оңтүстікқазгеология» ӨГБ - лерінің талдамалары негізге алынды. Кешенді бағдарламаны әзірлеуге Геологиямемком төрағасының бірінші орынбасары С.М.Камаловтың басшылығымен, мұнай және газ бөлімінің бастығы Б.М.Қуандықовтың тікелей қатысуымен О.М.Марченко, З.Е.Бөлекбаев, К.С.Шудабаев, Р.У.Бердіғожин, С.Қ.Құрманов, С.Ө.Өтеғалиев, Э.С.Воцалевский т.б. қатысты. 1986-1990 жылдары «Жолдыбай-Серверный», «Комсомольское», «Құмкөл», «Қарашығанақ», «Урихтау (Рухтау)», «Қожасай», «Қаратұрын», «Арман», «Кенбай», «Арысқұм» кеніштері бойынша қорлар КСРО-ның ҚМК-нда таныстырылып, жоғары бағамен қорғалды. Осы жылдары 2093,5 мың метр терең ұңғымалар бұрғыланды, 1201,1 миллион сом күрделі қаржы игерілді [1, 241-242 б.].

Осы жылдары Батыс Қазақстан облысында: Қарашығанақ, Степной леопард ЛТД, Қазтүркмұнай, Қазфен калибр бірлескен кәсіпорындары жұмыс жасады. Оның ішінде ең ірісі - Қарашығанақ кен орны болатын [1, 243 б.].

Қарашығанақ кен орнының тарихи ертерек уақтан басталады. 1927 жылы Қазақстан мұнай кәсіпшілігінде еңбек еткен, қазақ жастарына арналған алғашқы «Мұнай» атты оқулығында С.Шарипов: «Орал-Жем аймағындағы мұнай 40-50 жылдан бері ізделген. Одан арғы жерде де, сондағы тұрғын қазақтар мұнайдың бар екендігін білген, керегінше пайдаланған. Құдық қазып, не болмаса жердің не судың үстіне шығып жатқан мұнайды алып жұмсаған. Ол мұнаймен қазақ кәсіп қылмаған. Түйенің қотырына, адамның іші ауырғанда, болмаса қотыр болғанда ем қылып, сондайға ғана жұмсаған.

Оның отын орнына жарайтынын білмеген, жағып пайдаланбаған. Сол қазақ- тар мұнайдың атын «мұнай» деп қойған», - деп анықтаған-ды. Мұрағат қорларынан табылған құжатта «Орал облысындағы ең алғашқы белгілі болған мұнайлы мекен Мәтен Қожа Май болатын. Ол Ойыл өзеніне жақын, Бүйрек, Тайсойған құмдарының ортасында, Калмыковск станциясынан 100 шақырым жерде. Мекен ХІХ ғасыр басында өмір сүрген молда Мәтен атымен аталған. Мәтен молда осы кезеңде қазақтарға мұнайдың емдік қасиеттерін пайдалануды үйреткен» [2, 25 б.].

Батыс Қазақстан экономикалық ауданы мемлекеттің ең перспективалы аймақтарына жатады. Қазақстанның барлық ашылған, зерттелген және өндірілетін мұнай, газ және конденсат кен орындарының 92,5 % -ы осы аймаққа тиесілі.

Қарашығанақ кен орны - 1979 жылы мамырда ашылған. Ал 1984 жылы 20 қазаннан өндірістік эксплуатацияға берілген [3, 47 б.]. Бұл кен орны ҚР Батыс

Қазақстан облысы Бөрлі ауданының аумағында орналасқан. Қарашығанақ солтүстік ендіктің 51 параллелінен және шығыс бойлықтың 50 меридианынан солтүстік шығыста, Ақсай қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 16 км немесе Орал қаласынан 150 км қашықтықта мұхит деңгейінен 80-130 м биіктікті орналасқан.

Қарашығанақ кен орнына жүргізілген бірнеше зерттеу жұмыстарының қорытындысы бойынша геолог барлаушылар бұл мекеннің жер асты байлығының мол екендігіне көздері жетті. Осыдан кейінгі зерттеулер Каспий маңы ойпатының солтүстік бөлігі қабаттарына жүргізілді. Нәтижесінде Қарашығанақ газ-кен орны, Одақ тарпынан бірдей жоғары бағаланды. Кен орнының географиялық орналасқан аумағы аудан орталығы Ақсайда -25 км. Қарашығанақ кеніші КСРО газ-өнеркәсібі минситрлігінің бүкілодақтық Ленин Орденді «Орынборгаз өнеркәсіп» бірлестігі негізінде құрылды. Бірақ кенішті толығымен игеру жұмыстары тек 1984 жылы 26 қазандағы Одақтың ГӨМ-нің №440 бұйрығымен іске асты. Қарашығанаққа осы жылы Одақ бюджетінен 1,7 млрд сом бөлінді. Бұл қаржы кенді барлау, іздеу, әр түрлі техникалар алуға шеттен мамандар әкелуге жұмсалды. Негізгі қорға да 1,2 млрд сомға тең ауқымды қаржы бөлінді. Алғашқы игеру жұмыстарына барлаушылар 100 ұңғыны пайдаланды. Бірақ оның барлығы толық іске қосылған жоқ. Кеніш тек өнеркәсіптік тәжерибе лаңы ретінде пайдаланыла бастады. Кеніш басынан 3 млн тонна қуаты бар мұнай өңдеу зауыты құрылысын салу жобасы жасалды. Алайда ол жобаны іске асыру қаржы тапшылығы салдарынан кейінгі қалдырыла берді.

1986 жылы 25 ақпан -6 наурыз аралығында КОКП ның XXVIII съезі болып өтті. Онда негізгі басты алты мәселе қаралды. Соның ішінен ең маңыздысы ретінде Кеңестер Одағының отын энергетика кешенін дамыту ісі болды. Осы мақсатта батыс аймақтағы кеніштерді көптеген жұмыстары жүргізілді. Қарашығанақ кен орнының тәжірибе өнеркәсіптік пайдалану кешенінің бірінші кезеңі іске қосылды. 1985 жылдан бастап жалпы ұзындығы 150 шақырым құрайтын Қарашығанақтан Орынборға дейін 2 газ және конденсат құбыры тартылған еді. Осы құбырлар арқылы кеніштегі терең өндірілген, терең өңделген газ, газ конденсаттары Орынбордан өңдеуден өткізіп, Одақтың ірі ошақтарына жөнелтілді. 1990 жылға дейін Қарашығанақта 242 ұңғы бұрғыланып, оның 140-қа жуығы іске қосылды [4, 536].

1986 жылдан бастап Қазақ КСР ГМ-нің мұнай-газ барлау бөлімі өз қарамағындағы кен орындарының құрылыс нысандарын түгелдей іске уақытанан бұрын қосты. Кен орнында ғылыми-техникалық прогресстер, автоматика және электронды есептеу құралдары, шет елдік іздестіру техникасы қолданылды [5, 19-20 бб].

1986 жылы қарашада Д.Қонаев Мәскеуге келіп, М.Горбачевтың қабылдауында болады. Қабылдау барысында басты әңгіме Батыс Қазақстандағы енді игеріліп жатқан мұнай-газға бай Қарашығанақ кен орнын Ресейге қосу туралы сөз болады. М.С.Горбачев Д.Қонаевқа «осы мәселеге қатысты КСРО Жоғары Кеңесінің қаулысын шығартып беруін» сұрайды. Ал, Д.Қонаев бұл өтінішіті орныдай алмайтынын айтып, бас тартады. Кенішті игеруге 1984-1987 жылдары Одақ тарапынан жалпы 90 млрд сом қаржы бөлінген. Содан кейін, КСРО Министрлер кеңесінің төрағасы, саяси бюро мүшесі Н.И.Рыжов Қарашығанаққа екі рет сапармен келіп кетеді. Ондағы негізгі мақсат та осы мәселе төңірегінде болады.

Сол кездегі Батыс Қазақстан облысындағы басшылықта 1975-1986 жылдары М.Б.Ықсанов қызмет жасаған. Ол Орал өңірінде геологиялық- барлау жұмыстарына қомақты қаржы бөліп қана қоймай, кен орнының құрылысына да үлкен қолдау көрсеткен. Сонымен қатар, бұл басшылардың ұлтжанды бірбеткейлігі де осы мәселені үкімет алдына қоюға септігін тигізген. Облыс басшылығы қызметіне 1986 жылы келген Н.Есқалиев те жоғарыда айтылған идеяның маңыздылығын ескеріп, Қарашығанақ мұнай - газ өңдеу зауытын салуға барынша күш салады. Оның тапсырмасымен Қазақ газ кәсіпшілігі басқармасы мұнай-газ өңдеу зауыты құрылысын жаспарлауды қолға алады. Осы шешімінен кейін жедел іске кіріскен басқарма зхауыттың бой көтеретін

орнында белгілеп қояды (Приуральный селосының оңтүстігінен 10 шақырым қашықтықта). Зауыттың құрылысына шетелдік фирмаларды тарту, бірлескен кәсіпорындарды ашу мәселелері де зерттеле бастайды. Сол уақыттың өзінде біріккен кәсіпорын құруға Италия, ФРГ, Чехословакия және оңтстік Корея мемлекеттерінің фирмалары қызығушылық танытқан. Алайда осындай үлкен жұмыстар әрі қарай жалғасын таппай қалады. Өйткені, бұл кезең Кеңестер Одағының құлауымен тұспа-тұс келеді. 1986-1987 жылдары Қарашығанақ кен орнын одан әрі дамыту бойынша шаралар жалғастырылады.

1986 жылы мамырда «Қазақ газпром» мекемесі құрылады. Бұл мекеменің басты мақсаты - Қарашығанақ кен орынын игеруге ат салысу, жергілікті мамандарды осы салаға жұмылдыру деп белгіленеді.

1986-1989 жылдары Қарашығанақта барлығы 1500 ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілген. Жұмыстарды негізінен КСРО газ өнеркәсібі министрлігі жанындағы И.М.Губкин атындағы ғылыми-зерттеу институты және Еділ-Орал, Нижеволжск, Украина және тағы да басқа ірі ғылыми орталықтар атқарып, белгілі мамандар аталмыш кен орнына өте жоғары баға береді. Қарашығанақ кен орнын зерттеген ғалымдар қатарында М.М.Иванов, С.М.Қаратаев, Г.В.Рассохин, С.С.Степанов және тағыда басқаларын атауға болады. Жүргізілген зерттеу жұмыстары негізінен ауа қысымын, тереңдікті, сұйық көмірсутектің құрамын, өнім сапасын, өнім мөлшерін анықтауға бағытталып, 1988 жылы толығымен аяқталады [5, 22-23 бб].

Қазіргі кезде Қарашығанақ кен орны ірі мұнайгазконденсат өндіретін орталықтардың бірі болып табылады, оны кейде супергигант деп те атайды. Қарашығанақ дүние жүзіндегі 25 ірі кен орын қатарына кіреді. Осында Қазақстанда өндірілетін газдың 34%-ын өндіреді, алайда оның көп бөлігін жағуға жұмсайды. Жалпы мұнай мен конденсат қоры 200 млн т (9,5 млн баррель), ал табиғи газ қоры 1 350 млрд м<sup>3</sup> (48 триллион куб фут). Орташа күндік өндірілу дебиті газ үшін 51,526 млрд м<sup>3</sup>, мұнай үшін 46,63 млн т. Кеннің игерілуі 1984 жылы басталды, ал газ бен конденсатты Ресейдегі Орынбор өндеу зауытына экспорттап отырды. Жалпы кен орнының бастапқы қоры 1 млрд тоннадан артық мұнай мен газконденсатын құрайды [4, 57-58 б].

1997 жылы құрамына Кагачадапак Іпедгаііеё Огдапігайоппен ННК «Казахойл» кіретін концорциум мен Қазақстан Республикасы арасында 40 жыл мерзімімен кен орнында эксплуатациялау мен өндіру жұмыстары туралы келісімшарт жасалды. Қарашығанақ Интегралданған Ұйымы өз жұмысын Қазақстанда Карачаганак Петролиум Оперейтинг деген атпен жүргізеді. Оның құрамына мынандай компаниялар кіреді: Вгіііzh Оаз - 32,5%, Адір - 32,5%, Техасо - 20%, «Лукойл» - 15%. Келісімшарттың негізгі бөлімдері төмендегідей: Келісімшарт мерзімі 40 жыл, 1998 жылдан 2037 жылға дейін;

- Жобаның әр кезеңіндегі әр жақтың өздерінің міндеттері орындалуы тиіс.
- Әлеуметтік жобаларға жыл сайын 10 млн доллар инвестиция бөлу;
- Қоршаған ортаны қорғау, жұмыс тауып беру және оқыту туралы міндеттерді орындау [5, 53-58 б].

Поскольку основной поток переселенцев направлялся в наиболее плодородные земли, вследствие этого, с одной стороны, заметно сужалась земельная площадь кочевого скотоводческого хозяйства, которое лишалось лучших зимовок и летних пастбищ, а с другой, фактически ликвидировались необходимые предпосылки для развития земледельческого хозяйства собственно казахского населения. Тем более, что происходило вытеснения казахского земледелия не только посредством изъятия земель, но и аренды.

В переселенческой практике сплошь и рядом встречались случаи образования переселенческих участков «смежно с зимовками и даже иногда зимние стойбища оказываются с трех сторон окруженными крестьянскими поселками, в результате киргизы, привыкшие к простору, крайне стеснены, а крестьянам приходится делать объезды, чтобы минуя зимовки проехать из одного конца в другой»[3, с.115].

Методом «окружения», созданием переселенческой среды колонизаторы вынуждали казахов покинуть родные места.

Кочевые пути также не обеспечивались; нередко зимовки были совершенно разобщены от джайляу, и казахам приходилось совершать окружной, обходной путь для того, чтобы, минуя переселенческие поселки, попасть на джайляу. Казахи

постепенно вытеснялись вглубь степей на худшие земли, подальше от культурных центров, железных дорог и водных артерий[4, с. 175].

В Казахстане во время крестьянской колонизации имело место сужение пастбищных площадей, при увеличении общего поголовья скота, в результате чего происходило изменение традиционных общинных форм землепользования, самой пастбищно-кочевой общины, – наступал кризис кочевого хозяйства[5, с. 103].

Постоянным спутником кочевого скотоводства были джуты. Джут — массовый падеж скота от бескормицы и неблагоприятно сложившихся климатических условий зимы. Гибельными по своим последствиям были джуты 1855–1856; 1867–1868; 1879–1880; 1891–1892; 1903–1904, 1910–1911 гг. и т.д. Джуты возникали и распространялись на несколько областей или иногда почти на всю казахскую степь. В наиболее суровые годы падеж скота составлял до 72%.

Джут редко охватывал абсолютно все области, и тогда казахи одной области при начавшемся джуте передвигались со своими стадами в более благоприятные местности. Кочевник, живущий исключительно пастьбой скота, мог вести только пассивную борьбу со стихийными явлениями природы. Борьба сводилась в основном к перекочевке с места на место. Обычно кочевник спасался от джута путем откочевки на новые места. В случае джута скотоводы, не считаясь ни с каким морозом, кочевали до тех пор, пока скот мог передвигаться. Это также была одна из форм борьбы с природой.

В конце XIX – начале XX в. кочевые казахи уже не имели права свободно передвигаться по традиционным маршрутам кочевания. Если раньше имелась возможность откочевать в более благоприятные районы, то с захватом земель такая возможность исчезла. Казахи при надвигающемся джуте уже не могли свободно отгонять свой скот в более благоприятные местности, поскольку кругом были либо крестьянские поселения, либо «десятиверстная полоса», за которую нельзя было переступать кочевникам, либо скотопрогонная полоса. Им запрещалось даже за плату заготавливать сено. Тем самым радиус кочевания был ограничен до минимума, кочевое животноводство постепенно разрушалось, переживая очень тяжелый процесс перехода в новые формы полукочевого и «джатачного» хозяйства.

Казахи в особенно тяжелые годы в письмах, обращениях просили допустить скотину для пастьбы – хотя бы по возможности за умеренную плату – на территорию казачьего войска, а также свободные земли, чтобы спасти скот от гибели.

«Жуты участились в последние два десятилетия. Население ставит это в прямую зависимость от сокращения летовок на севере и зимовок на юге. Благодаря первому, в силу стеснения в выпасах со стороны оседлого казахского и переселенческого населения, скот в летнее время не успевает нажироваться в достаточной мере для того, чтобы перенести условия зимнего тебена»[6, с. 167].

В тяжелую зиму 1879–1880 г. в центральной части казахской степи (Тургайская, Акмолинская и северо-западная часть Сырдарьинской области) из 12710000 голов скота погибло от бескормицы 6 106000 голов (50%).

Джут 1891–1892 гг. в Тургайской области вызвал падеж скота: в Иргизском уезде погибло 34,7%, в Тургайский уезде 30,5% поголовья. Лошадей погибло 47,8%, КРС 32%, овец 33%, верблюдов 22%.

Джут в Тургайской области 1902–1903 гг. охватил Актюбинский и Кустанайский уезды – погибло 76000 голов скота [7, с. 88-90].

Последствиями джутов были эпидемии, различные болезни: тиф, натуральная трахома, оспа, корь, чахотка, ревматизм, малярия, глазные заболевания. Детская смертность 60-70% от родившихся детей в возрасте до 1 года. Относительно невысокий естественный прирост казахского населения. Массовые эпидемии были одной из причин высокой смертности населения. Борьба с заразными болезнями была поручена местным органам – земствам и городам. Государство почти не участвовало в расходах на эти цели.

1891-1892 годы ознаменовались не только неурожаем и голодом, но и эпидемиями тифа, цинги, холеры, дальнейшим распространением скарлатины, дифтерита [8, с.63].

Первый случай заболевания холерой в Средней Азии в 1892 г. был обнаружен на станции Кахака закаспийской ж/д. Отсюда болезнь распространилась на Кавказ, в Поволжье и Ташкент. Из Поволжья холера перекинулась в Приуралье. 28 июля первый случай заболевания зафиксирован в Илеке. Эпидемия длилась с июля по октябрь. Холера быстро распространилась среди горожан Гурьева и населения близлежащих аулов. Охватила Тургайскую область. Угрожающий характер эпидемия приняла в Актюбинске.

По материалам Всероссийского съезда участников борьбы с холерой, в Уральской области заболело 6138 человек и умерло 3121 человек, в Тургайской – соответственно 296 и 167 [9, с. 54-55].

Таким образом, тяжелое экономическое и социальное положение казахских крестьян, бездушное отношение к их элементарным нуждам царских чиновников приводило к обострению эпидемий в городах, в переселенческих деревнях и казахских аулах, уносивших тысячи жизней. Вместо принятия действенных мер царская администрация ограничивалась благотворительностью.

Казах-кочевник практически не получал медицинской помощи. В конце XIX в., как об этом свидетельствуют материалы Первой переписи 1897 г. в Казахстане, на одного гражданского врача приходилось 113922 человек. И если в городах на одного врача приходилось 22789 чел., то в сельской местности - 272493 чел. [2, с. 45]

После джуртов и засух обострялись многочисленные болезни животных.

Во всех зонах дореволюционного Казахстана существовала повальная болезнь, поражающая, особенно летом, все виды домашних животных, — сибирская язва.

Одну из опасных болезней верблюдов, вызванную истощением животного, казахи называли катпа. По данным А. И. Добромыслова только в одном Тургайском уезде в 1882 г. из 8505 заболевших катпой верблюдов пало 7525 голов [10, с. 22].

Кризис животноводства в начале XX в. совпал с периодами наиболее интенсивного изъятия земель у казахов. Таким образом, развитие животноводства находилось в прямой зависимости от проводимого царизмом аграрно-колониального курса. Причины кризиса скотоводческого хозяйства заключаются в существовавшем феодальном строе сельского хозяйства и системе колониальной эксплуатации края. Царская переселенческая политика, сковывавшая развитие производительных сил края, не только не способствовал социально-экономическому развитию казахов, но и нанесла чрезвычайно большой ущерб казахскому народу. Последствия этой политики обрушились всей своей тяжестью на все классы казахского общества.

### **Список литературы:**

1. Турсунбаев А.Б. Из истории крестьянского переселения в Казахстан. – А., 1950. – 101 с.
2. Алексеенко Н.В. Население дореволюционного Казахстана (численность, размещение, состав, 1870-1914 гг.). – А., 1981. – 112 с.
3. ЦГА РК. Ф. 469. Оп. 1. Д. 85. Л. 115
4. Шығармалары. Төрттомдық шығармалар жинағы. Санжар Асфендияров. [сост.: Х.М. Әбжанов, А.Ә. Жүнісбаев]. – А., 2014. – 408 с.
5. Шахматов В. Ф. Казахская пастбищно-кочевая община. – А., 1964. – 207 с.
6. Ищенко М. М., Казбеков И. С. и др. Особенности сельского хозяйства Адаевского уезда. Л., 1928. Вып. VI. – 215 с.
7. Атушева С.Б. Джурты в Казахстане в конце XIX – начале XX вв. Диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук. – А., 2000. – 200 с.

8. Галиев В. З. Медицинская деятельность ссыльных революционеров в Казахстане (вторая половина XIX века). – А., 1982. – 160 с.
9. ЦГА РК. Ф. 64. Оп. 1. Д. 564. Л. 54-55
10. Добромислов А. И. Ветеринарный надзор в Тургайской области. – Оренбург, 1897. – 211 с.

**ӘОЖ 929(574)**

## **ПОГОН ТАҚҚАН ГЕНЕРАЛ-ЛЕКТОР АСЫЛБЕК ЖАМАНБАЕВ**

**ОКАСОВА А.**

*М.Өтемісов атындағы БҚУ магистранты, Орал*

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ел аумағын түгендеу, әлеуметтік маңызы бар салалардың дамуына үлкен күш салынды. Соның ішінде ішкі тұрақтылық пен тыныштықты сақтар – ішкі істер саласы. Қиян-кескі оқиғалардың алдын алып, аумақ тыныштығын сақтауда – полиция қызметкерлерінің еңбегі зор болды. Ал осы полиция қызметкерлерінің жұмысын ұйымдастыруда, жауапты шешімдер қабылдап, ел тыныштығын қамтамасыз ету – полиция басқармаларының басшыларының қолында. Сонау тұрақсыз жылдарда Гурьев, Жезқазған ішкі істер басқармаларының басшысы қызметін атқарған Асылбек Есмырзаұлы.

Асылбек Есмырзаұлы - 1946 жылы тамыздың 28 жұлдызында Батыс Қазақстан өңірінің Казталов ауданы, Казталов ауылында өмірге келген. Оқу мен білімге құштарлығы оның жарқын мақсаттарына қол жеткізуіне демеуші болады. 1963 жылы Орал құрылыс техникумын бітіргеннен кейін, алғашқы еңбек жолын Есмырзаұлы Жәнібек, Казталов аудандарында ауыл шаруашылық басқармасында инженер-құрылысшы, комсомол комитетінде ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, Орал облысының ЛКЖО комитетінде нұсқаушы қызметтерін атқарған. Мұнымен тоқтамай, Асылбек Есмырзаұлы үнемі ізденісте болды. Ол іздеу жолында жеңіске жеткен тұлға. Қайтпас қайсарлығымен 1970 жылы М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің заң факультетіне түсіп, университетті 1975 жылы үздік дипломмен аяқтайды [1, 5б].

А.Е.Жаманбаев Ішкі істер органдарына жаңаша басқару үлгісін алып келді, полиция ұғымына жаңа леп берген тұлға ретінде замандастарының есінде қалды. Атап айтқанда, құқық қорғау органдарын басқару жүйесіне түбегелей өзгеріс алып келіп, Мәскеу университетінен алған білімін дұрыс қолдана білді. Жұмыс барысында тергеу жұмыстарын қалай дұрыс жүргізу жолдары, жүйелі басқару жұмыстарын ұйымдастыру, құқықтық саладағы жекелеген мәселелерді шешудің заңдық жүйесі сияқты салаларда аса шеберлік танытатын [2,7б].

Жаманбаев Асылбек Есымырзаұлының бойында Мемлекеттік Ішкі істер органдарының кез-келген қызметкері үлгі-өнеге алатындай тамаша қасиеттер көп болатын. Ол кісі заңды өте жетік білген, ҚР Конституциясының, қылмыстық және қылмыстық істі жүргізу Кодекстерінің, басқа да нормативтік заңдық құжаттардың кез-келген бабын жатқа айта алатындай мамандығының шебері болды. А.Е.Жаманбаев ұзақ жылдар бойы Ішкі істер органдарына сот, әділет органдарында, облыстық партия комитетінде жұмыс істеп, тәжірбие жинақтап, қатайып, шыңдала түскен. Ол 1981 жылы наурыз айында сол кездегі Гурьев (қазіргі Атырау) облыстық ішкі істер басқармасының бастығының кадр жұмысы жөніндегі орынбасары болып 35 жасында ішкі істер органдарындағы қызмет жасаған. 35 жасында милиция органдарында басшылық қызметінде жұмыс жасау екінің бірінің қолынан келе бермейтін қызмет болатын. Ол

Ішкі істер органдарының қызметіне тосырқамастан бірден араласып кеткен болатын. Бұл біліктілігі аса жоғары заңгер, ұшқыр ойлы зерек адам ретінде, өмірдің парығын, адамдармен жұмыс істеудің тәсілдерін меңгерген тұлға болғанның арқасы деуге болады.

Ел арасында сақталған тағы бір қасиеті А.Жаманбаев өте талапшыл тұлға болатын. Ол милиция қызметкерлерінің әскери киімді кию тәртібін мүлтіксіз сақтауды қатаң талап еткен. Жаманбаев Асылбек Есмырзаұлы «Милиция қызметкерінің жандүниесі де, сырт бейнесі де, киім киісі де мінсіз болу тиіс» деп үнемі қызметтестеріне үлгі көрсетіп отыратын. Асылбек Есмырзаұлы қызметте жақсы басшы ретінде талайдың көкейінде қалды. Қызмет бабында жеке құрамды бір тарының қауызына сыйғызарлықтай қаншалықты қатал болса да, әрбір қызметкерді назардан тыс қалдырмай, қадағалап, көтермелеп, қамқорлап отырған. Асылбек мырзаның қатаң талабы, жұмысты ұйымдастырудағы шешімділігі мен шеберлігі, жаңашылдығы арқасында, 90-шы жылдардың қиын қыстау кездерінде де Ішкі істер органдарының жұмыстары ілгері алға басты.

Осы салада А.Е.Жаманбаев көптеген өзінің ізбасарларын, шәкірттерін тәрбиеледі. Оның шәкірттері ұстаздың орнын жоқтатпай, берген білімін көздің қарашығындай көріп, еліміздің Ішкі Істер органдарында қызмет етуде. Атап айтатын болсақ, Әміров Мұхаран, Нәжімов Нұрмұхаммед, Иманова Роза, Мендіғалиев Асылбек, Әбуғалиев Саясат, Төлеуғалиев Қалыбай тағы да көптеген басшы-мамандардың нұсқаушысы бола білді.

Саналы ғұмырында еліне арнаған еңбегі үшін 1995 жылы Республика күні мейрамына байланысты оған Ішкі істер министрлігінің генерал-майоры деген атақ берілген болатын [3,16].

1997 жылы Ішкі істер саласындағы қызметін тоқтатып, туған жерге оралып, өмір бойы жинаған тәжірбиесі мен білімін болашақ мамандарға арнамақшы. Осы мақсатпен Еңбек және Әлеуметтік Қатынастар Академиясына және М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде заң-құқық саласына қатысты пәндер бойынша студенттерге дәріс оқи бастайды.

Құқық саласын ғылым ретінде тану үшін оның құқықтық-философияға негізделген тұжырымдары мен қорытындылары көптеп көмектесті. Асылбек Есмырзаұлы Қазақстанда алғаш рет Еңбек және Әлеуметтік қатынастар академиясында муниципальды құқықтан және әкімшілік құқықтан жаңа дәрістер курсына оқыған лектор болатын, бұл дәрісте құқық салалары барлығы қамтылған. Әрбір дәрісінде қызметінде жинаған бай тәжірбиесімен бөлісіп отырғанды. А.Жаманбаев кітапты жаттап айтатындарды ұнатпайтын, ол әрбір студентін терең ойлауға, құқықтық құбылыстардың және құқықтық процестердің тұңғышына түсуге үйрететін.

А.Е.Жаманбаевтың заң саласындағы оқу материалдары, дәріс жинақтары, ғылыми мақалалары заң журналдарында жарияланып жатты. «Ішкі істер органдарында бағдарламалық-мақсаттық басқару», «Ұлттық құқықтық жүйе, құрылуы мен дамуының жекелеген мәселелері», «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқару аппаратының дамуының кейбір теориялық-құқықтық мәселелері туралы», «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы жаңа заңдар» сияқты ғылыми –теориялық жарияланымдардың авторы атанып, ізбасарларын отан үшін қызмет етуге тәрбиеледі.

Мейірімсіз ажал 2007 жылдың 2 шілдесінде білімді де, беделді, қара қылды қақ жарған әділдігімен, адамгершілік биік тұлғасымен ерекшелене білген жайсаң, абыройлы азамат Асылбек Есмырзаұлы Жаманбаевты ойламаған жерден жұлып алып кетті.

Құқықтық мемлекет құру жолында өз білімі мен біліктілігін аямаған жан Асылбек Есмырзаұлының жүріп өткен жолы Отанға қызмет етудің шынайы үлгісі, қайырымдылық пен әділдіктің нағыз көрінісі болатын.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Год без Асылбека Джаманбаева: воспоминания. – Уральск, АТиСО, 01.07.2008 ж.
2. А.Е.Жаманбаев туралы // "Депутат" газеті, №26, 29.06.2012 ж.
3. Орал қалалық "Мәслихат жаршысы" №12(012), 26.06.2008 ж.

УДК 93/94

## ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ НАУЧНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АКАДЕМИКА М.Х. АСЫЛБЕКОВА

КУБАЕВ А.С.

*Магистрант ЗКУ имени М. Утемисова, Уральск*

Малик-Айдар Хантемирович Асылбеков – выдающийся казахстанский ученый, доктор исторических наук, академик Национальной академии наук РК, внесший достойный научный вклад в исследование истории Казахстана. Круг его научных работ и исследований был обширным: он занимался вопросами национальных рабочих кадров в советский период, а точнее железнодорожников, исторической демографией и народонаселением Казахстана в советское время и в период независимости страны, малоизученными страницами национально-освободительной борьбы казахского народа, историей выдающихся личностей науки и общественной жизни Казахстана.

Он был одним из первых разработчиков истории индустриализации, становления и развития железнодорожного транспорта страны, формирования рабочего класса Казахстана, являлся основателем новых научных направлений в казахстанской исторической науке, таких как история рабочего сословия, проблемы персоналистики, а также историческая демография.

Малик-Айдар Хантемирович Асылбеков родился 15 января 1929 года в ауле Катаган тогай Кызылкумского района (совр. Шардаринский район Туркестанской области). По его словам, «его отец Асылбеков Хантемир являясь грамотным человеком, был председателем колхозов «Кызыл партизан», «Бирлик», «Жана Шардара» и других колхозов, а также заведующим районного заготскота до самой отправки на фронт в 1942 году, где и погиб впоследствии» [1].

Несмотря на то, что семья осталась без отца и нужно было заботиться о братьях и сестрах, М.Х. Асылбеков в 1945 году все же заканчивает школу № 7 в г. Шымкент и устраивается на работу учителем в семилетней школе им. А.С. Пушкина в своем районе. В 1946-1948 гг. он поступает в Шымкентский педагогический институт им. Н. Крупской, который в то время был крупным образовательным центром по подготовке учителей.

В 1949 году с целью продолжить свое обучение поступает в Казахский государственный университет им. С. Кирова на исторический факультет, и заканчивает ее с отличием в 1954 году. В стенах университета он получил знания у таких видных ученых-историков, как Ермахан Бекмаханов, Бекежан Сулейменов, А. Нусипбеков, С. Покровский, Н. Киикбаев, А. Лозинский, М. Богусловский, Я. Серовайский, Л. Фришман, Н. Дауылбаев, Н. Калистратов, М. Ахинжанов, А. Горячева, К. Коржева, А. Нурканов и другие.

Во время учебы М.Х. Асылбеков состоял в кружке истории Казахстана и тесно общался с Е. Бекмахановым, Б. Сулейменовым, В. Шахматовым, С. Покровским, которые, несомненно, оказали на него сильное влияние.

После окончания университета М. Х. Асылбеков вернулся в родной Южный Казахстан и в 1955-1958 гг. работал директором школы, на различных должностях в райОНО Кызылкумского района, также был депутатом райсовета рабочих. В 1958 году по приглашению своих учителей А. Нусипбекова, Б. Сулейменова переехал в Алматы, работать в Институт археологии, истории и этнографии АН КазССР, а с обретением независимости Институт истории и этнографии им Ч.Ч. Уалиханова, и окончательно начал заниматься наукой.

В 1958-2015 гг. он занимал в данном Институте следующие должности: младший научный сотрудник, ученый секретарь отдела общественных наук АН КазССР, старший научный сотрудник, заведующий отделом, заместитель директора, заведующий отделом и главный научный сотрудник [2, стр. 68].

Одним из главных направлений научных поисков ученого является история форсированной индустриализации Казахстана и становление рабочего класса, а именно рабочих железной дороги. В 1963 году он защитил диссертацию на соискание ученой степени кандидата исторических наук на тему «Формирование рабочих кадров железнодорожников Казахстана в конце XIX - начале XX вв.» и в 1965 выпустил монографию «Железнодорожники Казахстана в первой русской революции (1905-1907 гг.)». В данной монографии автор подчеркивает, что «именно первая буржуазно-демократическая революция 1905-1907 гг. сыграла огромную роль в ускорении процесса формирования кадров железнодорожных рабочих в крае, вовлекая их в политическую жизнь России» [3, стр. 180]. Также автор приводит причины формирования рабочих железнодорожников, их численность, национальный состав, в том числе численность рабочих-казахов, условия их труда.

Основные этапы формирования рабочих железнодорожников были продолжены ученым в монографии «Формирование и развитие кадров железнодорожников Казахстана (1917-1970)», изданной в 1973 году. В этой монографии были рассмотрено строительство железных дорог в Казахстане непосредственно в период индустриализации, строительство Турксиба, Трансказахстанской магистрали, их значимость и важность для всего Советского Союза, формирование рабочих кадров в этом контексте, привлечение к строительству казахских шаруа, их численность, пол, возраст, трудовой стаж, уровень образования, быт и другие аспекты были всесторонне исследованы.

В то время руководителем строительства Турксиба был известный общественно-политический деятель Казахстана Турар Рыскулов, который активно занимался этим проектом и привлек к этому делу Мухамеджана Тынышпаева в апреле 1927 года, телеграфируя ему «Вас вводим в состав Комитета СНК и стройком НКПС и Семиречдороги НКПС. Если согласны, сообщите когда сможете выехать» [4, стр.351]. И действительно М. Тынышпаев как специалист сделал многое для сооружения Турксиба.

Другим крупным направлением исследований М.Х. Асылбекова была историческая демография и вопросы народонаселения Казахстана в советский период и в период суверенитета. В 1991 году вышел труд М.Х. Асылбекова и А.Б. Галиева «Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980)» в котором авторы исследовали социально-демографические процессы в Казахстане, изменения в составе населения (национальном, социальном, территориальном, половозрастном), естественное движение (рождаемость, смертность), миграция, расселение, развитие демографической политики республики. Так, на основе статистических данных, архивных материалов, первой переписи в Российской империи 1897 года, авторы дают такую картину населения Казахстана: в 1897 году – казахов – 3 млн 392 800 чел.,

русских – 454 тыс. чел., другие народности – 300 тыс. А в 1926 году, перед самой коллективизацией: казахов – 3 млн 627 600 чел., русских – 1 млн 275 тыс., другие народности – 1 млн 293 тыс. чел. [5, стр. 47]. В процентном соотношении доля казахов с « 81,1% в 1897-1917 гг. снизился до 58% в 1926 году» [6, стр. 133]. Т.е. за 30 лет численность русских и других национальностей в общей доле населения Казахстана возросла в 3-4 раза, а численность казахов возросла очень незначительно.

А вот по данным за 1939 год численность казахов составила 2 млн 314 тыс. чел. при общей численности населения страны 6 млн 94 тысяч человек. Удельный вес казахов снизился на 63,8% [5, стр. 121, 122]. Это последствия сплошной коллективизации, массового голода в степи, Ашаршылық кезеңі.

Далее автор описывает как изменялась демографическая обстановка в стране в 40-е годы, как отразилась Великая Отечественная война на численности населения, послевоенное социально-экономическое положение страны, динамику и структуру населения страны в 50-е, 60-е годы, когда произошел резкий рост рождаемости и соответственно, естественное увеличение численности населения. Особенно быстро население страны увеличилось в 70-80-е годы, когда, как пишет автор, «в 1979 году все население Казахстана составляло 14 млн 684 тыс. 283 чел. По сравнению с 1970 г. прирост составил 12,9 %. А через 10 лет, в 1989 году численность населения составила 16 млн.464 тыс. 464 чел., прирост составил 12,1%, в том числе повышением удельного веса казахов в общей доле населения страны, составив 39,7% или почти 6 млн человек» [7, стр. 14-15].

Распад СССР в 1991 году, обретение независимости Казахстаном, сложнейшее социально-экономическое положение в стране, кризис во всех сферах жизнедеятельности естественным образом отразилась и на численности населения страны, которое «за период с 1989 по 1999 год численность населения Казахстана уменьшилась на 1 млн 246 тыс. 500 чел, или 7,7% и составила 14 млн 952 тыс. 200 чел.» [7, стр. 48].

Таким образом, М. Х. Асылбеков внес большой вклад в историческую демографию страны, всесторонне исследовав динамику численности населения Казахстана в XX веке, национальный и половозрастной состав, структуру населения и т.д., воспитав целый ряд своих учеников, которые и по сей день занимаются проблемами демографии страны.

Еще одним направлением исследований ученого является персоналистика, т.е. исследования о значимых деятелях в истории Казахстана. Так, в книге «Алихан Букейхан – общественно-политический деятель и ученый» он отмечает, что «практически не изучалось богатейшее наследие А.Н. Букейхана, что вполне объяснимо с точки зрения официально-идеологического подхода к анализу целого ряда проблем отечественной истории. Анализ имеющейся на сегодняшний день литературы о жизни и деятельности А.Н. Букейхана ... позволяет сделать вывод о недостаточной разработанности данной проблемы. Изучение его наследия выходит далеко за рамки алашординской проблематики» [8, стр. 7].

Исследованию жизни и научной деятельности Бекежана Сулейменова, выдающегося историка и одного из своих учителей М. Х. Асылбеков также посвятил свой труд. В книге «Бекежан Сулейменов – ученый-историк» ученый отмечает, что «научная и общественная деятельность Б. Сулейменова недостаточно изучена. Особенно не учтены были факты гонений и преследований ученого, в результате которых он получил 25 лет лагерей» [9, стр. 11].

Также, М. Х. Асылбеков написал ряд трудов, посвященных таким общественно-политическим деятелям и ученым Казахстана, как М. Тынышпаев, Т. Рыскулов, С.Е. Толыбеков, А.М. Панкратова, П.Г. Галузо, А.Н. Нусипбеков, Г.П. Дахшлейгер, М.К. Козыбаев и др.

Таким образом, Малик-Айдар Хантемирович Асылбеков является выдающимся ученым-историком, исследователем и педагогом, внесший огромный вклад в развитие исторической науки Казахстана, основными направлениями научной деятельности которого являлись формирование и развитие рабочего класса, история индустриализации Казахстана, историческая и социальная демография, выдающиеся личности в истории Казахстана. За почти 50 лет работы в Институте истории и этнологии им. Ч.Ч. Уалиханова академик М.Х. Асылбеков воспитал целую плеяду учеников, под его руководством защитились 15 докторов и более 20 кандидатов исторических наук, которые в свою очередь продолжают дело своего учителя и далее развивают историческую науку страны.

#### Список литературы:

1. Амангельды Құсайынов, - Егемен Қазақстан, 04.06.2014, - [egemen.kz: https://egemen.kz/article/33013-abyroy](https://egemen.kz/article/33013-abyroy)
2. Құдайбергенова А. И. Академик М.-А. Х. Асылбековтың ғылыми және қоғамдық қызметінің негізгі қырлары. – Алматы: Отан тарихы, № 2 (86), 2019. – 242 б., - 64-79 б.
3. Асылбеков М. Х. Железнодорожники Казахстана в первой русской революции (1905-1907 г. г.). / М. Х. Асылбеков; - Алма-Ата: Наука, 1965. - 182 с.
4. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Том 4. – Алматы: «Атамұра», 2009. 768 с., табл., илл., карты.
5. Асылбеков М. Х., Галиев А. Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980). – Алма-Ата: Ғылым, 1991. – 192 с.
6. Социально-демографическое развитие населения Казахстана в 1926-1939 гг.: монография / М.-А. Х. Асылбеков, Ж. М.-А. Асылбекова. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 146 с.
7. Асылбеков М.Х., Козина В.В. Демографическое развитие Республики Казахстан в условиях суверенитета. – Алматы: Өркениет, 2001. – 112 с.
8. Асылбеков М.Х., Сеитов Э.Т. Алихан Букейхан – общественно-политический деятель и ученый. – Алматы, 2003. – 148 стр.
9. Асылбеков М.Х. Бекежан Сүлейменов-тарихшы-ғалым / М. Х. Асылбеков, Ескалиев С.А. - А. : Өркениет, 2001. – 182 б.

ӘОЖ 902.1(574.11) (043. 3)

### АҚСАЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ

**Ильясов А.Ж.**

*М.Өтемісов атындағы БҚУ магистранты*

Өткен ғасырдың басында қазіргі Ақсай қаласының орнында «Новогеоргиевск» поселкесі болған. Онда Ресейдің Европалық бөлігінен көшіп келгендер қоныстанған. Сол уақыттан бүгінгі Ақсайдың ірге тасы қаланған деуге болады. 1915 жылы орталықтан Орта Азияға қарай жолды едәуір қысқартатын ұзындығы 265 км Орал-Соль-Илецк темір жол учаскесі құрылысының басталуына байланысты поселке «Қазақстан» стансасы болып өзгертілді. І дүниежүзілік және Азамат соғыстары, берекесі қашқан тіршілік бұл аймақтың өркендеуін біршама уақытқа дейін шегеріп тастады. Тек 30-жылдардағы индустрияландыру жұмысы басталғаннан кейін ғана теміржол құрылысын аяқтауға қаржы бөлініп, күш жұмылдырылды. «Қазақстан» стансасының құрылысы, паравоз депосы, вагондарды техникалық бақылау

пункті, электростанциясы, көмір қоймасы, сумен жабдықтау жүйесі құрылыстары басталды. Сонымен бірге теміржолшылар үшін тұрғын үйлер де салына бастады. 16 ағаштан және 4 кірпіштен үйлер тұрғызылды.

1933 жылы темір жолшылар ауруханасы мен № 46 орта мектептің (соңынан № 523, №69, қазіргі №5 мектеп) іргетасы қаланды. 1936 жылы теміржол құрылысының аяқталуына және Бөрлі ауданының құрылуына байланысты «Қазақстан» стансасына астық қабылдау пункті көшірілді. 1940 жылы теміржолшылардың № 45 балалар яслиі пайдалануға берілді. 1940 жылы «Қазақстан» станциясы қалалық үлгідегі поселке болып өзгертілді. Ақсай - Орал – Елек теміржол негізінде Қазақстан станциясы ретінде құрылды. Топоним сөз «Ақ» түріктілдес елдер арасында кең тараған. Түсті білдіретін сөз, «сай», «жыра» деген ұғымды білдіреді. Ақсай деген ұғым, атау осыдан шыққан. Сондай-ақ, Ақсай – көнекөз адамдардың айтуы бойынша қала орнында ақ селеу шалқып жатқан. Орал мен Елекке келе жатқан жолаушыға ағарып жатқан сай кездесе керек. Қала орны теңіз деңгейінен төменірек жатқандықтан жан-жағында аппақ болып бор төбелер кездескен [1, 5-7 б].

Қазіргі аудан орталығы Ақсай қаласы. Ақсай қаласының тарихы өте бай және теміржолмен байланысты. Бөрлі жерінің тарихи бастауы. ХҮІІІ ғасырдың басынан өзінің апта сайынғы базарларымен танымал қазіргі Бөрлі селосының маңындағы бор қыртыстары бар жерге байланысты өз атауын қазақтың «Борлы» деген сөзінен алған. Қазақтар мал, жүн және олардан жасалған өнімдерді, былғарылар сатқан. Орыс, татар, башқұрт саудагерлері қағаз, металл бұйымдарын, киімдерді, үй жабдықтарын әкеліп сатқан. Кеңес өкіметі жылдары Бөрлі ауданының аумағы өзінің әкімшілік бағыныштылығын бірнеше рет өзгертті. 1920 жылдан 1927 жылға дейін Бөрлі болысы Орынбор облысының Илек уезінің құрамына кірді, 1927 жылдың наурыз айынан 1928 жылғы қаңтар айына дейін Орал облысының, Орал уезінің, 1928 жылдан осы облыстың «Зауральный» ауданының құрамында болды. Бөрлі ауданы облыстағы алғашқы құрылған аудандардың бірі. Қазақ ССР-і орталық Атқару комитетінің қаулысына сәйкес 1935 жылы 31 қаңтарда Батыс Қазақстан облысының құрамында Бөрлі ауданы құрылған.



Қазақ ССР Жоғары Кеңес Президиумының 1967 жылғы 29 шілдедегі жарлығы бойынша «Қазақстан» қала типтес ауылының атын ауданға қарасты Ақсай мәртебесін беру оның жаңаша дамуына дем берді. Ақсай қаласының тұрған жерінің аты бұрын

«Байжиен» мен «Бекетай» атанған. Бекетай атамиздың моласы «ПИК 59», «ТЭЦ» алдында орналасқан. Осыған орай қазіргі «Қазақстан» станциясының вокзалы, вагон жөндейтін депо, электростансасы, су мұнарасы, ағаштан екі қатарлы үйлер салынды. Бөрлідегі астық қабылдау мекемесі 1935 жылы Қазақстан стансасына көшіріліп, қазіргі элеватор тұрған жерге астық қабылдау пунктiнiң кеңсесi, бiр-екi қойма салынған. 1938 жылы өрт сөндіретін депо салынды. 1954 жылы тың игеру басталды. 1962 жылы аудандар ірілендіріліп, Бөрліге Шыңғырлау ауданы қосылды. Қала жайлы деректер. Ақсай шаһары облыс орталығы- Орал қаласынан 150 км қашықтықта орналасқан. Қаланың іргесі Орал-Илецк темір жолының салынуына қатысты 1935 жылы қаланған. «Қазақстан» атанған кент 1967 жылы қала мәртебесін иеленгесін аты Ақсай болып өзгертілген. 1965 жылдан бері Бөрлі ауданының орталығы. Шаһардың өткен тарихынан. Ашық көздердегі деректер бойынша, қаланың бұрынғы орналасқан жері «Байжиен» мен «Бекетай» аталынған екен. Бұл жерлерде қазір мұсылмандар зираты бар. Шаһардың өзі тоғыз жолдың торабы іспетті теміржолдардың құрылысына қатысты бой көтергені белгілі. 1935 жылы Орал-Елек немесе Тұзтөбе арасындағы теміржол құрылысы аяқталысымен, поезд жүргізіле бастаған. 1980 жылдар бойы Герман Демократиялық Республикасымен Чехословакиядан құрылысшылар келіп, Қарашығанақта газ өндірісіне қажетті қондырғылар салды. Осыған орай қазіргі «Қазақстан» станциясының вокзалы, вагон жөндейтін депо, электростансасы, су мұнарасы, ағаштан екі қатарлы үйлер, қазіргі элеватор тұрған жерге астық қабылдау пунктiнiң кеңсесi, бiр-екi қойма салынған. Ақсай қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 20 км жерде «Қарашығанақ» мұнай-газ конденсат кен орны орналасқан. Ақсай- Бөрлі ауданы орталығы. Бөрлі ауданы — Батыс Қазақстан облысының солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Ақсай қаласының құрамына Аралтал және Қызылтал ауылдары кіреді. Қаланың жалпы жер көлемі 12 354 мың гектар жерді алып жатыр. Шаһарда 2019 жылдың басындағы деректерге сәйкес, 56 044 адам тұрады. Сондықтан Батыс Қазақстан облысының ғана емес, бүкіл Қазақстан Республикасының стратегиялық маңызды өндірістік аймақтарының бірі саналатын Ақсай қаласының тарихын жазуды қолға алдық. Өйткені Ақсай қаласының бай көне тарихы күні бүгінге дейін нақты ғылыми тарихи зерттеу ретінде қолға алынбаған[2, 8-10 б].

1900 жылға дейін бүгінгі Ақсай қаласының маңында үш елді мекен болған: солтүстік-батыста – Байжиен, қазіргі өнеркәсіп аймағында - Қоскемпір және Бекетай. 1904 жылы Рязань – Орал - Соль-Илецк теміржол құрылысы жоспарланады. 1907-1911 жылдарғы аграрлық реформа кезеңінде Қазақстанға Ресейден, Украинадан шаруа адамдар қоныстанады. Украинадан келген қоныстанушылар, өздерінің тұрған елдімекенінің құрметіне, Ақсай қаласының айналасында негізделген жаңа орынды Новогоргиевск деп атады. 1915 жылы теміржол құрылысы басталып, мұнда Қоскемпір, Байжиен, Бақтыарал, Аралтал сияқты көрші ауылдардың тұрғындары көшіп келе бастады. Темір жол құрылысына Бірінші Дүниежүзілік соғысының тұтқындары да ат салысты. Олар жыралардың үстінен және өзен арқылы көпірлер салып, грунтпен толтырды.

1915-1916 жылдары Новогоргиевск ауылының атауы Қазақстан станциясы деп өзгертіліп, теміржол вокзалы мен суқұбыры мұнарасының құрылысы басталды. Бірақ теміржол құрылысы Азаматтық соғыстың басталуымен тоқтатылып, Кеңес үкіметі құрылғаннан кейін қайта жалғасты.

1936 жылы орталықтан Орта Азияға қарай жолды едәуір қысқартатын ұзындығы 265 км Орал - Тұзтөбе теміржол құрылысы аяқталды. 1936-1937 жылы оқу жылында №523 (46) теміржол орта мектебі, қазіргі Ақсай қаласының №5 мектебі пайдалануға тапсырылды.

Осы кезден бастап Бөрлі ауданының өз алдына әкімшілік-аумақтық құрылу тарихы басталды. Аудандық мекемелер-жоспарлау комиссиясы, жер комитеті, аудандық қаржы бөлімі, денсаулық сақтау бөлімі, халыққа білім беру бөлімдері,

аудандық байланыс, әлеуметтік қамту, ішкі сауда, аудандық коммуналдық шаруашылық, аудандық жабдықтау мекемелері құрылып, жасақталды. ОГПУ-дің аудандық бөлімі, милиция, прокуратура, ауыл шаруашылық банкі құрылып, аудандық сот сайланды [3, 236 б].

1940 жылы ауылдық елдімекен қала үлгісіндегі ауылға айналдырылды. Ауылға үйлер салынып, көше атаулары берілді. 1963 жылы қала түріндегі Қазақстан станциясы Бөрлі ауданының орталығы болып белгіленді. Жаңа аудан орталығында әкімшілік үйлері, аурухана, «Октябрь» және «Дружба» кинотеатрлары, Совет көшесі бойында 4 қабатты үй және басқа да объектілер салынды. Жеке тұрғын үйлерді салу белсенді жүргізіле бастады, халық саны көбейе түсті. Қазақстан станциясының сол аймақтың әлеуметтік-экономикалық орталығына айналғандығын ескере отырып, Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің Президиумы 1967 жылғы 29 шілдеде №263-7 қалалық үлгідегі Қазақстан поселкесін аудандық дейгейдегі Ақсай қаласы деп өзгерту жөніндегі жарлығын қабылдады. Ақсайға қала мәртебесінің берілуі аудан өркендеуінде жаңа серпін әкелді. Аудан радиохабарларымен бірге теледидар хабарларын да қарай алатын болды, сол үшін телемұнара салынды, телефон байланысы жетілдіріле түсті, 500 нөмірлік АТС енгізілді. Жаңа дүкендер, әмбебап тұрғызылды. 80 жылдардың ортасынан бастап Ақсай қаласы тарихында жаңа кезең басталды. Ол Қарашығанақ мұнайгаз кен орнын игеруге байланысты еді.

Кен орнындағы өндірістік объектілер құрылысымен бір мезгілде Ақсай қаласында да өндірістік базарлар, инженерлік желілер, коммуникация желілері шапшаң жүргізіле бастады. Қаланың өндірістік объектілері ғана емес, әлеуметтік-тұрмыстық объектілерді салуға да Болгария, Чехословакия, Германия елдерінің мамандары қатысты. Шетелдік мамандар салған 4,5,10 ықшам аудандар Ақсайдың сәнін келтіріп-ақ тұр. Өткен өмір белгілерімен жаңа жарқын өмір көріністерінің үйлесім табуы, Ақсай қаласының өзіндік ерекшелігі. Фотосуреттерде Ақсай қаласында алғашқы салынған ғимараттар көрсетілген. Алғашқы су мұнарасы, автобекет, теміржол клубы және тағы басқалары. Ақсай қаласының өркендеуі теміржолмен байланысты деп айтып кеткендей, Қазақстан станциясы алғашқы станциялардың бірі болып есептелді. **80-ші** жылдардың басында Қарашығанақ мұнайгазконденсаты кен орнының ашылуы мен игеріле бастауымен ауданымыз және Ақсай қаласының өмірінде жаңа кезең басталды.



Ең ірі кен орны – Қарашығанақ 1979 жылы ашылды. Кен орнының көлемі 280 шаршы шақырым жер алып, құрамы 1,2миллиард тонна мұнай мен конденсаттан және 1,35 триллион куб метр газдан тұрады [4, 280 б].

Қарашығанақ Қазақстанға әкелінген шетелдік капитал мөлшері 4,3 миллиард АҚШ долларынан астам сомандан тұратын ең ірі инвестициялық жобалардың бірі болып табылады. 1979 жылы тамызда Қарашығанақ ауылының маңындағы №10 іздестіру ұңғымасынан газ және конденсат байқалды. Осы оқиға Қарашығанақ мұнагазконденсаты кен орнының ашылуы болып саналады. Алғашқы кен көзін ашушылар – Сухан Мақсотұлы Камалов басқаратын «Оралмұнайгаз геология» өндірістік геологиялық бірлестіктің, барлау экспедициясының бұрғылау шеберлері Ленин және Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері Андрей Жарылғасұлы Жарылғасов пен Қазақстан мемлекеттік сыйлығының лауреаты Сергей Федорович Лапшиннің бригадасы болатын. Сухан Мақсотұлы Камалов 1935 жылы 21 желтоқсанда Батыс Қазақстан облысы, Казталов ауданы, Асанқұдық ауылында дүниеге келген. Қарашығанаққа алдымен келгендердің бірі В.Я.Серединнің бригадасы. 1981 жылғы желтоқсанның 16-сы күні бригада алғашқы ұңғыманы бұрғылау жұмысын бастап кетті. Кенішті белсенді игеру 1981 жылы басталды. Қазақгазөндірісі басқармасы құрылып, оның алғашқы басшысы Владимир Петрович Лабазов тағайындалды. Бірақ та өндірістік газ айдау кешенді дайындау қондырғысын іске қосу сәйкесті ұңғымалар қорымен қамтамасыз етілмейінше мүмкін емес еді. 1981 жылы қарашада Қарашығанақ бұрғылау жұмысының басқармасы ұйымдастырылды, оны Николай Павлович Кобышев басқарды. 1984 жылы кешенді дайындау қондырғысының (ГП -16) құрылысы аяқталып, алғашқы ондаған мың текше метр газ Орынбор газ өңдеу зауытына жіберілді, сөйтіп кенішті тәжірибелік - өндірістік пайдалану басталды. Бұл көптеген адамдардың: Орал геологиялық барлаушыларының, пайдаланушылардың, құрылысшылардың, монтаждаушылар мен реттеушілердің жемісті еңбектерінің нәтижесі еді. 1986 жылы газ өндірушілердің алғашқы жатақханасы, 78 пәтерлік тұрғын үй пайдалануға берілді, асхана, «Факел» дүкені ашылды. Бұл объектілердің құрылысына Болгарияның, соңынан Чехословакияның және Германия Демократиялық Республикасының құрылысшылары қатысты. 1985 жылы Өзбек және Ақсай бұрғылау жұмыстарының басқармасы құрылды, басшысы Юрий Иванович Дубровский болды. 1985 жылы «Қазақгазөндірісі» өндірістік бірлестігі «Орынборбұрғазөндірісі» өндірістік бірлестігінің құрамына кірді. Алғашқы директоры болып В.Н.Новиков тағайындалды. 1985 жылдың 16 желтоқсанында Қарашығанақты жайластыруда шетелдік құрылысшыларды қатыстыруды қарастыратын үкіметаралық Ямбург келісіміне қол қойылды.

1992 жылы шілдеде Қазақстан үкіметі мен «Бритиш Газ-Аджи» Альянсы арасында кенішті өндірістік игеруге ниет білдірген хаттамаға қол қойылды.

1997 жылы 18 қарашада Вашингтонда Қарашығанақ өнімін бөлу жөніндегі Негізгі Келісімге қол қойылды. Келісім-шарт 40 жылға жасалды. Оның қатысушылары – «Бритиш Газ» (Ұлыбритания -32,5), «Аджи»(Италия -32,5), «Тексако»(АҚШ-20), «Лукойл»(Ресей -15) фирмалары [5,74-80б]. Қарашығанақтағы газ өндіру көлемін жылына 20млрд. кубметрге жеткізу, ал конденсат өндірудің көлемін 12млн. тоннаға жеткізу көзделді. Қарашығанақмұнайгазконденсаты кен орнының тарихында жаңа парақтар ашылды. 1998 жылдың 17 қаңтарында шетелдік фирмалар альянсы кен орынын игеруге мемлекеттік лицензия алды. 1998 жылдың 27 қаңтарында Негізгі Келісім өз күшіне енді. Бұл күн Қарашығанақ жобасының өмірге енген күні. 1998 жылы маусым айында жобаның Бас менеджері болып Пол Джордан тағайындалды. 1998 жылы шілде айында Қарашығанақ мұнайкәсіпшілік компания «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.»құрылды. Жобаның келесі Бас директорлары Марио Бекеручи, Джон Морроу, Паул Компелли, Роджер Фокс, Джузеппе Пази болды.

2000 жылдың сәуір айында басты объект ГП-2, Қарашығанақ өңдеу кешені және модернизация ГП-3 құрылысы басталды.

2001 жылы 5 қыркүйекте Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жаңа салынған қуаты 120 мегаваттық газтурбиналық электростанциясын іске қосу салтанатына және Ақсай станциясынан Қарашығанақ өңдеу кешеніне дейінгі қайтадан салынған теміржолмен поездардың қозғалысының ашылуына қатысты.

Кен орнын игерудің 2 фазасы шеңберінде газды және сұйық көмірсутегін қайта өңдеу мен газды қайта өңдеудің жаңа нысандары салынды, сол сияқты 635 километрлік Қарашығанақ – Үлкен Шаған – Атырау экспортқа шығатын, Каспий құбыры консорциумы жүйесіне кен орнын жалғайтын және Қарашығанақ мұнайын тасымалдауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін Новороссийскінің Қара теңіз портына дейін экспорт құбыры тартылды.

Мемлекет басшысы Н. Назарбаев 2003жылы 1 тамызда Қарашығанақ қайта өңдеу кешені мен сұйық көмірсутегін Каспий құбыры консорциумы беру құрылысының аяқталуына арналған салтанатты митингіге қатысты.

Сәндік сырғыма тұтқаны жылжыту арқылы Президент Қарашығанақ көмірсутегінің ҚКК жүйесі арқылы Қара теңіздің Новороссийский портына дейін тасымалдауына бастау жасады. Әйнек астынан Қарашығанақ кен орнынан игерілетін мұнай үлгілерін көре аласыз. Зор қызығушылық тудыратын Қарашығанақ кенорнындағы бұрғылау қондырғысының макеті, фонтанно-арматура, арнайы киімдер, кен орнының алғашқы із ашушылары, ресми сапарлары, әлеуметтік мәдениеттің нысандары туралы фотосуреттер.

Кен орнын игеруде 500 отандық компаниялар зор үлес қосты. КПО-ның негізгі қазақстандық серіктестері АҚ «Ақсайгазсервис» (Т.И.Шектыбаев), АҚ «Бөрлігазқұрылыс» (Агаев А.А.), АҚ «Ақсайавтотранс» (Хасанов И.Ф.), АҚ «Қазбұрғаз» (Утебалиев) және басқалары.

КПО б.в. әлеуметтік жобаларды ҚПО қаражаты есебінде іске асырады: Ақсай қаласында су бөгеті жүйесі жаңғыртылды, суқұбыры мұнарасы салынды, орталық аудандық емханасында, Жарсуат орта мектебінде, Жарсуат ауылындағы мәдениет үйінде күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді, басқа да жобалар қаралуда. Ақсай қаласында №6 мектеп-лицейі, «Наурыз», «Алтын бесік» балабақшалары, «Қарашығанақ» спорттық-сауықтыру кешені және тағы басқалары салынды. Экспозицияларды қарап шыққан соң Қарашығанақты игеру тарихы туралы видеофильмдерді қарауыңызға болады [6, 55-58 б].

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Ақсай-Қарашығанақ Алматы НГУ ТОО «Тау-Кайнар» 2007-280 б.
2. Редакция газеті «Панорама Карачаганака»
3. Бөрлі жері. Қарашығанақ. Фотокнига-Алматы: ТОО «Издательство Золотая Книга», Алматы 2019 -236 с.
4. «Ақсай» энциклопедия Орал-2017 «Полиграфсервис» ЖШС
5. Ғалымның тарих мектебі Орал-2007 «Полиграфсервис» ЖШС 74-80 беттер «Қазыналы Қарашығанақ»
6. Ел тұлғалары Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы Алматы «Арыс» баспасы-2011
7. Ақсай қалалық мемлекеттік мұрағаты 18-қор, 1- тізбе, 18-іс, 67 п.
8. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты 439-қор, 1-тізбе, 182-іс, 93 п.
9. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты 1976-қор, 1-тізбе, 70-іс, 38-39 п.

## ОРАЛДЫҢ ОРАЛМАНДАРЫ

Мусина Ш.А.

*М.Өтемісов атындағы БҚУ магистранты, Орал*

Биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге 30 жыл толды. Отыз жыл- қас-қағым сәтті халқымыздың тарихында дағдарысы мен дамуы алмасқан уақыт деп те қараймыз. Азат еліміздің алғашқы жылдарында белесті тарихтың ақтандақ беттер ақтарылды: дүниежүзіне тарыдай шашылған қазақ баласын атажұртқа шақырып, Ұлы көшке жол аштық. Нәтижесінде ел еңсесі көтеріліп, ұлттық рухымыз асқақтады. Тәуелсіздік алған жылдарынан бастап, Қазақстан Республикасының түкпір- түкпіріне келіп, орналасып жатырған қазақ хандастар Батыс Қазақстанға да толассыз келіп жатты. Оралдың оралман отбасыларының ортаға тез бейімделу ерекшеліктері таң қалдырмай қоймады. Қазақтың ұлттық болмысын қатаң сақтаған, салт- дәстүрді ерекше дәріптейтін, ана тіліне ерекше құрметпен қарайтын ағайындарымыз туралы қаншама зерттеулер жүргізілді. Батыс Қазақстандағы қоныс аударушылардың әлеуметтік бейімделуі бойынша зерттеу материалдарына назар аударсақ, «Батыс Қазақстан облысындағы демография проблемаларын шешу, оның ішінде ауыл мен қала арасындағы көш- қон байланыстары туралы зерттеулерді парақтап, сауалнамалық зерттеулерді көзім шалды, онда Орал қаласының Зашаған ауылын (Арман, Кең дала, Көктем, Сартау, Жаксы ауыл, ПДП-8, ПДП- 9 шағын аудандары) Подстепное ауылын (Зеленов ауданы), Тасқала ауылын (Тасқала ауданы), Ақсай қаласын (Шанхай шағын ауданы), Қызылтал ауылын, Пугачев ауылын (Бөрлі ауданы) қоныстанған оралмандарға жүргізілген әлеуметтік сауалнамаға 1497 адам, 300 отбасы тартылған екен. Сұрау салынған тұрғындардың шамамен жартысы ер адамдар, екінші жартысы әйел адамдар. Сауалнамаға қатысқандардың негізгі жас құрамы- 18-ден 50 жасқа дейінгілер. Мектеп жасындағы 7-18 жастағы балалар 25 пайыз құрайды. Барлық сұхбат бергендер этникалық тұрғыдан қазақтар. Қоныс аударушылар 3 негізгі топқа бөлінген: 1. Өзбекстаннан (Самара облысы, Ташкент облысы, Қарақалпақстан) қоныс аударушылар. 2. Ресей Федерациясынан (Ресей Федерациясының Батыс Қазақстан облысына шекаралас) қоныс аударушылар. 3. Ішкі (облысаралық, облысішілік, ауданаралық, ауданішілік) қоныс аударушылар[7, 66 б.)

... «Атамекенім- алтын бесігім» демекші алысқа ұзап шықсаң жеткенше асығасың, шетте ұзағырақ жүріп қалсаң, жүрегіңді сағыныш кернеп, кеуденді мұң басады. Ал шет жұртта тұратын қазақтың атажұртын жүрегінің құндағына бөлеп, кие тұтып жүретіні анық, сондықтанда Тәуелсіздігіміздің биік белестерінің бірі шет елде жүрген ісі қазақтың басын қосу- үлкен ұлттық рухани өрлеуі мен елдік оқиғасы, қазақ мемлекетінің жарқын бетбұрысы, жойқын ұмтылысы болды...» дейтін ісі қазақ халық тарихының қатпарлы кезеңдерінде атамекенін тастап кетуге мәжбүр болған қазағының тарихи отанына оралғанын көңіл құндағына бөлеп, қуанып, қазаққа қазақ қосылғанын мақтанышпен айтып жүр. Мен, ұстаз ретінде Бір жағынан қаламыздың Хиуаз Доспанова атындағы №30 жалпы орта білім беретін мектепте оқитын оралман балаларының білімге, өнерге ден қоятынын ерекше атап өткім келеді. Қарақалпақстан Республикасы, Бозатау облысы, Мойнақ ауданы, Қызылжар ауылынан келген Зашаған кенті ПДП-5, №444- інші учаскесінде тұратын Нұраддинов Бердібайдың отбасының балалары, 2005 жылы Ташкент қаласынан, жоғары Шыршық ауданы, Жамбыл ауылынан Орал қаласы Зашаған кентінің, ПДП- 5, №141- інші учаскесінде тұратын Сайлыбаев Жанболаттың отбасы төрт баласын осы аталмыш мектепте оқытқан еді. Қарақалпақстан Республикасынан келген Джалгасовтар отбасы балалары Орал

қаласының А.Байтұрсынов атындағы № 10 жалпы орта білім беретін мектебін оқып бітіріп еңбекке араласты. Өнерлі оралман балалары , ана тілінде төсіле сөйлейтіндігі таң қалдырды.

Оралмандарды елімізге шақырып, оларды құшақ жая қарсы алуымыздың да өзіндік себептері жоқ емес. Тәуелсіз мемлекеттің стратегиялық жоспарына сәйкес іске асырылуға тиіс міндеттердің бірі- аумағы жағынан дүниежүзінде тоғызыншы орынды иеленетін елдің халқының санын арттыру, олардың әлеуметтік жағдайын жақсарту. Осы зерттеу жұмысымызға арқау болған оралмандармен кездесіп, сұхбаттасқан кезде, көшіп келу барысында қалыпты өмір сүруге жағдай болмағандығын, абаттандырылмағандығы, жер телімі енді ғана игеріле бастағаны 1-2 жанұя салынып бітіп тұрған үйлерге орналасса, көпшілік оралмандар барақта тұрып, үйлерін салып жатырған екен. Су құбырлары 5-7 жылға дейін қиындық туғызғандығын айтады. Ал, қазір, әдемі үйлер, гараж, шаруашылық құрылыстар, газ, электр желілері тартылған, спутниктік антеналар, биік дуалмен қоршалған зәулім үйлер, шаруашылық құрылыстар, шетелдік қымбат автокөліктері бар. ПДП -7,8 адерстерде тұратын тұрғындар үйлердің шашыраңқы орналасқандығын сөз арасында айтып қалды. Көпшілік үйлердің арақашықтығы өте жақын (1-1,5 метр). Мемлекет бөлген квотаның жер телімін сатып алуға да жетпей қалғандығын, сондықтан бұрынырақ келген оралмандардың жерінің жартысын (5 жүздік) сатып алуға тура келгендігін алға тартты. Жұмысқа тұра алмаушылықтың бірден- бір себебі орыс тілін меңгермегендіктері деп санайды. Су құбырының жоқтығынан және жерді өңдеу жағдайлары болмағандықтан бақша өсіре алмайды. Көшулерінің басты себебі- тарихи отандарына оралу (100%), балалар туған тілдерін, мәдениетін ұмытып, ассимиляция салдарынан көз алдымызда «өзбек» болып баратын дейді. Өзбекстан оралмандарының ерекше белгісі отбасының көп балалығы. (30 жастағы ата- аналардың әжептәуір жастығына қарамастан 4-5 балалары бар) Түгел ауыл болып көшеді, бір- біріне жақын адамдар шағын орналасқан. Кейбір үйлерде 12-16 адамнан тұрады. «сіздің жанұяңызда кіріс көзі не?» деген сұраққа, көбі «Жалдамалы жұмыс- шабашка» деп жауап береді. Бұл Зашаған кентінде тұрып жатырған қоныс аударып келушілерге тән жағдай. Бұл сөздің мағынасы құрылыс жұмыстары болса керек. Бірақ құрылыста жалданып жазғы уақытта жұмыс істейді екен.

Осы сұхбаттасу кезінде байқағанымыз, «Өзбек» қазақтарының оралғандарының көші- қонының 2 толқынын бөлуге болады. көші- қон бірінші толқыны-2001-2002 жылдары Самарқан және Ташкент облыстарынан келген қоныс аударушылар. Олар Даринск ауылында, Зеленов ауданының Переметное ауылында , Тасқала ауданының, Тасқала ауылында, Бөрлі ауылында, Бөрлі ауданының Қызылтал ауылында қоныстанған [7, 68б.] . Жергілікті (көрші- қолаң) тұрғындардың айтуына қарағанда өмір сүру деңгейлері, әлеуметтік жағдайлары жоғары: олар еңбекқорлықтарымен ерекшеленеді екен.Үйлері тастан салынып, аулалары қоршалып, бау- бақша, тіпті кейбіреулері үй құстары мен үй жануарларын ұстайтындарда кездеседі екен. Оған қоса өқосымша жалға жер алып, өңдеп бау- бақша өсіретіндіктері тағы бар.

Көші- қонның екінші толқыны (3жылға дейін)- Қарақалпақстаннан қоныс аударушылар. Оларда негізінен алғанда Зашаған кентінде (ПДП- 8,9), Переметное, Подстепное, Бөрлі ауылдарында оралмандар екі лекке бөлінеді, 1 лек- Самарқан, Ташкент қазақтары, 2 лек- Қарақалпақ қазақтары. Ташкенттіктен өздерін Сырдариялықтармыз деп атаса, Қарақалпақстаннан келгендер өздерін амудариялықтармыз деп атайды екен. Сырдариялық қазақтар әлеуметтік өмірге табысты бейімделген, жұмыс істейді,бағбандықпен айналысады, бақша егіп, мал ұстайды. Амудариялық қазақтармен әңгіме барысында жұмыссыз жүргендерін, оларға бөлінген квота 2001-2002 жылдармен салыстырғанда төмендеп кеткендігін тілге тиек етті. Көбі бұрынғы тұрған жерлері әлдеқайда жақсы болғандығын алға тартады. Алайда тарихи отанына қайту талпыныстары оларды осында алып келген. [7, 70-71бб.]

Оралмандардың сырдариялық, амудариялық деп бөлінуі туралы зерттеу еңбектерінде де көрініс тапқан. Онда БҚО аймағындағы аудандарда орналасқан қоныс аударушылардың қарақалпақстаннан келгендері туралы жергілікті тұрғындар былай сипаттайды: әйелдері әдетте жұмыс жасамай, бала тәрбиесімен айналысады екен.

Орал қаласына келген оралман ағайындардың жағдайы жақсы, бәрі дерлік еңбек етеді. Тіпті зейнеткерлерге де тыным жоқ. Бос жүрген жанды көрмейсің, ең құрығанда бау- бақша баптайды. Орта мектеп бітірген жастар арасында да тегін оқу грантын ұтып алып бүгінгі күні қызметке аралып кеткендері жиі кездеседі. Атажұртында жағдайын жасап, өз еңбегімен тер төге елге қызмет етіп жүрген оралман ағайындардың есімдерін атап өтпеске болмайды. Жақында жерлес тілшіміз Серік Ықсанғалидың «Көш жандана бастады» тақырыбында мақаласын оқыған едім, Ресейден келген Елтай Камелешов, Өзбекстаннан келген Зухра Құрбанбаева, Әбдікәрім Омаров, Мұхтар Пирмағамбетов сынды ағайындарымыздың, жеке кәсіпкерліктерін ашып, халықты жұмыспен қамтып, еңбек нарығында үздік атанып отырғандығы туралы естіп, таңырқадым. Еліме ризамын! Ерінбей еңбек етсең, бақытың қолыңда, ең бастысы- атамекендеміз,- дейді ағайындар. Өзбек елінен келген бауырымыз Нұрәділ Алдаров Оралдағы ауыл шаруашылығы техникумын бітіріп, Зеленов ауданында «Олжа» шаруа қожалығын құрды. Қазір мал және егін шаруашылығымен айналысуда. Соңынан «Новенький» жеке кәсіпкерлігін ашып, көлік тасымалын да қолға алды. Нәтижесінде бұрынғы 7 жұмыссызды тұрақты еңбекпен қамтыған. Тағы бір Өзбек елінен келген қандас, тасқалалық Санжарбек сағынов «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасының екінші бағыты аясында 6 құрылтайшымен КС- «Зергер и Т» ЖШС-ін құрды. Кейін несие серіктестігінен «Рамазан» жеке кәсіпкерлігі құрылып, пластикалық терезе жасау цехын ашты. Күні бүгінге дейін олар халыққа қызмет көрсетуде. Оралдың оралмандары жергілікті халықпен мидай араласып, бауыр басып, әр салада еңбек етіп, ұрпағын өсіріп, өзара дос- жаран, кестелі сөзбен айтқанда, «тастай батып, судай сіңді». Қандастар облыстың экономикасы мен мәдениетін дамытуға, шағын және орта кәсіпкерлікті алға бастыруға қомақты үлесін қосып жүр. Бұл игі үрдіс оң жалғасын тауып, «Елге- ел қосылған- құт мекенге» айналғанымыз хақ. Ағайынымызды бауыр тартайық! Жанашыр бола білейік!

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Боранқұл А. «Оралманға оң көзқарас // орал өңірі-2007.- 20 қазақ.- 2 б.
2. Байтеміров Ш. «Қандастарымыз елге оралуда» // Жайық үні.- 2007,- 27.12.- 3 б.
3. Ихсанғали Серік «Бауырды жатсынбай, бауырға тартайық!» // Орал өңірі.- 2016.- 18.02.-Б. 11.
4. Ихсанғали Серік «Көш жандана бастады» // Орал өңірі.- 2016.- 29.11.-Б. 10.
5. Омарұлы Б «Жүректің көзі»- Алматы- 2007- 327б.
6. Сдықов М, Аман Ә, Мәден А, Шерғалиева М «Батыс Қазақстан территориясындағы жақын шет елдердегі этнодемографиялық процестер» - Орал, 2008- 328б.
7. «Тәуелсіз Қазақстан тарихын зерттеудің өзекті мәселелері» : ғылыми- танымдық мақалалар жинағы - Астана полиграфия- 2013.- 200 б.
8. Республикалық «Ел- жұрт» ақпараттық газеті, 2016ж. 29.11.

## МЕРГЕН ҚЫЗ -МУСЛИМА ҚОЖАХМЕТОВА

СИСЕНОВА А.С.

*М.Өтемісов атындағы БҚУ магистранты*

XX ғасырдың 40 жылдарындағы Кеңес Одағының Ұлы Отан соғысы екінші дүниежүзілік соғыстың құрамдас бөлігі ретінде тарихқа мәңгі енген болатын. Бұл сұрапыл соғыста Қазақстандағы әр шағырағынан көп адам қолына мылтық алып, елін қорғауға бар күшімен кірісті. Сұрапыл соғыс қалай басталды дегенде келесі мәліметтерге сүйене отырып айта аламыз: шабуыл жасаспау жөнінде (23.08.1939 жылы) КСРО-мен жасап бекітілген келісімді Германия мемлекеті 22.06.1941 жылы бұза отырып, соғыс жарияламастан Кеңес Одағының территориясына аяқ астынан басып жаулауға кірісті.

Майданға аттанған көптеген ұлдар мен қыздар кеудесін оққа тосып, толарсағынан қан кешіп, қажырлықпен жүргізген шайқастың нәтижесінде Ұлы Жеңіске қол жеткізіп, Отанды, халықты қорғап қалды. Бұл соғыс кеңестік халықтарды да бір сыннан өткізіп отырғандай болды. Ұлы соғыс сынында қазақтың ұлдарымен қатар қыздары да өздерінің жауынгерлігі, парасаттылығы және Отанға деген адалдығын әлемге паш етіп, қазақ халқының мінезі мен қасиетін танытты. Сондай ерлік көрсеткен жерлес қыздарымыздың бірі - ол Қожахметова Мүслима. [6, 4 б.]

М.Қожахметова БҚОБлысы Жымпиты ауданында орналасқан Қосаба мекенінде 15.08.1924 жылы дүниеге келіп, ауыр кезең басталған уақытта 8 класта оқып жүр еді. Кешкі мектепке ауысып, күндіз де баспаханада жұмыс жасап жүрді. [6, 396.]

9 класты 1943 жылға таман аяқтап майданға жіберуді өтініп, өтініш жазған әскери комиссариат жасы жетпейтінін ескертіп, өтінішін кері қайтарады. Бірақ пысық қазақ қызы алған бетінен қайтпай, көп рет сұранып, соңында өз дегеніне жете отырып 24.06.1943 ж. Оралдан аттанады. Қасында одан басқа жиырма төрт қызбала бар еді. (дерек көздерін саралап қараған уақытта осы топтың құрамында Тоқтамышева Малика мерген қыз да болғаны белгілі болды.) Кеңес Одағының бас қаласы түбінде орналасқан Подольск атты Орталық мерген қыздар дайындайтын мектебіне жіберіледі. [6, 396.]

Мүслима ана естелігінен: «Мергендер мектебіне басында алғысы келмеді. Бару үшін бой ұзындығы жүз елу м биік болу керек екен, ал менің бойым жүз қырық тоғыз м. Еліме қатер төніп тұрған сәтте соғысқа аттанғым келетінін айтып, болмадым. Бойымды өсіремін дегенім бар...» [1, 4 п.], - деп еске алады. «Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлова оқыған мектепті ойдағыдай аяқтаған соң, ефрейтор шенінде болып мерген қазақ қызы 14.03.1944 жылы Великие Луки деп аталатын қаласында Калинин майданының жиырма бірінші дивизиясының үшінші - атқыштар армиясына аттанады. [6, 416.]

Марияның майданға кеткен кезінде шайқаста ерлікпен қаза болған еліміздің батыр қызбаласы Әлия Молдағұлова жайлы бүкіл майдан баспасөздерінде жарыса жазып жатқан уақыты еді. М.Қожахметова естелігінен: «Ә.Молдағұлованың өлімі бүкіл еліміздің халқын сияқты біздің де қабырғамызды қайыстырды. Кек пен намыс қайнады. Әрқайсымыз майданға барғанша асықтық. Батыр қыз үшін кек аламыз деп уәде беріскен болатынбыз...», - деп еске алады [2]. Рота командирі Лобковская Нина, Ускина Руфа, Мухамбетжанова Фатима, Киселева Клавдия сынды қаруластарымен бірге мерген Қожахметова Мүслима да Ресейдің Псков, Святые горы, Михайловск атты орыс қалаларын фашистерден азат етіп, содан соң соғысты Польша, Латвия, Эстония жерлерінде, Германияның басты қаласы Берлинді алу операциясымен аяқтаған болатын. 1941-1945 жж аралығындағы соғыста мергендігімен көзге түскен М.Қожахметова 27.05.1944 жылы алғашқы медалімен марапатталады. Ол «Ерлігі

үшін»медалі. М.Қожахметова «Варшаваны азат еткені үшін», «Берлинді алғаны үшін» «Қаһармандығы үшін», [3, 3 б.] медальдарымен марапатталды. [6, 416.]

М.Қожахметова соғыс туралы естелігінде былай деген: «Соғыста медаль тектен-тек беріле салмайды. Висла өзені үшін 1945 жылдың бастарында ауыр шайқас өтті. Маған Зинаида Викторовнамен бірге взвод командирі немістің пулеметшілер дзотын көзін жоюға бұйрық берді. Бұйрықты орындамау мүмкін емес. Екеуміз екі сағаттай еңбектей жүріп жетіп, бесжүз метр жерге, қарлы шұңқырға келіп орналастық. Осы уақытта неміспен арамыздағы қашықтық небары жүз елу метр болатын. Түнде қуатты прожекторлар жарқылдай бастаған болатын. Фашистер олар беті жабылған окопка қатты бекініп алған болатын. Түнде қатты аязы болса күшіне алып, буып тұр. Бұл уақытта жерде жатқан біз, немістердің жасырынып тұрған жамылғылармен бүркелген техникасын байқап қалған болатынбыз. Техниканы атқылап тұрып, берілген алғашқы тапсырманы абыроймен орындап келдік. Келесі күні батуға таянғанда Зина және мен көмейінен снарядтар жаудырған фашист дзотының үнін өшірген болатынбыз. Бұдан кейін кеңестер әскері жаппай шабуылды бастады. Өкінішке орай, осы жерде Мүслима мерген контузияға ұшыраған болатын. Алайда контузияға қарамастан ол күн мен үшін естен кетпес күн болып қалды. Шайқастағы көрсеткен ерлігім үшін «ІІІ дәрежелі Даңқ» орденімен марапатталдым»[2],- дейді. [6, 416.]

1945 жылы он алтыншы сәуірде Берлин операциясы басталды. Бұл жойқын соққыға бүкіл Кеңес Одағының халқының күші, қуаты, еркі, жігері демеу көрсетіп, ал оны толықтай жүзеге асыруға Қазақ жерінен келген көптеген солдаттар да өз үлестерін қосты [4, 481б.]. Әрине, бұған бүгінгі кейіпкеріміз қазақтан шыққан мерген батырымыз Қожахметова М. да қатысқан еді.

Соғыстың аяғы да көрініп тұрған 1945 жылы мамыр айында мергендер ротасының ішінде болып, Германияның Берлин көшелерінің бірін жаулап алуға қатысқан Қожахметова М: «Клавамен бірге түнгі кезекші болып кері қайтқанымызда, жауынгерлер би билеп, ән салып жүргенін байқадық. Жеңіс! Жеңіс! Жеңіс! деп айғайлап жүрген солдаттар. Таң атқанша бәріміз, көз ілмедік», - деп Мүслима Қожахметова көптен күткен Жеңіс күнін осылай қарсылағанын күлімдеп жеткізді. [6, 426.]

Осылайша «ІІІ дәрежелі Даңқ» орденінің иегері атанған батыр қыз М. Қожахметова 1945 жылы маусымда жеңіспен елге келген болатын. [6, 426.]

Елге аман есен оралған Мүслима Қожахметова бейбіт өмір тірлігіне белсене қатыса бастады. Орал қаласында орналасқан ет комбинатында мал сою цехында 36 жыл үздіксіз еңбек еткен болатын. Жанұясында екі қыз, екі ұл тәрбиелеп өсіріп келді. [6, 426.]

1991 жылы он сегізінші және жиырма үшінші мамыр күндері аралығында Ресейдің Подольск қаласының Орталық мерген қыздар мектебінің бітірушілерін Орал қаласына кездесуге шағырып, жиын өтті. Кеңес Одағының Мәскеу, Кишинев, Одесса, Ленинград, Куйбышев, Рязань, Алматы, Краснодар т.б. қалаларының түпкір түпкірінен сол Ұлы Отан соғысының қырық бес ардагер аналары кездесіп қауышты. Олардың арасында қазақ қызы Мүслима Қожахметова да болған еді. Осы кездесу жиында оқылған басты баяндамада ол туралы: ««Ветеран труда» скромная, незаметная женщина, небольшого роста, а какая сила, доброта, мужество видны по ее боевым наградам», - деп жазылды. Осы мерген қыздар жиынында Орал жерлестері Л.Н. Жировалармен бірге Қожахметова Мүслима да ОК-нің Құрмет грамотасымен марапатталып, құрметке иеленді»[1]. [6, 436.]

Халқымыз «Ерлік елге мұра, ұрпаққа ұран» дейді. Демек өнегелі өмір сүріп, мерген қыз атанған Қожахметова Мүслима да жас ұрпақтың мәңгілік мақтанышы болып қала береді.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты. 273-қор, тізбе-1, іс-14. 2-бума.
2. Қ. Тұрсынұлы Дзоттың үнін өшірген // Заман Қазақстан, 2005. 7 қаңтар.
3. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты. 273-қор, тізбе-1, іс-15. 2-бума.
4. Қазақстан тарихы көне заманна бүгінге дейін. Бес томдық. 4-т., Атамұра, Алматы. 2010.
5. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты. 273-қор, тізбе-1.
6. Б.С. Боранбаева Ұлы Отан соғысына қатысқан Батыс Қазақстан облысының қазақ қыздары. Орал 2020 ж

ӘОЖ 929(574)

### БАТЫС АЛАШОРДА ҚАЙРАТКЕРІ, ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ МҰНАЙ БАРЛАУШЫ ГЕОЛОГЫ - БЕРКІНҒАЛИ АТШЫБАЕВ

**ОПИЕВ Д.Ж.**

*тарих магистрі, С. Сейфуллин атындағы №11  
облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты, Орал*

Жиырмамыншы ғасырдың бас кезінде қазақ қоғамында мүлдем жаңа жағдай қалыптасты. Ресейлік әскери-монархиялық басқару жүйесінің дағдарысы, қазақ жерінің Ресейдің меншігі етіп жариялануы, осыған орай ішкі Ресейден қоныс аударушылар легінің күрт өсуі, қазақ бұқарасының зорлықпен егіншілікке жарамды жерлерден ығыстырылуы, дәстүрлі қазақ шаруашылығының терең дағдарысқа ұшырауы сол қалыптасқан жағдайдың нақты көріністері еді. Осы ретте қазақ интеллигенциясы бұған дейін болмаған қарқынмен қаулап өсіп, қалың Алаштың қамын жеген игі бастамалар көтерді. Сол бір жанкешті жылдарда өлкедегі саяси жұмыстардың қызу ортасында жүріп, артына өшпес із, іргелі ой, сүбелі іс қалдырған ұлдардың бірі - Беркінғали Мұқашұлы Атшыбаев.

Беркінғали Атшыбаев 1897 жылы бұрынғы Гурьев уезі Қазыбек болысы Миялы ауылында дүниеге келген (қазіргі Атырау облысы, Қызылқоға ауданы). Тегі – он екі ата Байұлына жататын шеркеш руының жауғашты бөлімі. Бабасы Қазыбек (1760-1824 ж.ж) – Кіші жүздегі белгілі билердің бірі. [1]. Атасы Атшыбай – «Аузына арам салмаған, ортадан пара алмаған» шеркеш-жауғашты-батырқожа Қазыбек биден тарайды. Мыңғырған мал айдамағанымен, адал ішіп, ақ сөйлеп, өнер-білімді бойына жинап өскен, жүйрік ұстаған, сән-салтанаты келіскен, елге асқан беделді әулет болған [3]. Сонымен қатар 1869-1870 жылғы «Ел ауа» аталған Кіші жүз қазақтары көтерілісінде қол бастаған батыр, осы күнге дейін Қызылқоғада «Атшыбайдың көңі» деп аталатын атажұрты әлі сақталған [1]. Өз әкесі Мұқаш Атырау-Орал өңірінің көзі ашық, сауатты әрі сауда капиталымен айналысқан дәулетті, белгілі адамдарының бірі болған. Оның әкесі қазақша-орысша сауатты, үйінде бай кітапханасы болған. Балалары: Беркінғалиды, Құсайын мен Әжіғалиды Гурьев, Орал қалаларында арнайы оқытқан [2]. Беркінғали Атшыбаев 1905 жылы Гурьев уезі Есбол болысына қарасты Қаракөл бір кластық орыс-қазақ мектебін («Қызылүй мектеп»), Гурьевтегі екі кластық Романов орыс-қазақ училищесін (1908 жылы) бітіріп, мұнан соң Орал әскери-реалды училищесіне 1909 жылы оқуға түсіп, оны 1916 жылы аяқтаған. 1917-1918 жылдары

әкесінің жанында болып, шаруашылық жүргізу, сауда ісін үйренді. Оспанов, Домаланов, Абылаев, Балғымбаев, Қаржаубаев, Күсепқалиевтер сияқты реалды училищенің, мұғалімдер семинариясының түлектерімен бірге 4-інші Орал облысы қазақ съезінің қарары мен 1918 жылы жазда Жымпитыда ашылған Ойыл облысы жігіттерінен офицерлер даярлайтын 6 айлық юнкерлер (кейін прапорщиктер) мектебіне түседі. Мектепті бітіріп, прапорщик шенінде Алашорданың Батыс бөлігін басқару жөніндегі бөлімшесінің Бас интенданты болып тағайындалды [3]. 1918 жылғы желтоқсандағы Жымпиты Алаш гарнизонының бас көтеруі кезінде Батыс Алашорда үкіметі қаржысының бір бөлігін аман алып қалып, Ойылға жеткізді. Орал казактарының әскери үкіметін күш-көлік, майдан шығынын көтеріп отырған елдің күшімен халық әскерін ұстау қиын болатынын түсінген Батыс Алашорда басшылары Сібір Уақытша үкіметі мен ағылшындардың көмегіне сүйенуді ойластырды. Беркінғали Атшыбаев 1919 жылдың аяқ шенінде Форт-Александровск порты, Гурьевтегі Толстов әскері арқылы Халық әскерін ағылшын құрал-жабдығымен жабдықтауды ұйымдастырып, екі арада кіре тарту, лау жүргізу ісімен айналысты. Қызылқоға және Сағыз уездік земство управалары арқылы Сібірдің оңтүстік-батыс астықты аудандарындағы кооперативтер мен жергілікті қазақтардың (Ойыл, Ілбішін, Қаратөбе базарларында) айырбас саудасын жолға қойды. 1919 жылы күзде Батыс Алашорда үкіметінің негізгі құрамында Ойылға, сонан соң Қызылқоғаға ығысып келеді. Сол жылы желтоқсанда Қызыл армия бөлімшелері мен ақ казактардың осы өңірдегі соңғы шайқастарының ортасында болды. Бұрынғы Комуч Халық армиясының Орал казактары құрамындағы полковник Горшков басқарған отрядын қызылдар жағына шығарған Жаһанша Досмұхамедовтің операциясына қатысты [1]. Беркінғали Атшыбаевтың Алашорда басшыларымен бірге елден шеттетілуі қызылдардың №1 жауына айналған Колчакпен байланыста болғанынан болса керек. Сібір беттен, Орал казактарынан Атшыбаев дәрігер И.Қашқынбаев, уездік земство басқармасының төрағасы С.Сұбхановпен бірге шаруашылық істерімен қатар қару-жарақпен қамтамасыз етуді де жүзеге асырған Азамат соғысы жүріп жатқанда, Беркінғали Атшыбаев Алашорданың Колчактағы өкілі болған. Батыс Алашорданы таратуға 1920 жылдың 12 қаңтарында қол қойған бесеудің бірі [3].

Беркінғали Атшыбаев – Батыс Алашорда үкіметі тізе бүккеннен кейін, Түркістан майданы басшылығының кепілі ретінде ұстап, Орынборға жөнелту жөніндегі құпия нұсқауына сәйкес оқшаулатылған бес Батыс Алашорда қайраткерлерінің бірі. 1920 жылдың ақпанында осы топ құрамында Мәскеуге әкетілді. Осы күндері Жаһанша және Халел Досмұхамедовтермен бірге Кеңес басшылығына Батыс Алашорда қызметі жөніндегі белгілі хат- баяндаманы әзірлеуге қатысты. Сол жылы мамырда бестіктің алғашқысы болып Орынборға оралып, Қазәсревком Ішкі істер бөлімінің меңгерушісі Ә.Әйтиевтің қолдауымен аталмыш бөлімге іс жүргізуші болып орналасты. Кейінірек осында Азаматтық халық актілерін тіркеу бөлімінің меңгерушісі болды, комиссариаттың қаржы-есеп бөліміндегі А.Затаевичпен бірге істеді. А.Затаевич Беркінғали Атшыбаевтың айтуынан жазып алған, Мұхит Мерәліұлының «Паң көйлек» әнін (3-нұсқасы) өзінің 1925 жылы жарық көрген «Қазақ халқының 1000 әні» кітабында жариялады. 1920 жылдың аяқ шенінде Ішкі істер комиссариатының хатшысы болды, іс басқарушысы қызметін атқарды [1].

1921 жылы күзге қарай ҚАКСР халық ағарту комиссары, ҚАКСР ОАК Балалар өмірін жақсарту жөніндегі орталық комиссиясының төрағасы А.Кенжиннің ұсынуымен осы комиссияның Түркістандағы азық-түлік сатып алу жөніндегі төтенше өкілі болып тағайындалды. Ташкентке келіп, ашығып жатқан қазақ бауырларына Түркістан Республикасы тарапынан көмек ісін ұйымдастырды. Жаһанша Досмұхамедовпен бірге Қарақол, Тоқмақтан азық-түлік іздеді. 1921 жылы қарашада Самарқандқа 400 панасыз қазақ баласын алып келген 303-санитарлық поезбен Қазақстанның солтүстік өлкесіне

5000 пұт бидай жеткізді. Кейін ҚАКСР Халық ағарту комиссариатында социалистік тәрбие кадрларын даярлайтын курстардың аймақтық меңгерушісі болды [2].

1922 жылдың қыркүйегінен-1923 жылдың тамыз аралығында Мәскеудегі «Сантонин» тіресінде іс жүргізу бөлімінің меңгерушісі, екі дүркін «АРОСПО» акционерлік қоғамы тіркеу комиссиясының мүшесі, «Казкрай союздың» Мәскеу өкілдігінде экономикалық тексеруші болып 1924-1926 жылдары істеді. Мұнан соң 1926-1928 жылдары РКФСР Жоғарғы сотында аудармашы болды. 1928 жылы Мәскеудегі Тау-кен академиясына (қазіргі Губкин атындағы мұнай институтына) мұнай факультетінің геология бөлімшесіне оқуға түсті. А.Затаевичпен Арбат ауданында бір үйде тұрды. Оның 1930 жылы қыркүйекте сыртына Беркінғали Атшыбаевқа тілек-қолтаңба жазып берген ескерткіш суреті ҚР Мемлекеттік орталық музейінде сақтаулы [1]. Беркінғали Атшыбаев 1930 жылы «Алашордашы, жат элемент» деген айыппен Тау-кен академиясынан шығарылды. Сол жылы Гурьев қаласына келіп, «Эмбанефть» тресіне қатысты геологиялық-барлау конторында геолог, сонан соң далалық геологиялық-картировка секциясының меңгерушісі болып істеді. Осы саладағы еңбек жолы бұрын жете зерттелмей келген Жем (Ембі) мұнай алыбының Каспий маңы ойпатына кіретін байтақ аумағында мұнай іздестіру жұмысының етек ала бастауына тұспа-тұс келді. Беркінғали Атшыбаев аз уақытта білімімен, тындырымдылығымен П.Авров, С.Горкин, И.Г.Пермяков секілді тәжірибелі геологтердің құрметіне ие болды. Осы қызметте мұнай іздестірудің геофизикалық тәсілдерінен бастап микропалеонтологиялық талдау сияқты жаңашыл әдістерін қолдана отырып, ықтимал кен көздерінің геологиялық картасын жасады. Ел аузында «Мосы-ағаш» аталатын бұл белгі-бағандар, олардың түбінде сақтаулы ақпараттық-мәлімет, есептеулер әлі күнгі геолог-барлаушылар кәдесіне жарап келді [2]. Беркінғали Атшыбаев басқарған геологиялық-физикалық іздестіру жұмыстары нәтижесінде 1931 жылы Мұнайлы, Алтыкөл, Ескене мұнай көздері ашылды, 1933 жылы алғаш рет Қондыбай кен орнының геологиялық картасы жасалды. 1934 жылы Жолдыбайда мұнайдың жүлгелі құрылымы бар екендігі анықталды. 1935-1936 жылдары Құлсары, Дүйсеке, Шонай, Қарашүңгіл, Төлес нүктелерінде кешенді жүргізілген геофизикалық барлау жұмыстары да Беркінғали Атшыбаев есімімен байланысты. 1931 жылы Адай көтерілісі кезінде Мұнайлы нүктесі маңында жүрген Пермяковтің экспедициялық партиясындағы орыс ұлты өкілдерін Құрмаш жасағының жазалауынан алып қалды [3].

1937 жылы қазан айында «Эмбанефть» тресі бойынша Х.Ақботин, Т.Иманғазиевпен бірге «І.Құрамысовтың Алашордашыл, контрреволюциялық ұйымына қатысты» деген айыппен тұтқындалды, сол жылдың аяқ шенінде кезекпен Орал қаласына айдалып, хабарсыз кетті. Тарихшы-ғалым Д.Сүлейменова Б.Атшыбаевтың тергеушілер тарапынан болған қысастықтан түрме ауруханасына түсіп, қиналып жан тапсырғандығы туралы деректі келтірсе [1], зерттеуші Н.М.Текешова Б.Атшыбаевтың 1937 ж. соңында Оралға жіберілгендігі, осыдан кейін ол туралы мәліметтер айтылмайтындығын алға тарта отырып, саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болғандығы туралы анықтамада Б.Атшыбаевтың тергеу барысында қайтыс болғандығы туралы мәлімет келтіреді [2].

Тарихшы-ғалым Ж.Нұрмаханова Беркінғали Атшыбаевтың ұсталып кетуінің негізгі үш себебін бөліп көрсетеді: бірінші, отарлаудың жаңа тәртібін енгізген кеңестік жүйе ешқандай ұлттық мемлекеттің дербестігіне төзбес еді, сондықтан Алашорда қызметінде болғандар түгелдей саяси қуғын-сүргінге ұшыруға тиісті болды; екінші, уақыт өте келе кеңестен кешірім алып, Ішкі істер органдарына, кеңселерге лауазымды қызметке орналасып алған ақ казактардың Азамат соғысы кезіндегі жеңілістерінің есесін қайтаруы (Лениннің тікелей тапсырмасы бойынша ақ казакпен тізе қосқандардың көзі құртылуға жататыны тағы бар); үшінші себеп – Беркінғалидың геолог ретіндегі табысты жұмысы мен беделі талайдың ішін жандырды («Біреу өлмей, біреуге күн жоқ») [3].

Беркінғали Атшыбаев Оңтүстік Орал әскери округі прокуратурасының 1957 жылғы 6 желтоқсандағы қаулысымен ақталды. Беркінғали Атшыбаев – Батыс Алашорда қайраткері, қазақтың жоғарғы білімді, тұңғыш мұнай барлаушы геологы. Қазақ ұлтының болашағы үшін аянбай еңбек еткен Б.Атшыбаевтың қоғамдық-саяси қызметін өскелең ұрпаққа насихаттау- біздің парызымыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Д.Сүлейменова «Батыс Алашорда тарихы», Орал, 2011, 265 бет.
2. 1920-1950 жж Қазақстан мен Батыс Сібірдегі жаппай саяси қуғын сүргін тарихындағы жаңа есімдер фактілер (халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы), Тукешева Н.М. «Один из «пяти» деятелей Западного отделения Алаш Орды- Беркенғали Атшыбаев»
3. Алаштың асылы еді Беркінғали // <http://anatili.kazgazeta.kz>.
4. Беркінғали\_Атшыбаев / Қазақстан Энциклопедиясы. // <http://kk.encyclopedia.kz>

**ӘОЖ902.1**

### **ЖАҢАҚАЛА АУДАНЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ**

**Хайруллин А.С.**

*М.Өтемісов атындағы БҚУ 2 курс магистранты, Орал*

Қазақстан тарихындағы ең күрделі кезеңдердің бірі ХХ ғасырдың басындағы алмағайып сергелдең уақыт. Ол 1917 жылғы қазанның аяғынан, шамамен, 1918 жылғы көктемге дейін большевиктер жеңіске жеткен саяси жағдайдағы елді басқару, бірінші кезекке жаңа қоғамның экономикалық негізін құру, оның әлеуметтік саясатын анықтау мен жүзеге асыру дегенді білдірді. Мұны Қазақстанда жүзеге асыру алғашқы кезде жеңіл көрінгені мен оңай іс болмады [1, 132 ].

1917 жылы көктемде (13 наурызда) Оралда патшаның тақтан тайғанын тойлаған қала жұртшылығының демонстрациясы болды. Осы күндері патша өкіметінің құлауын құптаған құттықтаулар Орал қаласына Темірден, Калмыковтан, Доссордан, Жылойдан, Сахарнов, Ілбішін, Сламихин станицаларынан, Жымпиты, Елек, Покровск болыстарынан, Ойыл, Қаратөбе, Қызылқоға және басқа қазақ болыстарынан келіп түсті. 1917 жылдың жазында барлық елдегідей сияқты Батыс Қазақстан өлкесінде де қос өкімет орнады [2, 42 б ].

Бірақ бұл елдің, кедей-жалшылардың патша орнынан түскендегі теңдік аламыз деген үміті жайдақ шамның отындай жалпылдап өшуге айналған еді. Бұл тұста елдегі бай-билер билік жібіннің бір ұшын өз қолдарында ұстап, күшейтіп, насаттанып кетіп еді, қазақ елінде қазақ байларының өкіметін орнату бағыты белең ала бастаған.

С.Меңдешұлы сияқты қазақ зиялылары земствоны жойып Кеңес өкіметін құрудың жолын қарастыруда болды. Бұл уақытта ел адамдары большевиктер мен меньшевиктер туралы ұзынқұлақтан естіп, «большевиктер кедейшіл көрінеді» дегенді біле бастаған. Сол себепті де большевиктердің аты естілгеннен ауыл арасына бай және кедей тобының жіктелісі күшейе түскен еді. Елдің кедейлері «сол большевиктер ауыл үстіне келсе, жауын бірге жаулап, атқа мінер едік» дейтін.

Қазан төңкерісінен кейін Ордаға кетіп, ондағы революциялық комитеттің бастығы болған Сейітқали Меңдешев 1918 жылы наурызда Жаңақалаға келіп, мұнда Кеңес үкіметінің табанын тартып, халықты жинап кеңес сайлауын өткізді. Оның төрағалығына Мұқтар Сәрсенбіұлы (мұғалім), мүшелігіне Хакім Ғабдешұлы (мұғалім), Елеусін Бұйраулық (мұғалім), Шабак Таңғатұлы, Қайырғали Жақыпбайұлы, Ғалым

Жантұрсынұлы, Жақыпалы Шойтықұлы, Боқан Сетекбайұлы, кейін милицияда істеп 40-жылдарға дейін ұстаздық қызмет атқарған Ғабдолла Көрбайұлы сайланды. Жаңақаланың әскери коменданты Бозай Аманғалиұлы белгіленіп, жұмысшы-шаруа милициясы құрамына Меңдіғали Сүгірәліұлы, Шалабай Шұңқашұлы, Өтеш Сәрсенбайұлы, Мұхамбетқали Қауысұлы, Лұқпан Бектілеуұлы кірді Сары Бисенғалиұлы, Жанәділ Арыстанұлы, Тоқыш Қиланбекұлы жедел байланысшы болып бекіді. Одан бұрын қаңтар ішінде Новая-Казанка селолық Кеңесі ұйымдастырылып, оның бастығына майданнан оралғандардың ішіндегі ынта жігері күшті Ахметкерей Шамсетденұлы сайланған болатын. Сөйтіп Кеңес үкіметі, мұнда қантөгіссіз бейбіт жағдайда орнады. Майданнан қайтқандардан 11 сақшы ұйымдастырылды. Бұларға бір-бірден мылтық берілді [3, 33 б ].

Осы жылы көктемде уездік съез шақырылып онда учаскелік Кеңестің құрамы бекітіліп Ордадағы губерниялық съезге өкілдер жіберілді. Бірақ бейнетсіз келген бұл рахат көпке созылмады. Мамырдың 23 күні Жаңақаланы Оралдан келген ақ казактар отряды басып алды. Қаладағы 11 сақшы (милиция) оларға қарсы тұра алмады. Оралдың атты казактары келгенде қала адамдары шырт ұйқыда жатыр еді. Және казак-орыстар келеді деген қауіп болмайтын. Қаланы басып алған оралдық казактар саны 500-дей болғанымен олардың қаруы құсмылтық, бесатар, сойыл сияқты қару еді. Жаңақаланы барып басып аламыз деп аттан салған олардың шапқыншыларының арасында қара көбейту үшін атты жайдақ, жүгенсіз мінгендері де көп екен.

Бұл жолы олар адамдарды аса көп зәбірлемей, тіпті көп өзгеріс те жасамай, учаскелік кеңесті таратып, оның орнына Қорғаныс Комитетін құрып өз жайына кетті. Кеңес жұмысына белсене қатысып жүргендердің бірі Нұғыман Зәліұлы Ордаға кетті. Кеше патша орнынан түскенде қуғын көріп, енді ақтармен ауыз жаласып Қорғаныс комитеті құрамына кірген көкжалдардың арасында Нұрмағамбет Таңатарұлы, Дәулетияр Көшпенұлы, Мауба Жұмаұлы, Бақтыгерей Құлманұлы, Сүндетқали Нұрсарыұлы, қашқын Есқара бар еді. Бұлардың қимыл-әрекетінің патша кезіндегі правитель Нұрымның ісінен жөнді айырмашылығы болған жоқ. Бұл кезде Ордада Кеңес өкіметі әбден орнығып, өз ісін кең құлашпен жүргізіп жатқан еді. Ордадағы Кеңес өкіметінің халық арасында істеп жатқан игі істері туралы хабар сыңараяқтай елден елге тарап, жарлы-жақыбайдың жүрегіне жылы тиіп, кедей табының мүддесін қозғай бастады. Сонымен бірге Ордада тұңғыш қазақ атты әскер полкі құрылып, ел ішінде Кеңес өкіметінің қолдауымен қазақ тілінде мектептер ашыла бастады. Оларда жұмыс істеу үшін 1918 жылғы күзде Жаңақаладағы ақтардың қол астынан Қайырғали Жақыпбайұлы, Хакім Әбдішұлы, Ишақат Бегәліұлы, Баймырза Қарменұлы, Шайдолла Ысмағұлұлы, Ғабдығали Сұлтанұлы тағы басқалары Ордаға қашып барып, мұғалімдерді дайындау курсына оқуға түсті [3, 35 б ].

1919 ж. наурыз айынан бастап Жаңақаланы ақтардан тазарту үшін Ордадағы Кеңес өкіметі әзірлік жұмысын жүргізе бастады. Орда мен Жаңақала арасындағы қатынас үзілді-кесілді тиылып қалған еді. Қарменұлы Баймырза Ордадағы әскери комиссариаттың жұмсауымен Жаңақалаға елеусіз келіп, жай-күйді біліп кетіп жүретін. 1919 жылдың көктемінде Таловкадағы Ефим Панченко басқаратын қызылдардың отряды Жаңақаладағы 30-ға тарта Оралдың ақ казактар әскерін үркітіп жіберіп, Жаңақалаға қашып келіп, паналап жүрген бай Әубекерді өлтіріп, қалада Кеңес өкіметін қайта орнатты. Панченко 40 шамалы қарулы қызыл әскер мен 50 шамалы қарусыз адамдарды ілестіріп, қара көбейтіп келіпті. Панченко Ефим қызыл партизан ретінде дербес пенсия алып, ұзақ өмір сүріп, соғыстан кейін Казталовкада қайтыс болды. Драматургия саласындағы тұңғыш көрнекті әдебиетшілердің бірі Ишанғали Меңдіхановтың әдеби творчествосына Мұхтар Әуезовте көңіл бөлген еді.

И.Меңдіхановтың халық сүйген қадірлі азамат екенін мынадан да байқауға болады. Ол оқыс жағдайда қаза тапқаннан кейін Төртпішен ауылы Меңдіханов болысы атанып, 1925 жылы болыстар жойылғанға дейін соның атында болып келді Ишақанның

атын тірілтіп, оның мұраларын жинастырып халық иелігіне жаратудың сәті енді түсіп отырған сияқты [4].

Арада көп уақыт өтпей-ақ Саратов Александров-Гай темір жол бойындағы Савенко селосы маңынан бас көтеріп, қашып шыққан Насаев деген банданың отряды келіп, Жаңақаладағы орыс-ноғай жігіттерін еріксіз өз қатарына қосып алды. Атты казак бандыларына барып қосылған олар Панченкоға қарусыз, құрқол еріп келген Тоқсобаның екі жігітін ұстап алып, қылыштап өлтірді. Ақтардың қылыштары қанға боялды. Азамат соғысында ақ казактардан қазаға ұшыраған қызылға тілектестердің бас құрбаны осы Тоқсоба жігіттері еді.

1919 жылы қыркүйектің бірі күні Жаңақалада ақтарды атыспай қуып шығып, Ордадағы тұңғыш қазақтың жауынгер атты полкінің жігіттері Жаңақаланы жаудан босатты. Казак-орыстар қашып бара жатып, қызылдардың қалаға бір бөлек кірген 10 жігітін байқаусызда тұтқындап, жаяу айдап кетті [4].

Қызыл әскерлерді бастап келген белгілі азамат Сейіткерей Нұралыханұлы еді. Ордадан әскерлермен бірге Сейтқали Меңдешұлы, Нұғыман Зәліұлы, Аманғали Ахметұлы келіп, Жаңақалада ревком құрады. Қазақтың тұңғыш атты әскер полкінің жеңісі, ревкомның құрылуы елдің адамдарына үлкен жігер берді. Бір жұма ішінде қала, даладан келіп көптеген казак кедейлері қызыл әскер құрамына жазылады. Сексеннен аса жігіт өз еркімен әскер қатарына алынады. Олардың арасында Сапарәлі Достайұлы, Хайруш Мұқашұлы, Дәулетияр Отаралыұлы, Ақтамғали Абдоллаұлы т.б. болды. Әскерге еркімен жазылғандардың арасында №10 Сарыкөл-Самар ауылында туған Ысмағұлұлы Шайекенде болды. Ол бірінші үлгілі атты әскер полкінде үлгілі-нұсқаушы болып істеген. Оны Таловка ауданына жұмсаған мандатта былай делінген: 1919 жылғы №169 бұл мандат Орда полкасы 1-үлгілі кеңестік қырғыз атты әскер үгітші-нұсқаушысы Ысмағұлұлы жолдасқа берілді. Ол қырғыздың жауынгерлік бөлімін толықтыру мақсатымен қырғыздың жауынгерлік комиссариатынан Таловка поселкасына командировкаға жіберілді. Бірақ органдар мен жауапты басшылар Ысмағұлұлы жолдасқа оның жауапты тапсырманы орындауы үшін тиісті көмек көрсетулері қажет.

Бірінші атты әскер полкінің көптеген жауынгерлері 1919 жылы Жаңақала еңбекшілері арасында саяси-үгіт жұмысын жүргізді. Олардың арасында Баймырза Қарменұлы, Әлмұханбетұлы, Ғабден Аязбайұлы, Ишақат Бегдәліұлы, Ғабдығали Сұлтанұлы, тағы басқалары болды [5, 116 б].

Әскерге жазылғандар өңкей елдің сіңірі шыққан кедейлері еді. Олармен бірге ақ казактарға қарсы болып, атқа мініп, қару ұстап жүрген Имаш Нарынғазыұлы партизан отряды да қызыл әскерлерге келіп қосылып, олардың қатарын толықтырды.

Бұл тұста ауылда тап жігі жыртылып айырылды. Елдің кедей жағы түгелімен большевиктердің тілеуін тілеп кетті. Бай, әлді, ауқатты жақтары казак-орыс жағында болып, шамасы келсе Оралға сөз тастап, ақтарға жәрдем ету талабында болды. Ұрыс, соғыс әдісін жете үйрендегеніне қарамастан қызылдардың жас жауынгерлері бір рет оларға шабуыл жасап көрді. Сонымен Жаңақаладан қуылған ақтың әскерлері Қараөзеннің сол жағалауындағы 30-40 шақырым жердегі Мәстексай, Мухор (Казарма), Факеево (Бородино) селоларына бекінді.

С.Нұралыханұлы басқарған қызылдардың атты әскер отрядының алдында осы елді мекендерді жаудан тазарту міндеті қойылды. Оны орындауға А.Иванов, Бозай Аманғалиұлы, Баймырза Қарменұлы, Сапарәлі Достайұлы бастаған жауынгерлер тобы аттанды. Олар «Тастықұлақ» пунктіне келген кезде Факеево селосын тіке шабуылмен алуға болмайтындығы, өйткені мұнда жау бекінісінің беріктігі, адам күшінің басымдылығы белгілі болды. «Кеңарал» жағынан соққы беру жөнінде ұйғарым жасалды. 1919 жылдың қыркүйек айының ортасы, түн, ай қараңғы, сылбыр жауын жауып тұр. Жау шебін барлап қайтуға солдат Темірғали Қойшыбайұлы жіберілді. Бірақ

ол шалағайлық жасап, ақтардың қолына түсті. Ақтар одан қызылдардың «Кеңаралда» екенін біліп қойды.

Сөйтіп Таңсәриде ұрыс басталды. Кескілескен шайқас үстінде қызылдар жағынан Құсайын (фамилиясы белгісіз) және Мұқашұлы деген жігіттер ерлікпен қаза тапты. Ал взвод командирі Бозай Аманғалиұлы оң қолынан жеңіл жаралы болды. Күшінің басымдығына қарамастан ақтарға ойсырата соққы берілді. Олардан ондаған адам шығынға ұшырады.

Ұрыстың барысында жаудың күшті бекінген жері «Құмжық» өткелі алынды.

Бұл тұста ақтардың негізгі күші Александров Гай станциясында Жалпақтал (қазіргі Фурманово селосы) Қараөзеннің сол жағалауындағы орыс таловкасы, Орыс Көктерегі, Савенково селоларында болатын. «Кеңаралда» талқандалған жаудың бір бөлігі осы жерлерге, екіншісі-Жайық өзені бойына, әсіресе, Калмыково селосына қарай ығысты [3, 116 б]. .

«Кеңарал» ұрысынан кейін С.Нұралыханұлы өз әскерімен Жаңақала Қамыс-Самар өңірін аралап елге рух беріп, 1919 жылдың желтоқсан айының бас кезінде 25-Чапаев дивизиясына келіп қосылды.

Үлгілі атты әскер полкінің бұл кезде Орда Гарнизонына екі-ақ эскадроны тұрған болатын. Полктің тең жартысынан астамының Чапаев дивизиясына қосылуға аттанғанын білген Нарын құмында паналап жүрген ақ казактардың атаманы Анохин бастаған отряд Ордаға тұтқиылдан шабуыл жасады. Ақ гвардияшылардың бұл тобын Нарынның атақты байлары Шәпен Омарұлы, Сұлтаняр Қалиұлы, Бектілеу, Көптілеу есімді ағайынды Алғазыұлдары бастап келген еді. Сөйтіп Ордада сұрапыл соғыс болды. Ақ гвардияшылар Астраханнан қызыл армия бөлімдері келіп көмек бергенше қазақтың үлгілі атты әскерлерінің Орда гарнизонындағы жауынгерлердің біразын қолға түсірді. 1919 жылдың желтоқсанының 14 жұлдызынан 15-іне қараған түнде қолға түскен қызылдардың 80 солдатын ақтар қылыштап өлтірді. Сапқа тұрғызып айдап келіп, қылышты мойын тұстан сермеп, жігіттерді өлімше етіп құлатып тұрған жау жендетінің алдына барғандардың арасында жаңақалалық Қисым Мырзағалиұлы мен Бүркіт Берешбайұлы да бар еді. Жақтан қылыш тиіп, шалажансар болып құлап, жау кеткеннен кейін жан шақырған олар, үй-үйді паналап, жарасын жазып кейін қызыл әскер полкіне келіп қосылды.

1919 жылдың желтоқсанының 16 жұлдызында ақ гвардияшылармен болған кескілескен шайқаста Орда қаласы жаудан азат етілді.

Қазақтың үлгілі атты әскер полкі 25-Чапаев дивизиясына қосылып Александров-Гай станциясын, Сламихин станциясын және тағы да басқа көптеген елді мекендерді ақтардан тазартты. Бұл полк жауынгерлері арасында біздің жаңақалалық жерлесіміз, өз еркімен атты әскер полкіне жазылған Дәулетияр Отаралыұлы болды. Ол Орал қаласын ерлікпен босатуға қатысқандардың бірі еді.

25-Чапаев дивизиясы құрамындағы қазақтың бірінші үлгілі атты әскері жаудан тазартқан жерлерде өкімет билігіне ие болды. Орда оқиғасынан бір апта кейін Жаңақалада да жергілікті өкімет басқару ісі қайта құрылған революциялық комитеттің қолына көшті.

1920 жылдың басында әкімшілік бөлінісі жағынан Жаңақала уез болып оның революциялық комитеті құрылғанда төрағалығына Ордадан жіберілген Қамыс-Самар бойының қазағы коммунист Нұғыман Зәліұлы тағайындалды.

Уездік оқу бөлімінің меңгерушісі болып Өтешқали Алмақұлы, милиция бөлімінің бастығы болып Хабиболла Досымұлы белгіленді. Кеңес партия жұмысы жанданды. Еңбекшілер арасында Кеңес өкіметінің маңызы мен мақсатын түсіндіру, қоғамдық істерді жолға қою қолға алына бастады. Партия топтары құрылып, партия қатарына кедей тобының өкілдері қабылданды. Сол тұста Жаңақалада коммунистік партия қатарына өткендер: Өтешқали Алмақов, Хабиболла Досымов, Хабер Хабибуллин, Мұхан Есенғалиев, Ғалым Жантұрсынов, Түменбай Құдайбергенов, Жанғазы Рахметов,

Фахниса Абдрашитова, Ишахат Бегалиұлы, Баймырза Қарменұлы және тағы басқалары болды. Олардың қатары революция ісіне берілген Жаңақаладағы еңбекші халық өкілдері кедейлерден, ауыл белсенділерінен толықтырылып жатты.

1920 жылдың шілдесінде учаскелік (ауылдық) Кеңес сайлауы өтті. Бұл үшін уездік атқару комитеті жергілікті жерлерге өзінің көптеген өкілдері мен мүшелерін жіберді. Олар сайлау алдында біраз жұмыстар жүргізді [6, 56 б ].

Сайлау уездің барлық 16 болысында өтті. Жергілікті кеңестердің бұл ісінде кедей, орташалар белсенділік көрсете алмай, атқару комитеттерінің құрамына бұрынғы патша заманында ел билеп қалған, ауыл байларының атқа мінер белсенділерінен толықтырылып жатты.

1920 жылдың шілдесінде учаскелік (ауылдық) Кеңес сайлауы өтті. Бұл үшін уездік атқару комитеті жергілікті жерлерге өзінің көптеген өкілдері мен мүшелерін жіберді. Олар сайлау алдында біраз жұмыстар жүргізді.

Сайлау уездің барлық 16 болысында өтті. Жергілікті кеңестердің бұл ісінде кедей, орташалар белсенділік көрсете алмай, атқару комитеттерінің құрамына бұрынғы патша заманында ел билеп қалған, ауыл байларының атқа мінер белсенділері көбірек өтті. Кеңес құрамында кедейлердің, орташалардың саны өте аз болды. Сондықтан биліктің бір пұшпағына қолы жеткен әлділерінің өкілдері 1923 жылғы «бұрынғы патша заманында әкімшілік билігіне араласып келген қанаушы тап өкілдерінің сайлау және сайлау құқын жоятын сайлау ережесі» шыққанға дейін Кеңестердің құрамында болып келеді.

1922 жылдың шілдесінде бұрынғы Нарын уезі әкімшілік территориялық жағынан екіге бөлінді.

Нарынның арғы беті Орда уезіне бағындырылды да, бергі беті Шалқар, Таубұйрат, Жиделі, Толыбай, Теректі және Бекетай ауылдары, Жаңақала уезінің әкімшілік территориясына енгізілді.

Жаңақала кеңестерінің уездік съезі шақырылды. Оған себеп болған жағдай бір жағынан, әкімшілік территориясының қайта бөлінуі болса, екіншіден уездік атқару комитетінің төрағасы болып келген Нұғыман Зәліұлы Қазақ КСР-і оқу халық комиссарының орынбасарлығы қызметіне ауысуы себеп болды.

Сонымен уездік съезд Нұғыман Зәліұлын босатып, оның орнына Өтешқали Алмақұлын сайлады. Уездік атқару комитеті төрағасының орынбасарлығына Ғабит Омарғалиев сайланды [6, 57 б ]. .

1925 жылдың басында Бөкей Орал губерниясына қосылып, Орал губерниясы болды. Содан бастап бұрынғы уездер: Орда, Жаңақала, Жәнібек, Казталовка, Теңіз-енді ауданға айналды.

1930 жылдың күзінде Сламихин ауданы ажыратылып оның бір бөлігі Жаңақала ауданына екінші бөлігі Казталовка ауданына қарады. Сөйтіп, оның есебінен Жаңақала, Казталовка аудандары іріленді. Жаңақаланың аудан болып қалыптасуы осы кезден деп тарихқа енді.

Осыдан кең арналы бастау алған Жаңақала еңбекшілері өз ауданының құрылғанына 60 жыл толу мерекесін 1990 жылдың маусым айында салтанатты түрде атап өтті.

Жергілікті кеңестердің алдында тұрған басты міндет елді сол бандылардан қорғау, елдің тыныштығын қамтамасыз ету болды. Сөйтіп олар 1920-1921 жылдары Жаңақала территориясында ақ казактар Насаевтің, Сапожковтың, Серовтың, Киселевтің және ауданның өз ішінен шыққан Сәрсен Дәрменовтың бүліктерін басу жолында көп жұмыстар істеді.

Уездік кеңестің аудандық комитеті өз жұмысын халықты қараңғылықтан шығаруға бағыттай отырып көп іс тындырды. Новая-Казанка селосында бірінші басқышты екі кластық (қазіргі орталау мектеп) мектеп ашты. Кейін татар бастауыш

мектебін және орыс тұрғындарының өтінішімен жеті жылдық мектебін ұйымдастырып, олардың қалыпты жұмыс жасауына қамқоршы болды.

Уездік комитет жанынан құрылған сауаттандыру жөніндегі төтенше комиссия көп жұмыс істеді. Ол жасөспірімдермен бірге ересектерді оқытуға сауаты мол, оқыту қабілеті жеткілікті, ұстаған бағыты дұрыс адамдарды іріктеп ауылдарға жіберді.

Уездік кеңес өз жұмысында право қорғау органын құру, оның құрамын жергілікті адамдар есебінен толықтырумен үнемі шұғылданып отырды. Осыған орай ауданның ішкі істер бөлімі ыждағатты, білімді жергілікті адамдармен толықты. Ұзақ жылдар бойы ішкі істер бөлімінде жұмыс істеген Шәпен Бұлқашев, Жұпмағамбет Исағалиев, Мұқтар Сәрсенбиев, Бозай Аманғалиев, Сүлеймен Жакин, Лұқпан Бектілеуов, Ниетбай Дәрібаев, Ғабит Омарғалиев т.б. сияқты Жаңақаланың түлектері-аға ұрпақ өкілдерінің жұмысы, олардың революция ісі үшін табандылықпен атқарған істері кейінгі ұрпақтың күні бүгінге дейін есінде.

Жаңа экономикалық саясат (НЭП) негізінде саудаға еркіндік берілді. Мұның өзі ауылдағы байлардың шаруасының біраз жандануына, орта шаруалардың, кедейлердің шаруашылығының әжептәуір әлденуіне, ал ұсақ қолөнершілердің өз өнімдерінің түрін көбейтіп, оны базарға шығарып сатуға кеңінен жол ашты.

Мұның өзі соғыс зардабынан шұғыл арада құтылу молшылық көзін жасау үшін істелді. Осындай еркіндік бола тұрғанмен байлығы шамадан тыс тасып бара жатқандарды тежеу мемлекеттің өз қолында болатын.

Ал, Жаңақалада ауданның Таубұйрат, Жиделі, Шалқар, Ұмтыл, Бекетай, Қияқты, Толыбай, Теректі ауылдарының көптеген шаруалары Астрахань балық кәсіпшілігіне жылына екі мәрте барып, балық аулауды дағдыға айналдырып, тапқан табысымен үй шаруашылығының күнделікті қажетін өтеп отырды.

20-жылдың аяғына таман оба ауруынан қорыққан бірқатар ауыл адамдарына түгелімен қоныс аударуға тура келді. 27-ші ауыл түгелімен көшіріліп оны мекендеген халық Каменка, Бөрлі аудандарынан қоныс тепті. Ал, 12-ші түгелімен қазіргі Чапаев ауданынан көшірілді. Бірақ оның халқы жерсінбей, барған жерінен қайта көшіп, ата-қонысымен қайта табысты. 21-ші ауылдан біраз әулет қазіргі Айдархан ауылының Кіші Айдархан атанған жеріне келіп қоныстанып, кейін «Новый путь» колхозын құрды. 24-ші Бекетай ауылының біраз адамы көшіп келіп Қисық Қамыстың Қырқопа деген жерін мекендеді. Кейін, олар «Бірлік» колхозына қосылды.

Бұл жылдары ауданда тұтынушылар одағы, дайындау конторы, аудандық Кеңестің әкімшілігіне енетін мекемелер қалыптасты.

Жалпы, Жаңақала ауданы танымал, батыс Қазақстан облысы, ірі мал шаруашылығымен айналысатын аудан [7]. Аудан тарихында мал шаруашылығы саласындағы ірі өзгерістер осы Кеңес өкіметі орнағаннан кейін басталды. Бірақ бұл мәселе басқа деректер негізінде тереңірек баяндауды қажет етеді. Ендеше, әрі қарайғы Жаңақала ауданының тарихы келесі алдағы кезекке қалдырылды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4- том.- Алматы: «Атамұра», 2010. 752 б., суретті, карталы.
2. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2002. – 592 бет + 48 бет суретті жапсырма.
3. Қамыс-Самар-Жаңақала. Өткені мен бүгіні (I том). – Арыс, 2016 ж.
4. Бөкейдегі тұңғыш қазақ үкіметі // <http://gonzo.kz/blog/2642> (қаралған уақыты: 11.02.2022)
5. Қазақ мемлекеттілігі және Алашорда. Ұжымдық монография. – Алматы: «Литера-М» ЖШС, 2018. -720 б.

6. Известия Областного Комитета РКП (б), ноябрь-декабрь, 1922 г. №24//ҚР Президентінің архиві Қор-139, тізбе-1, байлам-139, іс-53 (56-57 бб)

7. Жаңақа ауданы // <https://rel.kz/zha-a-ala-audany/> (қаралған уақыты: 17.03.2022)

ӘОЖ 929(574)

## ҚАЗАҚТАН ШЫҚҚАН ГУБЕРНИЯ ПРОКУРОРЫ

АЙЖАРИКОВА А.С.

*М.Өтемісов атындағы БҚУ 1 курс магистранты, Орал*

Халық арасы қашан да қазына, олар алтын құрсақ аналардың көмегімен қалың елдің қамын жейтін қаһарман қас батырды да, қажымас қайраткерді де дүниеге әкелді, тәрбиеледі. Солардың аты мықты, алысқа кетті, басына бақ қонды, астына тақ бұйырды, елдің келешек көкжиектерін белгіледі. Міне осындай санаулы тұлға, санаттағы қайраткерлердің бірі, есімі тек өзі өскен Нарын бой-Бөкей Ордасында емес, Еділдің екі жағын ен жайлаған орыс, қазақ, басқа да ұлт пен ұлысқа белгілі Шафхат Мұхамеджанұлы. Шафхат Мұхамеджанұлы 1892 жылы 26 ақпанда Бөкей ордасының 2-ші теңіз жағалауы округінде дүниеге келген. Әкесі Мұхамбетжан Шолтырұлы Бекмұхамбетов (1830-1904)-этнограф, шешен, би, қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, ел ішінде «Мақаш әкім» есімімен белгілі тұлға. Кадет корпусын бітірген соң Орынбор шекара комиссиясында, 1852 жылдан бастап Уақытша кеңестің ордадағы тілмәші. Каспий жағалауындағы І-ші, II-ші округтерінде әкім қызметін атқарды. Бөкей ордасынан 1881 жылдың шілде айында III Александр патшаның қабылдауына барған төрт қазақтың бірі-Мақаш Бекмұхамедов. Бұл іссапардың ерекшелігі патшаға сый ретінде, қазақ халқының ғасырлар бойы тұтынып келе жатқан баспанасы киіз үйдің макетін алтыннан соқтырып, алып баруы. Сол сыйлықты Мақаш Шолтырұлы Бөкей ордасындағы прогрестік бағыт ұстанған әкімдердің бірі-Өтешқали Атаниязұлымен бірге патшаға тапсырды. Ордадан келіп патша аудиенциясына кірген қазақ өкілдері тиісті рәсімдерден соң өтініштерін айтады. Бұл жайында М.Бекмұхамедов өз естелігінде: «Бізді шоқындырып, мұсылмандық үлгіден айырманыз деп тілек қылдым», - деген мәлімет қалдырған. 1892-97 жылдары Уақытша Кеңестің Кеңесшісі. Оның Қазан және Астрахан қалаларынан «Жақсы үгіт» (1908), «Книга о калмыках и киргизах» Кочующих в Астраханской губернии (1910) атты кітаптары жарық көрді. Мақаш әкімнің ел ауызынан жинаған ауыз әдебиеті мұралары Санкт-Петербург қаласындағы Салтыков-Щедрин кітапханасы мен Ресей ҒА Шығыстану институтының қорында сақтаулы. Жоғарыда аталып өткен В.Г. Семёнова мен В.П. Семёнованың кітабындағы архив деректері бойынша 1916 жылғы кадет корпусында оқып жатқандар туралы тізімде Мұса Сейдалин жиырмасыншы болып тіркелген. ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымының докторы, профессор М.Қ.Қойгелдиев былай деп жазған болатын: «1921 жылы Алаш зиялылары Бұхарадағы А.З.Валидовтан кездесуге шақыру хатын алады. Ташкенттегі М.Дулатұлы мен Х.Досмұхамедұлы жауап ретінде Бұхараға Ғ.Бірімжановты аттандырады. Осы іссапары жөнінде ол мынадай көрсету береді: «Валидовқа мені іссапарға онымен байланыс орнату үшін жіберді. Менімен бірге Мұса Сейдалин аттанды. Бұл 1919 жылдың басы еді. Мен Валидовпен таныс емес едім, жақыннан Орынборда Ақпан революциясы тұсында көргенім бар. Бұл кезде оның Дутовпен қатынасы күрделі еді». Өз ретінде А.З. Валидовтың естелігінен осы сапарға байланысты мынадай жолдарды оқимыз: «Біз Бұхараға Алашорда өкілдерін және түрікмен зиялыларын шақырдық... Ақпанда түрікмен адвокаты Қақаджан Бердиев, Алашорданың өкілдері ретінде Хайретдин Болғамбаев, Мұхтар Әуезов, Дінше және тағы екі кісі келді». Аттары аталмаған екі кісі Ғ.Бірімжанов пен М.Сейдалин болса

керек. (М.Қойгелдиев Ұстанымы биік зиялы// Қазақ әдебиеті, 2 қыркүйек 2016 жыл). Біздіңше, Ғ.Бірімжанов бірге кездесуге еріп барған, қазақтар арасынан кадет корпусын соңғы бітіруші түлек Мұса Сейдалинов болуы керек. [5, б.9]

Алаш қозғалысы – ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде Ресей империясының отарлық билік жүйесіне қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалыс. ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ даласында Ресейлік басқару жүйесінің күшейе түсуі, Ресейден көшіп келушілердің күрт артуы, қазақтардың құнарлы жерлерден ығыстырылуы бел ала бастады. Ендігі жерде қазақ халқының өзін-өзі сақтап қалуы үшін күресті күшейту мәселесі туындады. Бірақ енді зардабы көп қарулы көтеріліс жолымен емес, ұтымды саяси жолмен күрес жүргізу қажет еді. Осылайша Бірінші орыс төңкерісі жолдарында қазақ халқының мүддесі үшін күресті бастаған қазақ зиялыларының әрекеттері кейініректегі Алаш қозғалысының бастамасы болды. Ә.Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов жетекшілігімен ұлттық зиялылар ұлт азаттығы үшін саяси күрес жолдарын меңгере бастады. Олар түрлі қозғалыстарға қатысып, үгіт-насихат жұмыстары үшін газеттер, кітаптар шығаруды жолға қойды. 1911 жылдан «Айқап» журналы, 1913 жылдан «Қазақ», артынша «Бірлік туы», «Сарыарқа», «Ақжол» газеттері ұлт-азаттық күрес жолын айқындауға қызмет етті. Алаш қозғалысы- қазақ елінің өзін- өзі басқару және біртіндеп дербес мемлекет құру, қазақ жерлеріне қоныс аударуға шек қою, адам құқықын қадір тұту, экономиканы дамыту, қазақ тілінің беделін арттыру жолындағы күресті басты мақсат етті. Алаш қозғалысы арқасында 1917 жылы қазақ комитеттері, Түркістан автономиясы және Алашорда үкіметі құрылды. 1917 жылыпайда болған бұл саяси құрылымдар большевиктер тарапынан күшпен таратылды. Алаш қозғалысының барлық жақтаушылары қуған-сүргінге ұшыратылып, өлім жазасына кесілді. Бірақ Алаш қозғалысынан басталған ұлт-азаттық қозғалыс күштері саяси күрес сахнасынан бірден кете қойған жоқ. Одан кейін ұлт-азаттық жаңа сипатта Т.Рысқұлов, С.Сәдуақасов, С.Спандияров, С.Қожанов, Ж.Мыңбаев сынды зиялылар қызметінде жалғасын тапты. Алайда тоталитарлық билік оларды Алаш қозғалысы ізбасарлары ретінде жаппай жазалады. Сөйтіп, Бірінші орыс төңкерісінен бастау алатын Алаш ұлт-азаттық қозғалысы 30-жылдарға дейін жалғасты.

Мақаштың отбасында 8 ұл, бір қыз болған. Өзі Жәңгір мектебінде білім алып, одан әрі Неплюев кадет корпусында оқыған әкім балаларын да оқуға берген. Ұлдары алғаш Теңіз жағалауы мектебінде, кейін Астрахан гимназиясында оқыған. Үлкен екі ұлы Әміржан мен Шәмілжан жас кезінде дүниеден өткен. Шафхат та ағаларынан кейін 1902 жылдың 7 қазанында Астрахан гимназиясына оқуға қабылданып, оны 1912 жылдың 5 маусымында бітіріп шығады. Сол жылы Қазан университетінің медицина факультетіне оқуға түсіп, өз өтінішімен заң факультетіне ауысады. Университетте оқып жүргенінде студенттер қозғалысына қатысқаны үшін оқудан шығарылып, қайта алынады. Студент кезінен елдегі саяси жағдайларға араласқан Шафхат 1916 жылғы патша жарлығына қарсы көтерілген қазақ жұрты қанға бөкпесін деп, көтерілісшілерді жазалауды тежеуге күш салған қазақ зиялылары қатарында да болған. Ол тыл жұмысына алынған қазақ жігіттеріне жәрдем көрсетуге қазақ оқығандарын Минск қаласына бастап барған болатын. 1917 жылдың 2-6 сәуір аралығында Орынборда өткен съезде, 21 сәуірде өткен Жалпыбөкейлік съезде студент болса да, білімді Шафхат президиумға мүше болып сайланады. Осы жылы оқуын тәмамдап, елге оралады.

Бірінші, әйгілі Мақаш правительдің талапты ұлы Шафхат Бекмұхамедов Бөкей ордасында 1917-1920 жылдары өткен қоғамдық-саяси оқиғалардың бел ортасында жүрді. Бөкей ордасы қазақтарының съездеріне белсенді қатысқан, Қазақтың 1-үлгілі атты әскер полкын жасақтауға атсалысқан. «Ұран», «Хабар», «Қазақ дұрыстығы», «Дұрыстық жолы» газеттерінің бетінде Шафхаттың есімі жиі айтылады. Мысалы, «Дұрыстық жолының» №7 (1919 жыл, 2-зауза) санында «Ұлттар ісін басқаратын комиссариаттың қаулысы бойынша жалпы комиссия құрылып, оның құрамына Мұхамедияр Тұңғашин, Мәжит Шомбалов, Ғұмар Қараш, Хасен Бекентаев,

Ғабдолғазиз Мұсағалиев, Ғабдолхакім Бөкейханов, Иса Қисықовтармен бірге Шафхат Бекмұхамедов та кіргені» жазылған. Кеңес өкіметі орнаған соң Бөкей Ревкомның мүшелігіне өтіп, жер-су комиссары болып сайланады. Ол кезде іс жүзінде билік Кеңес өкіметінің қолында болғанымен, жер-жерде билікке қарсы бой көтерулер болып жатқан еді. Бөкей ордасы маңызды аймақ болғандықтан, Ұлт істері жанындағы қазақ бөлімі қазақ әскери бөлімдерін Ордада жасақтауды ұйғарады. 1918 жылы М.Тұңғашиннің басшылығымен Қазақ әскери комиссариаты Орда қаласына келіп, қазақтың I атты әскер полкін жасақтауға кіріседі. Әскери комиссардың орынбасары қызметіне тағайындалған Ш.Бекмұхамедов те полкті жасақтау ісіне белсене араласады.

1919 жылы большевиктер партиясына қабылданған Шафхатты Бөкей губаткомы қазақ өлкесін басқаратын Ревкомға мандат беріп, Орынборға жібереді. Жер бөлімінде хатшы қызметін атқарған ол кейін Орынбор жұмысшы-шаруа инспекциясында алқа мүшесі, Бөкей губерниялық жер бөлімінің меңгерушісі, атқару комитетінің төрағасы қызметтерін атқарған. 1921 жылы қыркүйек айында өткен II Жалпықазақ съезінде Қазаткомның ұсынуымен Қазақ АКСР-інің Юстиция (Әділет) комиссары болып сайланады. Юстиция комиссариатының бұйрық кітапшасына 17 қазан күні: «Бүгіннен бастап мен Юстиция халық комиссары қызметін атқаруға кірістім. Бекмұхамедов», деп қол қойған екен. Басшылық қызметті атқарған кезде қылмыспен күрес әдістерін жетілдіру, аймақтық халық соттарын құру, сот реформасын жүргізу, тұңғыш кеңестік заңдарды қабылдау сынды жұмыстарды жандандыруға бар күш-жігерін жұмсайды. Азамат соғысынан кейін ел ішінде азық-түлік, мал ұрлығы көп болатын. Сондықтан Кеңес өкіметі аса зиянды қылмыстарды жоюға ерекше көңіл бөлді. Шафхат Мұхамеджанұлының тапсырмасы бойынша комиссариат бөлімдері қылмыстарға қатысты түскен мәліметтерді топтастырып, қылмыстың түріне анықтама беріп, жаза тағайындау жобасын жасайды. Соның нәтижесінде, 1921 жылдың қараша айында «Мал ұрлығымен күрес» декреті бекітіледі. Осы декретке байланысты Шафхат Мұхамеджанұлының бастамасымен губерниялық съездер өткізіледі. Алайда ауылдардың бір-бірінен алыс, бытыраңқы орналасуы, қызметкерлердің жетіспеуі және тағы басқа да себептерден мал ұрлығы, барымтамен күрес жұмыстары бірнеше жылға созылып, 1924 жылдан кейін ғана оң нәтиже бере бастады.[2, б.79]

Батыс Қазақстан облыстық қоғамдық-саяси «Орал өңірі» газетінің тарихы да қазақ халқының аумалы-төкпелі, талайлы тағдырымен сабақтас. Атауы сан мәрте өзгерсе де үзілмей шығып келе жатқанына бір ғасырға жуықтаған бұл басылымның бетінде талай ұлт зиялыларының үкілі үміті, асқақ арманы елге қызмет етсем деген мақсат-мүддесі көрінді. Бүгінде «Орал өңірі» газетінің алғашқы саны «1918 жылы 17 қарашада Бөкей облысы кеңесінің органы ретінде «Хабар» деген атпен жарық көрген» делінеді. Дегенмен, газет тарихын одан әріге тартатын да тарихи дерек жоқ емес. Әуелден ірі қоғамдық-саяси оқиғалардың-саяси оқиғалардың ордасына айналған Ішкі орда-Бөкейлік өңірінің алғашқы қазақ баспасөзінің қалыптасуында да ерекше орны бар. Әсіресе, 1917-1918 жылдардың аласапыран өзгерістері Бөкей ордасында да шарпыды. Қазақ даласына, әсіресе, батыс өлкеге ерекше ықпалы бар Ордада кеңес өкіметін орнатуға большевиктерде де белсене кірісті.

Бөкей ордасында большевиктер билігі 1917 жылдың 11 желтоқсаны күні орнаған болатын. Ішкі орда ол кезде Астрахан губерниясына бағынышты еді. 1918 жылдың басында Бөкей ордасына Астрахан қаласынан С.Милютин бастаған бір топ большевик келеді. Сөйтіп, 21-22 наурыз күндері Ордада Бөкей жұмысшы, солдат және қазақ депутаттары кеңесінің атқару комитеті құрылып, большевик С.Милютин оның басшылығына сайланады. Кеңес үкіметінің идеологиясын Бөкейлікке таратып, көпшілікті соңынан ерту үшін қызылдар газет шығару керектігін түсінген. Орда жұртына газет таңсық емес еді. 1911 жылы шыққан «Қазақстан» газетін айтпағанда, сол 1917 жылдың аласапыранында «Ұран» газеті шығып, енді ояна бастаған қазақ қоғамына еркіндік туралы ой тастап жатқан болатын....

Большевиктер Астрахан қаласынан орыс қаріпті баспахана құралдарын алдыртты. Ордадағы «Ұран» газетінің баспаханасы да солардың қолына көшкен. Көп кешікпей Ордада 1918 жылғы 17 қараша күні орыс және қазақ тілдерінде шығатын «Известия» - «Хабар» газетінің алғашқы саны жарық көрді. Оның редакторы-Ішкі ордалықты басқарушы облыстық кіндік (орталық) комитет төрағасы С.Милютин еді. Осы газеттің алғашқы санында облыстық кіндік комитеттің № 112 хаттамасы жарияланған. Онда «баспасөз» тарату ісі ілгерілеп, жемісті һәм пайдалы болуы үшін Астраханнан келген жаңа баспахана мен Хан ордасындағы «Ұран» баспаханасы біріктіріліп, ол баспахананы басқару ісі жолдас Выгдорщикке тапсырылатыны» айтылады.

«Известия»- «Хабар» 1918 жылдың соңына дейін шыққан. Газеттің қанша саны шыққаны бізге беймәлім. 2013 жылдың маусым айында Мәскеу қаласында, Ресей Федерациясының мемлекеттік архивінде болғанымызда аталмыш газеттің 3 санын (№1, 17 қараша, 1918; №2, 19 қараша, 1918; №3, 21 қараша, 1918) тауып, көшірмесін алдық.

Газет 1919 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Киргизская правда» -«Қазақ дұрыстығы» деген атаумен шыға бастады. Бұл газетте де редактор ретінде С.Милютиннің фамилиясы фамилиясы жүр. Бірақ газет мақалаларынан және зерттеуші ғалымдардың еңбектерінен басылым жұмысына сол кездегі аса көрнекті қазақ зиялылары С.Меңдешев, М.Көкебаев, Ғ.Қараш, Ғ.Мұсағалиев, Ш.Бекмұхамедов, Х.Есенбаев, Т.Сафиев, И.Меңдіханов, Ғ.Бегалиев, Ғ.Бөкейханов, т.б. қатысқандығы белгілі. «Жайық Пресс» ЖШС тарапынан жасалған жұмыстардың нәтижесінде Мәскеу архивтерінде сақталған осы басылымның тігіндісі де бүгінде елге, Орал қаласына жеткізіліп, тарихшы мамандардың назар аударуын күтуде. [1,б.134-139]

1922 жылдың орта шенінде құқық қорғау органдарын қайта құру ісі басталады. Реформалар негізінде Бүкілодақтық төтенше комитет жойылып, орнына құрылған мемлекеттік саяси басқарма Ішкі істер комиссариатының құрамына кіргізіледі. Сот реформасы туралы қаулы, ережеге сәйкес үш сатылы жүйе: халық соты, губерниялық сот, жоғарғы сот құру белгіленеді. Прокуратура, адвокатура, төрелік комиссия құру туралы қаулы қабылданады. Сонымен қатар КСРО Конституциясының жобасын жасау жөнінде де арнайы комиссия құрылады. Әділет халық комиссары Ш.Бекмұхамедовке республикалық заң орындарының қызметін түбегейлі қайта құру міндеті жүктеледі. Соған сәйкес «Прокуратура туралы» және «Адвокатура туралы» ережелердің жобасы әзірленеді. Прокуратура туралы ережеде: «Юстиция комиссары республика прокуроры қызметін қоса атқарады», деп көрсетіледі. Ережеге сәйкес 1922 жылдың 1 тамызынан Республика прокуроры міндетін Шафхат Бекмұхамедов атқарады. Қазаткомға өткізген бір айлық жұмысының есебінде өз бұйрығымен губерния прокурорлары етіп, Орынборға Е.А.Башиловты, Ақмолаға Ф.И.Ковалевті, Бөкей Ордасына А.Галкинді тағайындағанын, басқа губернияларға мамандар табылмағанын, адвокатура туралы тек нұсқау бергенін хабарлаған.

Еңбек демалысын алып, туған жері Бөкейлікке кеткенінде уақытша міндетін атқаруды орынбасары С.С.Пилявскийге жүктейді. Алайда демалыста жүргенінде Қазатком шешімімен Әділет халық комиссары мен республика прокуроры болып М.Атаниязов тағайындалады. Демалыстан оралған Шафхатқа Қостанай губерниялық прокуроры қызметі ұсынылады. Өзінің себепсіз қызметтен босатылуы заңсыз деп таныған Ш.Бекмұхамедов қызметтен бас тартады. Көп кешікпей үкімет берген қызметтен бас тартты, тәртіпке бағынбады деген желеумен партия қатарынан шығарады. Соған қарамастан, 1930 жылдарға дейін Әділет комиссариатында тергеуші, заңгер-кеңесші болып жұмыс жасаған. Кейін қызметтен біржола кетіп, шығармашылықпен айналысады. 1937 жылдың зобалаңы да айналып өтпейді. Негізсіз айыптар тағылып, түрлі тергеп-тексеруден өтеді. Шафхат Мұхамеджанұлы 1958 жылы Алматы қаласында дүниеден өтеді.

Жұбайы Хадиша да Кеңес өкіметі орнаған тұстағы белсенді қазақ әйелінің бірі болатын. Өзі шебер, білімді Хадиша Әзербайжан-Бекмұхамедова Рәзия Меңдешевамен

бірге аштыққа ұшырағандарға жәрдем беру үшін Орынборда қойылымдар ұйымдастырып, қайырымдылықтан түскен қаражатпен көмек көрсетті. Шафхаттың Кәміл (1922 жылы туған), Баязит (1924 жылы туған) есімді екі ұлы болған. Екеуі де Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан. Кәміл І дәрежелі, Баязит ІІ дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған. Соғыстан кейінгі жылдары Кәміл Ұлттық кітапханада жұмыс істеген. Баязит Тіл білімі институтын бітіріп, сонда қызмет еткен. [3, б.44-47]

Заманның неше түрлі объективті қиындығына қарамай, демократиялық және халықаралық, еуропалық стандарттарға сай ұлтты қайта өрлету, қазақ мемлекеттілігі құрылысын жаңғырту идеясына халқын топтастырған зиялыларымыздың даналығына, биік интеллектуалдық деңгейіне, білім-білігіне ұрпақ алғысын мен ниеті әрдайым келешек ұрпақ үшін құнды.

Біз, Алаш зиялыларының жанқиярлық және азаматтық ерлігін аса жоғары бағалаймыз. Әрине, олар қарапайым пендешілікке салынып, жиған білімі мен лауазым-қызметін жан бағуға да арнай алар еді. Бірақ ол жолға түспеді. Оған ары да, халыққа деген адалдығыда жібермеді. Сондықтан, алда неше түрлі құқай-отаршыл-тоталитарлық жүйенің қуғын-сүргіні мен абақтысы, қақ маңдайға кезенген қаруы тұрғанын сезсе де, саналы түрде кейде ашық, кейде жасырын 20-30 жыл бойы туған халқының азаттығы мен тәуелсіздігі үшін табанды түрде күресті. Қаупі де расқа шықты: айдалды, отбасылары азапталды, атылды. Алайда, олар соңғы демі таусылғанша «елімнен, ұлтымнан, халқымнан жаным садаға» деп өтті.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Кабдушев Б.Ж. Қазақтан шыққан бірінші губерния прокуроры // Научно-технический журнал «Вестник Алматинского университета энергетики и связи». - Б.134-139
2. Қабдешев Б. Қазақ автономиялық Республикасының бірінші прокуроры Шафқат Бекмұхамедов // Заң және заман.-2006.-№12.-Б.79
3. Қабдешев Б. Қазақ автономиялы республикасының прокуратурасы қалай қалыптасты? // Заң және заман.-2009. -№12. –Б.44-47
4. Бірімжаров Б.Қ. // Бөкей Ордасы: монография-Орал: Полиграфсервис баспасы, 2017. –Б.148-156
5. Қ.Құттымұратұлы // Егемен Қазақстан.-2022.-Б. 9
6. Бекмұхамедов Ш. Ғұмар Қарашев жайында // ҚР БЖҒМ. ОҒК. Сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімі. 1602-папка, № 3-бума, № 17-дәптер.

**ӘОЖ 929(574)**

#### **ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ БАҚТЫҒАЛИ БИСЕНОВТИҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ**

**ЗАХАРОВА А.М.**

*М.Өтемісов атындағы БҚУ 1 курс магистранты, Орал*

Жиырмасыншы ғасырда өз халқына қарсы алапат қанды террорды іске асырған кеңестік тоталитарлық жүйенің құрбаны болып, арамыздан мәңгілікке кеткен ұрпақтардың ой-арманы, үміт-тілегі, қуанышы мен қайғысы да қайтпасқа кетті. Мұрағаттардан саяси қуғын-сүргін құрбандарының қай-қайсысына қатысты болмасын «Свидетельство о смерти» деген анықтаманы ашсаңыз, оның бәрінде дерлік «причина смерти-расстрел» деген суық сөз алдыңнан шығады. Жеңдеттің оғы саған кезеліп

тұрғандай денең шымырлап, арқаң мұздайды. Ажал үкімі арманына жеткізбей, қанатын қиғандардың бірі- жер бетіндегі ең абзал мамандық иесі, Ресей императорлық университеті медицина факультетінің түлегі, туған халқының өз алдына ел болып, дербес қазақ мемлекетін құруын армандаған, сол ұлы мақсат жолына бар ғұмырын сарп еткен ақжайықтық алаш арыстарының бірі- Бақтығали Бисенов болатын.[3]

Батыс Алашорда қайраткері, алғашқы қазақ дәрігерлерінің бірі Бақтығали Бисенов 1889 жылы 24 тамызда Орал облысы, Ілбішін уезі, Қызылжар болысының, № 5-ауылда (қазіргі Ақжайық ауданында) туған. Әкесі Бейсен сауатты, дәулетті адам болған. Болыстық орыс-қазақ мектебін, қалалық Романов орыс-қазақ училищесін жанындағы жоғары оқу орнына даярлайтын қосымша сыныпты бітірді (1901). 1902-1910 жылдары Орал реальдық әскер училищесінде оқыды.[1, 586]. Бақтығали Бисеновтың студенттік жылдары бірінші орыс төңкерісімен және «Алаш» ұлт-азаттық қозғалысының алғашқы саяси акцияларымен тұспа-тұс келді. 1905 жылы қараша айында Орал қаласында 5 облыс қазақтары делегаттарының қатысуымен съез өтеді. Б.Қаратаев, Б.Бақыткереев сынды сұлтандар мен Санкт-Петербург медицина академиясының студенттері Х.Досмұхамедов, Н.Имағамбетов және басқаларының құрылтайшылық етуімен Қазақ конституциялық-демографиялық партиясы құрылып, оның баспасөз органы - «Фикер» газеті ашылды. Осы кадеттер партиясының белсенді қолдаушысы ретінде Бақтығали Бисенов жандармериянының назарына ілінді. 1910 жылы жазда Бақтығали Бисенов пен досы Ғұмар Есенғұлов Мәскеу Императорлық университетіне құжат тапсырады. Бірақ олардың құжаты Николаев Императорлық университетіне (қазіргі Саратов мемлекеттік университетіне) жолданады. Сөйтіп Бақтығали Бисенов 1910 жылы 4 қазанда Николаев университетінің студенті атанады. Бірінші дүниежүзілік соғыстың әсерінен медицина факультетіне 1910 жылы түскен талапкер 1917 жылдың наурыз-сәуір айларында жеделдетілген курстан өтуге мәжбүр болады. Осылайша Бақтығали Бисеновке 1917 жылы 29 қараша күні «Емші» куәлігі беріледі.[2, 106].

Осы жылы Бақтығали Бисенов Орал облысы 13-Қызылкүлгін ауылдық-дәрігерлік учаскесінде қызметке кірісіп, жергілікті жұрттың алғысына бөленеді. Күні-түні тынбай еңбек еткен Бақыш Бисеновтің міндеті де ауыр болғаны анық. Өйткені медицина әлсіз, иен далаға жетпеген заманда ір түрлі жұқпалы аурулардың өршіп тұрғаны белгілі. Ісіне жетік мамандар да жоқтың қасы. Мұнда 1920 жылға дейін еңбек етеді. XX ғасырдың басы орыс патшалығы тыныштығынан айырылған кезең болатын. Патшалық құрылыс дағдарысқа ұшырап, халық арасында толқулар болып жатты. Оның аяғы февраль, октябрь революцияларына, ақтар мен қызылдардың атыс-шабысына, сөйтіп кеңес өкіметінің орнауына әкелді. Аштық, ауыр тұрмыс, ауру-індет, саяси қуғын-сүргін, үздіксіз қантөгістер дәуірі басталды. Ел басына түскен осындай ауыр жағдайда Калмыков уездік денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалған өз заманының білгір маманы Бақтыгерей Бисенов қай жерде қиын ахуал қалыптасады, көмек қолын созып сонда аттанады. Бұл жылдары Калмыков уезінде 120 мыңдай халық тұрған. Уездің өзінде бес дәрігерлік, он фельдшерлік пункт болған. Азамат соғысының басталуымен уез халқына медициналық қызмет көрсетуде көп кедергілер туындайды. Бас дәрігерлік пункт бір ғана мектеп фельдшерінің басшылығымен жұмыс істейді. Уездің орталығындағы қалалық 25 төсектік аурухана дәрігерсіз жұмыс істеп тұрған. Білікті дәрігер, іскер ұйымдастырушы Б.Бисенов 1924 жылдың басында Орал облысындағы Байғұтты ауруханасының меңгерушісі болса, 1925 жылы Жымпиты уездік денсаулық сақтау бөлімінде санитарлық дәрігер, одан көп уақыт өтпей Жымпиты ауруханасын басқарады. Мұндағы медициналық қызмет көрсетуді жоғары деңгейге жеткізген оны 1928 жылы Тайпақ аудандық ауруханасына басқарушы етіп жіберді. Келесі жылдың қаңтарында Орал қалалық совет-партия мектебінің дәрігері, бір жылдан соң Губерниялық денсаулық сақтау бөлімінің емдеу-профилактика ісі жөніндегі инспекторы болып тағайындалады. Бисеновты партия

қиырдан-қиырға, қиыннан-қиынға жұмсады. Қиындықтың қандайынан болсын ол жол тауып шыға білді. Жайықтың жағасын жайлаған жұрт осы күнге дейін Б.Бисеновты 1921-1935 жылдағы ауыр тұрмыс пен ашаршылықтан азып-тозған ел ішінде бас көтерген оба індеті сынды түрлі жұқпалы аурулардың бетін қайтарып, елді қатерлі дерттің құрығынан аман алып қалған бірден-бір өте зерделі маман, білікті дәрігер, ұлтын сүйген азамат деп бағалайды. Азамат соғысының аласапыран жылдарында Тайпақ ауданының орталығы Базартөбеде қазақтарға арнап аурухана салдырғаны да ел есінде. Қазірдің өзінде дұрыс жолға жарымаған бұл өңірдің халқы сол кезде Жайықтың арғы бетіне құрылыс материалдарын тасып апарудың қаншалық қиямет екенін жақсы түсінеді. Жайықтың бергі жағасында, уез орталығы- Оралдағы ауруханаға жергілікті халықтың өкілдері бас сұға алмайтындығын, қабылдаған күннің өзінде жеткізбес жол ауыртпалығының азабын ескерген ол елдің болашағы үшін бұл қияметті өз мойнына алған еді. Денсаулықтың негізі ең алдымен сәби күтімі мен дұрыс тамақтандырылуына байланысты екеніне барынша маңыз берген білгір маман балалар тағамы үшін арнайы сиыр табынын бөлуді ұсынады. Осы мақсатта малшаруашылығы көрмесіне қатысқаны үшін Мақтау қағазы берілген. Оның 1921 жылы Орал губерниялық денсаулық сақтау бөлімі кеңесінде халықтың денсаулық жағдайы және дәрігерлік көмек туралы жасаған баяндамасы архивте сақталған. Мұндай баяндаманы дайындау, әрине, тек мықты маманға ғана сеніп тапсырылатын. Жұмысбастылығына қарамастан Б.Бисенов өзінің білімін жетілдіруді де ұмыт қалдырмаған. [3].

Дәрігер Бақтыгерейдің Базартөбе ауылында қызыл кірпіштен 10орындық емхана тұрғызғаны да ерлік іске пара-пар. Сори бес елі қазақ халқын оба індеті, шешек, сүзек аурулары оңбай тұралатып, сырқаттардың ем-дом қабылдайтын емханада тазалық гигиенасы өте қатаң сақталады. Емхана жанынан монша, дәріхана секілді әлеуметтік нысандар салынып, 1 гектар аумаққа картоп, басқа да көкөніс түрлері егіледі. Медицина ғылымының сауатсыз бұқара халықта жұппалы аурулардан ересектермен бірге балалар да қатты зардап шегеді. [4].

1929 жылы Орал қаласындағы кеңестік партия мектебі ауруханасының дәрігері, 1930 жылы 15 шілдеде Орал губерниялық денсаулық сақтау бөлімінің емдеу-прфинспекторы атанады.

Батыс Қазақстан облыстық мұрағатында 10төсектік Базартөбе ауруханасының есептік құжаттары сақталған. «Төрт ауыл тұрғындарына қызмет көрсеткен аурухана кешені бас ғимараттан, дәріхана мен моншаға арналған қосымша құрылыстан және дәрігерлерге арналған үш шағын үйден тұрған. Аурухана құзырындағы 1га жерге бақша, 1 га жерге картоп егілген. Ауруханада бір тарантас арба болған, бірақ оған жегетін ат жоқ, сірә өгіз жегілсе керек. 1934 жылға амбулатория есебіне қарағанда, аурухана сол жылы 282күн жұмыс істеп, 3019 науқасты қабылдаған. 1937 жылдың басында Б.Бисенов Жымпиты аудандық ауруханасына жіберіледі. «Бисенов Бах Бисенұлы 1890 жылы Тайпақ ауданының №3 ауылында туған, қазақ. 1937 жылы 10 қыркүйекте тұтқындалған, сол кезде Жымпиты поселкесінде тұрған, аудандық ауруханада дәрігер . 1938 жылғы 15 ақпанда Ішкі істер халық комиссариаты басқармасының (УНКВД) Батыс Қазақстан бойынша үштігі ату жазасына сотталған. Батыс Қазақстан облыстық соты президиумының 1958 жылғы 14 маусымдағы қаулысымен ақталған».

«Бақтығали Бисеновтың ісін жүргізген тергеуші «алашордашы» деп айыпталып, атылып кеткен қос «күнәнің» тергеудегі жауабына сүйеніп, оған «контрреволюциялық ұйым мүшесі» деген айып тағады. Куәгерлермен жүздестіру, жауапты тексеру болмаған. Бақтығали тергеуде ешкімді көрсетпеген. 5 желтоқсан күні қағазға түскен айыптау қаулысындағы ең «әшкерелеуші» сөйлем- «Алашорда үкіметі мүшелерінің арасында беделі жоғары болды» делінген. Соған қарамастан Бисеновке үштік әуелі 10 жыл түрме жазасын кескен. Алайда 1938жылғы 15 ақпанда ол қаулы бұзылып, ату жазасына ауыстырылған. Үкім 1938 жылы 19ақпанда

21сағат 15минутта орындалған. [2, 106].Сөйтіп, күні кеше қиын-қыстау жылдарда елдің денсаулығын қайтсем жақсартам, денсаулық сақтау саласын қайткенде көтеріміз деп ұлтының ертеңі үшін тыныштық көрмеген ардақты азамат «халық жауы» болып атылып кете барды. 1958 жылы Б.Бисеновтың ісі қайта қаралып, Батыс Қазақстан облыстық соты президумының қаулысымен ешбір кінәсі болмағандықтан толық ақталады.

1890 жылы 10 желтоқсанда Орал облысы, Лебшін уезі, Қызылжар болысындағы №5 ауылда дүниеге келген ол кісінің бірге туған бауырларының бәрі де (алты ұл, бір қыз) патша заманында-ақ жақсы білім алған. Ең үлкен ағасы-Мейірман -мұғалім, сол кездегі қазақ басылымдарында мақалалары жарияланып тұрған. 1910 жылы қаза болса керек. Ұрпақтары Алматы, Орал қалаларында тұрып жатыр. Ізімей деген баласы патша үкіметі кезінде болыс сайланған, ауыл шаруашылығы академиясын бітірген адам. Акеділ өте парасатты, туыстарына мейірімді болған. Бисен атамның жалғыз қызы-Ақкенже апамыз Калмыков уезінде болыс болып, жастарды тәрбиелеу ісіне үлкен еңбек сіңірген. Ол кісіден қалған жалғыз тұяқ-жиеніміз Кәрім Қайыршин мен Қасила жеңгейдің балалары осы Орал қаласында тұрады. Әкеміздің тағы бір ағасы Нұрғали да кеңес кезінде жер аударылған. Одан үш қыз тараған. Үлкені Ғазиза Мұхтар Әуезовтың хатшы-машинисткасы болыпты. Ортаншысы Рәзия Алматыда баспаханада машинистка болып жұмыс істеген. Кенжесі Ғапура Орал пединститутының математика факультетін бітірген. Кейін Алматы консерваториясын бітіріп, сонда сабақ береді. Одан қазақтың талай белгілі композиторлары, музыка мамандары білім алған. Консерваторияда жиырма жылдан астам проектор болған ол кісі қазақ әйелдері арасынан шыққан алғашқы шахматшылардың бірі. [3].

«Халық жауының» балаларының тағдыры оңай болған жоқ. Бақтығали Бисенов тұтқындалған кезде оның отбасында әйелі Жәнша шиеттей бес баламен қалған екен. Тұңғышы Махмуд-17 жаста, Мәжит -12-де, Зейнеп -9-да, Әнуар -4-де, ал Роза 1 жаста болыпты. Мәжит пен Әнуар көп кешікпей шетінеп кеткен. Махмуд 1918 жылы дүниеге келген,1940жылы Қызыл әскер қатарына алынған.1941жылы неміс тұтқынына түсіп, еріксіз Түркістан легионында қызмет етеді. Бақыштың әйелі Жәнша Орал қаласындағы былғары шикізат комбинатында тігінші болды. Қыздары Зейнеп пен Роза қолында болған.1929 жылы Бақышқызы Зейнеп Орал қаласында тұрып, ұзақ жыл «Екпінді құрылыс» газетінде аға корректор болып қызмет етіпті.Бақтығали Бисеновтің кіші қызы Роза Бисенова әке жолын қуып, 1962жылы Қазақ мемлекеттік медицина институтын бітірген.Ұзақ жыл Қарағанды облысының Жаңарқа ауданында дәрігер педиатр болып қызмет еткен Роза Бақышқызы бірнеше ордендермен марапатталған.[2, 106].Бүгінде Бақтығали Бисеновтің қызы Роза Бақтығали қызы Бисенова Астана қаласында тұрады. Ал оның балалары Алматы қаласында еңбек етуде.Роза Бақтығалиқызы көп жылдар әкесі туралы мәліметтерді іздестірумен, жинастырумен айналысқан.Роза Бақтығалиқызы зейнеткер, мұғалім болған, көп жылдар комсомол, партия ұйымдарында қызмет істеген. Жанары өткір, сөзі мірдің оғындай, өте пысық, қазақша-орысша екі тілде сөйлейтін қайратты адам болған. [5, 646].Роза апай елге келіп, ауылдастары-мен, ақжайықтық жастармен жиі кез-десіп тұрады. Әкесі Б. Бисеновтің сонау аласапыран жылдарда салдырып кеткен аурухана-емхана ғимараттарына ескерткіш белгі тақта орнату салтана-тына (2013 ж.) қатысты. Әр жүздесуде жанары өткір, әңгімесін екі тілде бір-дей айтатын Роза ападан жастарымыз өткен уақыттың тарихи шындығы, бүгін тәуелсіздігіміздің қандай күш-жігер-мен, құрбандықтармен келгенін ұғары анық. Естуімізше, Базартөбеде Б. Бисеновке арналған мұражай ашу ісі қолға алынған көрінеді. Мектептерде оқыр-мандар конференциясы тұрақты өткізіліп келеді. Жалпы, оқушыларымыздың Алаш қайраткерлеріне қатысты қызығушылығы артып отыр. Жиырмасын-шы, отызыншы жылдар жылнамасы бойынша өткізетін сабақтарда жоғары сынып оқушылары алашшылардың ар-ман-тілегіне, отаншыл-ұлтжанды образына, аса білімдарлығы мен

тағдыр-трагедиясына қатысты сұрақтарды жиі қояды, өз бетімен ізденіп, баяндама-лар жасауға, сөйтіп, Алаш тағылымына терең үңілуге, олар қалдырған мол мұ-раны үйренугеқұштар.Ендеше, Бақтығали Бисенов есімі, барша Алаш арыстарының өнегесі еш-қашан ұмытылмайды, тәуелсіз еліміз-бен мәңгі бірге жасайды.[6,146].

Ұлт тарихы тек қана саяси, әлеуметтік-қоғамдық оқиғалардан ғана емес, сонымен қатар ұрпақ жалғастығынан, өміршең дәстүрлерден құралатыны да белгілі. Сол игі дәстүрлерден тағылым ала отырып, мемлекет, әлеумет, жеке адам күшін түзейді, бағытын айқындайды. Халқымыз жүріп өткен ұзақ жолдың шежірелі күндеріне көз салсақ, тарих ата жадына тоқыған талай тағылымды істерді көрер едік.Қазақ тарихының осындай белесті асуларының бірі – Алаш қозғалысы. Бүкіл қазақ даласын азаттық идеясына жұмылдырған бұл ұлы қозғалыстың тарихы мен тағылымы уақыт өткен сайын айқындалып келеді. Алаш қайраткерлері ұлтты ұлт ететін талай-талай шаруаны бастағаны, жолға салғаны белгілі.

Бүгінгі егемендігіміздің, тәуелсіздігіміздің тарихында Алаш атын аспандатқан арыстарымыздың үлесі орасан екендігі дәлелдеуді қажет етпейтіні ақиқат. Олар келер ұрпаққа қиыннан қиып жол салып, еркіндіктің отын өшпестей етіп тұтатып кетті. Бүгінгі тәуелсіздігіміздің іргетасы, бастауы – осы Алаш арыстары: Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Жаһанша, Халел Досмұхамедовтер, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаевтың т.б. Ақ Тумен көтерген тегеурінге бергісіз батыл, мемлекетшіл және отандық идеясы болатын. Алаш қайраткерлері атқарған тарихи міндеттің зор маңызы да осында.Елбасшысы Н.Назарбаев: «Алаштың» басты мақсаты қазақ қоғамын бірте-бірте өзгертіп, заманға бейімдеу еді. Бұл біздің жедел жаңғыру, яғни модернизация бағытымызға да сай келеді... Алаш арыстары бізге мемлекеттік идеясын ту етіп көтеруді табыстап кетті.«Күнбатыс» Алашордазиялыларыныңтүпкіойларыдербес ел болу еді.

Өзі ұсталғаннан кейін отбасын көзі ашық туысқандары кезінде Алматы қаласына жіберіп,ұрпағы өсіп,білім мен мамандық алып, елдің сыйлы азаматшалары болғандығын біз кейін ғана білдік. Әрине ұрпақтарының басынан кешкен қиындықтарын біз айтып жеткізе алмаспыз. Текті ұрпақ қиындықты көре жүріп,оқып білім алып, үлкен апаларымыз Ғазиза мен Нұрғали қызы Бисенова белгілі қоғам қайраткері, ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтың көп жылдар хатшысы болып,80-жылдарға дейін елімізде үздік машинка басушысы болып,көпшілік құрметіне бөленгенін, кейіннен Ғазиза апамыздың халық жазушысы Ғабит Мүсіреповтың жан-жары болып,жазушыны ақырғы сапарға шығарып салған адал жары болғандығын, көпшіліктің бірі білсе, бірі білмейтін анық. Артында қалған кіші қызы Роза Бисенова әкесі жөнінде көп еңбектеніп,ақыры 60-жылдары әкесін ақтап шығарулары, нағыз ерлікпен өжеттік,әке парызын өтеген үлкен жеңістері деп білемін. Сол жұмысты бұл күнде Астанада тұратын кіші кенже қызы Роза жалғастыруда. Жақында осы жылдың маусым айында Роза, ұлы Ерік Тоққулов Бақыш дәрігердің туыс-өскен, жұмыс жасаған елінде Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Базартөбе ауыл округінде болып, әкесі өз қолымен салған дәрігерлік дәріхананы, Бақыш атындағы мұражайға айналдыру мақсатында, сол үйдің қабырғасына Бисенов Бақтығалиға арналған ескерткіш тақта орнатуға қатысып, осы салтанатта ауданның ардагерлерімен, Ақжайық ауданының құрметті азаматтары Қазақстанның құрметті журналисті- Базарғали Қуатов еңбек ардагерлері: Мензипа Жұматова, қызы Роза, жиені Ерік Базартөбе ауылдық округі әкімі Амантай Сәлимовтер тебіреніп сөз сөйлеп, ағаны құрметпен еске алды. Роза өзі жинақтаған құжаттарын болашақ мұражайға тапсырды. [7].

XX ғасырда қазақ ұлтының маңдайына біткен асылдары Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, С.Сәдуақасов, М.Жұмабаев, М.Тынышбаев, С.Сейфуллин, Н.Нұрмақов, Х.Досмұхамедов, М.Шоқай, М.Әуезов т.б. қазақ ұлтының мүддесін қорғауда, қазақ ұлтының тілі мен тағдырына бей-жай қарамай елдік тұрғыда күресіп, бірігіп «Алашорда» үкіметін құруы бәрімізге тарихтан белгілі.Тарихта болып,

өзінен бұрын ұлт үшін ерен еңбек етіп, дегенмен тасада қалып қойып, есімі көп атала бермейтін тұлғалар қаншама. Сол тұлғалар туралы деректерді тауып, оларды бүгінгі күнде жаңғырту өскелең ұрпақтың әрбірінің қасиетті парызы екенін ескерсек игі. Сондай сом тұлғалардың ішінде қазақтан шыққан тұңғыш дәрігерлердің бірі Бақтыгерей Бисеновты даралап атауға негіз бар. Бақтығали Бисенов тек ақ халатты абзал жан ғана болып қойған жоқ, ұлт болашағына, оның әрі қарай қарыштауына Патша үкіметінің қылышын қынап тұрған қаһарлы дәуірінде де жан таласқан, сол тұстағы елжандылар Алашордалықтармен қатар аталатын (Батыс Алашорда қайраткері болған) тұлға екенін біреу білсе, біреу білмес. Қамшының сабындай қысқа ғұмырында ел үшін, туған жер үшін, туған халқының денсаулығының жақсы болуына бар күш-жігерін жұмсап, көптеген жұқпалы аурулардың бетін қайтару үшін жан тыныштығын көрмей шапқылап, ақыры бұл жалғаннан жазықсыз өте барды... Бірақ, оның артынан өшпестей ізіқалды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Алаш қозғалысы. - Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2008. - 324 б.,
2. ЗЕРДЕ// Егемен Қазақстан, 4 тамыз, 2020. -10 б.
3. Рымтай Сағынбеков «Жайықта қалды бір арман»//Түркістан газеті.
4. Алдаберген Кемпірбаев // Орталық Қазақстан газеті. -2009.-Б.4
5. Сүлейменова Д. Батыс Алашорда арыстар. – Орал, 2017.
6. Дана журналы. 2016 жыл, №8 (31)13-14бб
7. Роза Бисенованың естелігінен( Бақыш туралы бір үзік сыр).

## **ӘОЖ 94 (574)**

### **АҚЫН, ҚАЙРАТКЕР ҚАДЫР МЫРЗАЛИЕВ ЖӘНЕ ҚОҒАМ МӘСЕЛЕСІ**

**МУХАМБЕТОВ А.**

*М.Өтемісов атындағы БҚУ магистранты, Орал*

Өз ұлтының сонау қиын-қыстау кезеңдерінен бастап, иығына ауыр да, ардақты жүк артқанын Қадыр Мырзалиев жете түсініп, қай қызметте болсын қазақтың қадірін арттыру жолында өмір бойы қызмет етті. Айналасындағы қаумалаған ортаның тәрбиешісі бола білді. Қазақ қандай болу керек деген проблемаларын шешуге өз інің барлық ғұмырын арнады. Орта мектепті тәмамдап Қадыр: нағыз өнер, шын өнер - шығар шыңым, өмір көлге өлеңім-кұяр шыным- деп Алматыға жол тартып, университеттің студенті атанған алғашқы кезінде Мұхтар Әуезовты кездестіреді. Мұхтар Әуезов оған «Атыңды Қадыр деп қоюының мәні бар ғой, онда сен Қадыр түні, қасиетті түнде дүниеге келгенің ғой сірә, жақсы есім, жақсы нышан атыңа ісің сай болғай»- деп ишарат білдірген екен [1, 42 б.].

1920-1930 жылдардан бастап 1960 жылдарға дейін Қазақстан үшін үлкен проблема болған адамдардың бірі –Мұхтар Әуезов болған. Ол үнемі бір жақты сынның астында өмір сүрген. Мұхтар Әуезов елдің мемлекетік қоғамдық істеріне араласа жүріп, ұлтына адал қызмет қылған ұлтжанды тұлғалардың бірі ретінде Қадыр Мырзалиевке өзіндік үлгі болды. Кейін Сәбит Мұқановпен танысады [2, 16 б.]. 1960 жылы М.Әуезов Қадырдың бір шумақ өлеңін оқып тұрып, «Қадыр Мырзалиевтың өлеңдері маған ұнады, жұртшылық аузына түсе қоймаған талай оралымдар, шеберліктер сезілетін сияқты болады» -деген ұлағатты сөздері қалған екен [1, 43 б.].

Қадыр Мырзалиев үнемі халық арасында жүріп, халықпен үндес тұлғалардың бірі. Ол талай жыл түрлі басылымдарда жұмыстар атқарды. Көптеген авторлар мен олардың шығармаларына редакторлық еткен қаламгер өз идеялары мен ойларынан айырылып қала ма, әлде керісінше, түрлі мәліметтер арқылы байи түсе ме? Ия ол қызмет пен шығармашылық... Ол сол заманның ағымына қарсы жүре отырып, өзіне де, басқаға да жамандыққа жол бергізбей, барынша қорғап отыруға тырысты. Қадыр Мырзалиевтің балаларға арналған туындыларына басқа барлық шығармаларында сол заманның идеялогиясының көлеңкесінде, бірақ естір құлаққа түсінікті болып тұратын жайттарды, қоғамның бейнесін шынайы көруге болады.

«— Сен жассың ғой, сенің артыңда өзіңнің буының тұр. Сенің артыңда біздің болашақ бар. Мен ғана емес, басқалар да солай ойлайтын шығар, саған бір нәрсені айтайын: билік пен кресло, байлық деген нәрселер өнерге қайшы келеді. Оны бұзады. Қазақ әдебиетінде керемет ақындар, жазушылар болды. Мысалы, Сәбит Мұқанов жаман жазушы емес. Ол кісілер ақылдылығымен жұмыс істеді. Бірақ одан артыққа бара алмайды. Өйткені үкімет оған креслоны жай берген жоқ. Өзінің, совет үкіметінің тенденциясын жүргізіп отыру үшін берді. Ғабит те істеді сол жерде, Ғабиден де істеді. Ал Әуезов істеген жоқ. Ол партияда жоқ еді. Өз субъективті ойым, егер Әуезов партия мүшесі болса, «Абай» романын жаза алмауы да мүмкін еді. Ол ретін тауып диссертациясын қорғап алған, доктор, профессор болатын. КазГУ-де сабақ берді. Соның арқасында күн көруіне мүмкіндік туды. Ал егер қарапайым біреу болса далада қалады ғой. Егер сол коммунистік партиясының мүшесі болса қайтер еді? Онда ананы тағы да жаза алмайды. Бұл әдебиеттің өзі – сайып келгенде, тағдыр» [3, 61-62 бб.] – деп жазды шығармасында. Ия, шын мәнісінде кеңестік кезеңнің азаматы ретінде Қадыр Мырзалиевке үкіметтік тараптан сан қырлы тексерістер мен шектеулер қойылса да, ұлтқа қызмет етуден жалықпаған қайраткер өмірінің соңына дейін сол қарапайымдылығы мен, ең маңыздысы қазақшылығын жоғатпады.

Сол қызыл империяның заманында жағаласа жүріп, өз шығармаларындағы көрсетілгендей, өзінің қоғамдық салалардағы қызметтерінде ел үшін, қазақ ұлты үшін сіңірген еңбектері күні бүгін өлшеусіз қызмет. Қадыр Мырзалиевтің өзі мұндай жағдайларды баяндай келе, «Жазмыш» шағырмасында былай дейді:

«Мысалы, Фадеевті ешбір адам жаман жазушы деп айтпайды. Бірақ ол қанша роман бастап, қаншасын аяқтамады. Ойы жақсы болғанмен аяқтай алмайды. Өйткені ол не фальш, өтірікпен аяқталу керек я шындықты жазып Совет Одағына қарсы шығу керек. Сондықтан ол аяқтамады. Тек бір бітіргені революцияның алғашқы кездеріндегі «Разгром» («Тас-талқан») деген шағын романы. Оның классикасы сол. Сөйтсе, ол өз қоғамымен қайшы келген екен. Сол кезде жүріп жатқан саясатты, соның ішінде әдебиет саласын қайта қарау керектігін айтып Сталинге де хат жазған. Біраз адамның өліміне жеке қатысы болмаса да сотталған адамдарға қарсы қол қою керек болған. Сол арқылы оның дұшпандығын анықтайды. Жалпы Ресейді, барлық ұлттарды жақсы көрген табиғаты адал ондай жанға бұл өте ауыр болды. Әдебиеттің тарихына сақ болу керек. Паустовскийдің естеліктер кітабында айтқаны бар, Фадеев Әдебиет институтында сабақ береді. Онысы қызық, лекция оқылмайды, тек семинар. Алты-жеті не он шақты адамы болады. Тапсырма беріледі. Олар әңгіме жазады. Сосын оны талдайды. Сондай бір сабақ үстінде шәкірттеріне ашық тұрған терезеден аулада үлкен сыпырғышпен көше тазалап жүрген адамды нұсқап, «Ананы танисыңдар ма?» деп сұрайды. Ешкім білмейді. «Бұл орыстың ұлы жазушысы Андрей Платонов», - дейді. Ол кезде оны тіпті сол студенттердің өзі білмейді... Сол Фадеевті қазір оқулықтан алып тастады. Ал Платонов кірді. Көрдің бе? Ол кезде Булгаковтар ауырып, төсек тартып жатты, әйтеуір сотталған жоқ. Әдебиетте саған көзіңнің тірісінде қоғамның берген бағасы – анық баға емес. Теңіздің де толқып-толқып тынышталатын кезі болады, мына Каспийдің өзіне таныс қой, сол сияқты қоғамдық толқулардан кейін барып анықталады. Абайдың өзіне тиіскендер де болды, феодал деп. Мәселе онда емес қой. Орыстың да, Еуропаның да ең

мықты адамдары, ақсүйектердің өзі түгел халықтың жағында болған. Оны ертең мұғалім боласың ба, өзің әдебиетші болып ары қарай жалғастырасың ба, сонда ескеретін бір нәрсе – бүгіннің бағасы анық баға емес. Оған иманындай сен. Мысалы, мен туралы жұрт жақсы пікір айтады. Мен пенде ретінде соған сенем. Бірақ осы бағамды басқа бағытқа қарсы жұмсағандығым үшін алдым. Көп мақтап жатқанда мен өз заманыма өз бағамды беруге тырыстым» [4, 62 б.].

Қадыр Мырзалиев сондай ХХ ғасырдың 50 жылдарынан бастап 90 жылдарға дейін қай салада қызмет жасасада қаламын кептірмей шығармаларын жазумен болды. Сол қоғамдық қызметте жүрген жылдары жарық көрген еңбектерінде көбіне қалам мен заман жайлы айтып отырады. Бір сұхбатында «Менде черновик болмайды. Өйткені қарындашпен жазамын. Ұнамаған жерін қайта жөндеймін», - деген сөзі бар [2, 35 б.]. Ал бірқатар қаламгерлер жазған-сызғандарын заманына қарай бейімдеп түзеп, күзеп отыратыны байқалады?

«Мен Ленин туралы поэма жаздым. Оны кейінгі кітаптарыма, көптомдықтарыма енгізген жоқпын. Лениннің заманы өтті дегеннен емес. Мен соны бала кезде жазғандығымнан, объектіме толық баға бере алмағандығымнан. Бірақ мен сол поэмадан бас тартпаймын. Ленинді Ресейдің өзі бекер жоққа шығарады. Неге жек көреді? Себебі, Ресей үлкен ел, әрі өздеріне ғана тән армандары бар еді. Ал Ленин патша үкіметін құртқан адам. Оның артында қаншама адамдар, қаншама тағдырлар бар. Сондықтан...

Мен не болса да өзімнің деңгейімде, заманыма лайық нәрселер жазуға тырыстым. Өз бағанды көтеру үшін біреудің бағасын түсіріп керегі жоқ. 50-60 жыл бойы біздің жазушылардың көбі қоғамға, қоғамды басқарып отырған партияға жағуды ойлады. Мальцев деген орыс жазушысы болды, төрт рет Сталиндік сыйлық алған адам. Мен сонымен Бүкілодақтық Жазушылар съезінде қатар отырдым. Ешқандай бағасы жоқ. Тіпті әдебиетші ретінде ол жоқ қазір. Ал сол кезде шығармасын бастыра алмай жүрген Платонов қазір классик» [5, 167 б.] - деп кеңестік замандағы әділетсіз идеологияның қазіргі кезеңде мүлде кереғар саясат екендігін ашық әшкерелегенін байқаймыз.

Бүгінгі күнге оралсақ, 2008 жылдың басында «Қазақ әдебиеті» газетінде еліміздің бір топ қайраткерлері бірігіп «Саралайтын кезең келді» деген үндеу-хат жариялады. Үндеудің жаршыларының ішінде елімізге танымал Әбіш Кекілбаев, Қадыр Мырзалиев сияқты басқада бірқатар ақын-жазушылар, зиялы қауым бар. Сол ашық хаттың қоғамда, әдеби, мәдени ортада әсері, ықпалы болды ма деген сұраққа 2008 жылы журналистерге берген сұхбатында Қадыр Мырзалиев төмендегідей ойларын білдіреді:

«– Шын мәнінде, нақтылы келетін болсақ, ол ықпалдың қаншалықты екендігін ешкім де анықтай алмайды. Мәселе сол хаттың жазылғандығында, соған белгілі бір адамдардың қол қойғандығында және белгілі бір адамдардың қол қоймағандығында. Осы. Арғы жағын уақыт өзі анықтайды» [6, 1 б.].

Бір сұхбатында «Мен бала кезімнен тәрбиені адамдардың қас-қабағынан үйрендім» деді. Сондай-ақ ақын «Бір өлең-бір әлем» мүшәйрасынан бас жүлде алған «Не істеуге болады?» атты өлеңінде:

Ханыңа жақсаң қаралар қарап күдікпен,

Теріс мінгізіп жіберер сені есекке!- дейді [2, 36 б.]. Енді бір жолында тіпті «Тоқалға жақсаң быт-шыт болады бәйбішең!» дейді. Мұндай заманда сонда ақынның ойынша шынында да не істеу керек? Бұған өзінің еңбектерінде өзі жауап береді:

«Демократиялық кезде біз осындай өлең жазуға ғана қол жеткіздік. Соның өзі де жеңіс деп есептеймін. Бір кездері оны да айтқызын жоқ. Мен 5-6 жыл «Жазушы» баспасының поэзия редакциясын басқардым. Біздің кезімізде цензура күшті болды. Мен Социалистік Республикалар Одағы тұсында қорғаған бір-ақ нәрсем бар. Сол цензураны қорғадым. Қалғандары адамға тән кемшілік, адамға тән қасиет, сондай нәрселер ғана. Оппозиция деген бар. Бұрын «Анау дұрыс айтқан жоқ» дейтін материалдар басылмайтын. Қазір ашық айтылады. Тек бір ғана нәрсеге риза емеспін.

Сол оппозицияны ауырсынамыз. Оппозиция деген – мәдениеттің ең жоғарғы түрі. Егер баяғыдай бір партиялық болса, оның кемшілігін ешкім айтпаса, сонда ол қалай түзеледі? Менің жазып жүрген афоризмдерім бар, кітап болып та шықты. Сонда «Оппозиция – әйеліңнен басталады» дегенім бар. Ол сенің жанашырың. «Бабалардың шоқ басқан табанымен, Бірдей екен жақсысы жаманымен,- деп елді тарихи тұрғыдан таразылап көруге тырыстық.

– Безбен деген – субъективті нәрсе, әсіресе, ақын адам, өнер адамы үшін. Бәрібір мен жазған сол өлең біразға дейін өз күшінде қалады. Сонда айтылған нәрселердің көбі әлі бар. Бірақ онда мен соған бір анықтама берейін, баға берейін дегем жоқ. Менде бір-ақ ниет болды. Өлеңнің артында айтылады ғой:

«Бір жаманы сонда да үй салмаған,

Бір жақсысы абақты тұрғызбаған»,- деген [3, 59 б.]. Қазақтарда сол абақты болмағандығын айту үшін үй салмағандығын қоса жаздым. Алдыңғы салыстырулардың бәрі де тек ана сөзді ақтау үшін айтылды. Өйткені ол кезде оларды бастыру өте қиын болатын. Сол өлеңді жазған кезде Ақтөбеде қазақ әдебиеті мен өнерінің күндерін өткізіп жүрдік. Бізді басқарып барған Ғабит Мүсірепов болатын. Ол соңғы жылдары біз біраз туыстас ретінде араласып, көптеген істерді қатар атқардық» [3, 60б].

1960 жылдары Қадыр Мырзалиев редакцияда қызмет жасаған кезінде «Ой орманы» кітабын жариялайды. 1966 жылы бұл кітап үшін кезінде Қадыр Мырзалиевке Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атағы беріледі. «Ой орманы»-автордың азаматтық келбетін танытқан кітап. Мұнда Қадырдың ешкімге ұқсамайтын айрықша өз бітімі мен мінезі бар. Ақындық бітім, ақындық мінез мағынасында айтып отырмыз [7, 209 б.].

Қадырдың қызметті жүрген жылдарында кездескен түрлі қиындықтар мен қоғамның әділетсіздігі, шарасыздық тағы бақа да проблемалар оның осы туындысында көрініс тапты. Кітаптағы өлеңдердің тақырыбы мен мазмұны-адам, адамға тән алуан түрлі сезімдер, ойлар, толғаныстар, адамның өмірге көзқарасы, адамның табиғатқа қарым-қатысы, сайып келгенде, адамның тағдыры мен тіршілігі. Бұлардың қай-қайсысы да тақырып-мазмұн ретінде жаңалық емес, сан рет толғанған сырлар, жырланған шындықтар, әбден шиыр болған тақырыптар мен мазмұндар. Бірақ осы тақырыптар мен мазмұндардың қандайы болмасын Қадыр Мырзалиевтың еңбектерінде жаңа қырынан, бұрын-соңды ешкім айтпаған мағынада, тың пішінде көрінеді. Мәселен, бір өлеңде «биікке шықпағандардың биіктен құламайтыны» оқыс айшықпен ойнақы кестеленіп, бір өлеңде «қателесем деп қорқудың өзі-қателік» екені ұтымды жеткізілсе, енді бір өлең даңқ туралы; даңқ деген де бір шың секілді, шың басына шыға алмай, «етекте қалғандардың іші күйсе, басына шыққандардың басы айналатынын» майда, жұмсақ юмормен аңғартады. Осылардың бәрі әшейін ауызекі айтыла салмайды, әсем өрнекпен, ақындық шабытпен шебер айтылуының үстіне, әр оқушының өзі ойлап, іздеп тауып алғандай құпия сырмен, қызық астармен айтылады. Ақынның қоғамдағы қызметінің күрделілігі, қиыншылығы, дәрменсіздігі ойлылығы дегеннің өзі осыдан көрініп тұр.

Әрбір шын мәніндегі суреткер секілді Қадырдың да кешегі жыры-Адам туралы болатын, бүгінгі жыры да-Адам туралы, ертеңгі жыры да – Адам туралы болмақ.

Ал адам, оның тағдыры тіршілігі әдеби шығармада әрқашан белгілі бір уақыт пен кеңістікте көрсетілуі шарт. Демек, Қадырдың Адамы да мезгіл-мекенсіз әлдебір абстракциялық нәрсе емес. Сондықтан Мырзалиев поэзиясына үзілмейтін өзекті желі боп тартылып, жан-жақты ашыла суреттеліп, жиіңқала тұлғаланып келе жатқан бір күрделі образ бар. Ол қазақ даласының образы. Осынау шетсіз-шексіз кең далаға, өзінің туған даласына Қадыр «Ой орманында» бір бөлім арнап айрықша бір мол шабытпен көкірегін кере, мақтана сөйлеп; «Уа, дала! Кеңдігіңе тамсандым көп, айта алман бәрін жазып тауса алдым деп. Сен алып-алып пластинка дөңгеленген, инең бол тұрады ылғи

ән салғым кеп!»-десе, соның іс жүзіндегі дерегі секілді келесі кітабын түп-түгел далаға арнап, түп-тура «Дала дидары» деп атады.

Қадыр Мырзалиев 1968 -1973 жылдар аралығында «Жазушы» баспа орталығының редакция меңгерушісі қызметіне тағайындалады. Ол кезде бұл баспа орталығы еліміздегі аса құрметті орындардың бірі болатын. Осы қызметте жүрген жылдарында Қадыр ақын көптеген ақын-жазушылар мен сырлас болып, көптеген маңызды мәселелерді бірлесіп шешеді [8, 63 б.].

«Дала дидарында» тек сырт қарағанның өзінде көзге бірден шалынатын бір түрлі бір композициялық бірлік, тың келісім бар. Кітаптағы төрт бөлім өзара тұтасқан төрт алуан сыр мен шындықты желілі, арнаулы түрде тарата жырлап жатса, осылардың ара-арасында ақын үш мәрте арнайы лирикалық шегініс жасп, оқырманын өзгеше бір толғаныстарға түсіріп, оның сезімін тербейді. Сөйтіп, ақын мен оқырманның көңіл күйлері өзара тағы бір тың үйлесім, үндестік тапқандай болады [8, 140 б.].

Ал мазмұн жағынан келсек, мұндағы жүз өлең бір идеялық мақсатқа жарыса жол тартқан тағы да тұтас толғамды сыр, толқынды жыр. Мысалы, «Көне заман көріністері» атанған бірінші бөлім бір ғана басты тақырыптың кезеңді құбылыстарын жан-жақты әрі қаз-қатар тарихи мәтінде толғайды: «Жар-Жар», «Күрес», «Барымта», «Көкпар», «Қыз қуу»...осылардың әрқайсысында байырғы көне ауылдың әр алуан шындығы әр қырынан көрініп кеп біртұтас бейне-дала дидарын алдымызға тартады. Сонда бір өлең осы даланың күлкісі мен қуанышы болса, енді бір өлең қайғысы мен көз жасы, бір өлең әні мен назы болса, енді бір өлең мұны мен зары, бір өлең күші мен ірілігі болса, бір өлең әлсіздігі мен күйкілігі...секілді өзара өріліп-тұтасып, өріліп-тұтасып кете барады. Жоқ, кете бармайды, ақын өзі суреттеп отырған шындық құбыластардан қызық-қызық ойлар, философиялық байыптаулар, парасатты түйін-тұжырымдар қорытып отырады [9, 5-12 бб.].

Мәселен, «Бабамыздың шоқ басқан табанымен, бірдей екен жақсысы жаманымен: бір жаманы-тынымсыз көше берген, бір жақсысы қимаған даланы кең. Бір жаманы-жел сөзге ерген екен, бір жақсысы-тілге ерік берген екен: бір жаманы-кетпенге орашалақ, бір жақсысы-найзагер, мерген екен. Бір жаманы-кешігіп әліппе ашқан, бір жақсысы-күйлері көбік шашқан; бір жаманы-қыздарын малға сатып, бір жақсысы сүйгенін алып қашқан. Бір жаманы-шаруасын мандытпаған, бір жақсысы-қулықпен жанды ұтпаған; бір жаманы-үйленіп жеңгесіне, бір жақсысы-жесірін қаңғытпаған. Тату-тәтті көршілер шыр бұзбаған, бірде тоңып суықта, бір мұздаған; бір жаманы-сонда да үй салмаған, бір жақсысы-абақты тұрғызбаған!...» Міне, бұл-бір жағынан, осыған дейін әр қырынан суреттеліп дала шындығын енді бірде ойша байыптаудан туған жиынтық-синтез болса, екінші жағынан, байтақ далада ғасырлар бойы ғұмыр кешкен бүтін бір халықтың бір алуан мінез-құлқы екені даусыз [9, 105-106 бб.].

Қ.Мырзалиев – қазақ қоғамында әр шаңырақтың, әрбір жанның ол мейлі саяси тұлға болсын, қарапайым ауыл адамы болса да жүрегіне ой салатын, ұлттық намысын оятып, мінбелерде сөйлеген сөзінде артына барлығын бірдей ертіп, ұлтшылдықтың, елжандылықтың үлгісін көрсеткен тұлғалардың бірі болды.

Қ.Мырзалиев қазақ халқының поэзия әлемінде өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан, жылдан-жылға оқырмандары көбеймесе, азаймайтын ақындарымыздың бірі. З.Қабдолов пікірімен айтсақ: «...Әр өлеңде және жинақтағы бар өлеңде автор мөп-мөлдір шындықты тап-таза ағысқа, ақындық ағысқа айналдырып, соншалық бір кең тыныспен еркін, ешқандай қитықсыз, есіле, көсіле жырлаған. Әр өлең кәдімгі қиыннан-қиысу жағынан жасандылықтан аулақ, соншалық табиғи, тіпті оп-оңай құйыла салған секілді» [10, 209 б. ].

Қ.Мәшһүр-Жүсіп «Қадыр Мырзалиев шеберлігі» мақаласында «Қазақ ақындары ішінде Қадыр Мырзалиев әр жинақ сайын өзін-өзі қайталамауымен, әр кітабын белгілі бір тақырыпқа құрып, біріндегі ойды екіншісінде алға апаруымен, сөйтіп, күрделі өмірді неғұрлым жан-жақты бейнелеуімен ерекшеленеді» [10, 211 б. ].

Қадыр Мырзалиев қазақ елінің ұлтжандылығы мәселесімен ғана айналысып қоймай, елдің экономикасы мен экологиясы мәселесінде де өзіндік қолтаңба қалдырған тұлға. Үзіндіде биік тау деген сөз жоқ, бірақ жай судың емес, өзен суының ақ көбіктеніп, құлауына қарағанда, сонымен бірге ат-көліктің өте алмауынан таудың биік екендігін аңғарамыз. «Топ еткенде апорты Алма ағаштан, Біреу қағып түскендей естіледі» [11,19 б.].

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ақбай Ж. Қадыр. Орал, Полиграфсервис, 2011. -164 б.
2. Мырза Али Қадыр. Иірім. –Алматы, Атамұра, 2004.-360 б.
3. Мырза Али Қадыр. Таңдамалы туындыларының көп томдығы. –Алматы, Қазығұрт, 2001. Т-1: күміс қоңырау: өлеңдер, мысалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ертегілер, диалогтар, мазақтамалар. -480 б.
4. Мырза Али Қадыр. Жазмыш. –Алматы, Атамұра, 2004.-480 б.
5. Мырзалиев Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. Т.1. –Алматы, 1997. -287 б.
6. <http://archive.turkystan.kz/page>
7. Тарихи тұлғалар. Танымдық көпшілік басылым. Құрастырғандар Тоғысбаев Б., Сужикова А. –Алматыкітап, ЖШС, 2006. -376 б.
8. Мырза Али Қадыр. Көкейкесті. Өлеңдер мен толғаулар. –Алматы, Атамұра, 2003.-280 б.
9. Мырза Али Қадыр. Егіз жолдар. –Алматы, Жазушы, 2008.-320 б.
10. Мырза Али Қадыр. Көкейкесті. Өлеңдер мен толғаулар. –Алматы, Атамұра, 2003.-280 б.
11. Дәдебаев Ж. Қазіргі қазақ әдебиеті: Лекциялар курсы.- А.: Қазақ университеті, 2003.- 284 б.

# **КУШАЕВ ОҚУЛАРЫ**

халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы

\*\*\*

Сборник международная научно-практическая конференция

## **КУШАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ**

**Компьютерде беттеген және дизайн:** Кужалиева В.М.

**Техникалық редакторлар:** Сахметова С.К.

---

*Көлемі 13,6 б.т. Таралымы 500 дана. Офсет қағазы. Тапсырыс № 62  
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің редакциялық  
баспа орталығы.*

*Орал қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 162*